

Барлық елдердің пролетарлары, бірігіңдер!

Қазақстан **КОММУНИСТІ**

8

АВГУСТ
1962

АЛМАТЫ

ҚАЗАҚСТАН КП ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІ ЖАНЫНДАҒЫ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ
ГАЗЕТ-ЖУРНАЛ БАСПАСЫ

Қазақстан КОММУНИСТІ

ҚАЗАҚСТАН КП ОРТАЛЫҚ
КОМИТЕТІНІҢ ТЕОРИЯЛЫҚ
және САЯСИ ЖУРНАЛЫ

ХІІ жыл ШЫҒУЫ

№ 8

А В Г У С Т

1962

М А З М Ұ Н Ы

БАС МАҚАЛА — Қазақстан астығы—ел байлығы	3
Жаппай қарусыздану — заман талабы	9
М. БЕЙСЕБАЕВ — Колхоз-совхоз өндірісіне басшылық жақсара берсін	15
Б. САДУАҚАСОВ — Жаңа белесте	20
Ш. ҮРПЕКОВ — Түсті металл байлығының көзі	25
Г. ЧЕРНОВ — Сауын сиыр фермасын механикаландыру тәжірибесінен	29
Р. БЕРДІБАЕВ — Шығарма және характер	33

КОММУНИЗМ ҚҰРЫЛЫСШЫСЫНЫҢ МОРАЛЬДЫҚ КОДЕКСІ ТАҚЫРЫБЫНА

М. САДЫҚОВ — Адам — адамға дос	38
--	----

ПАРТИЯ ТҮРМЫСЫ

С. КЕНЖЕБАЕВ — Идеологиялық жұмыстағы қоғамдық негіз	43
Н. ГАГАРИН — Коммунист — ардақты атақ	48
О. МАЛДЫБАЕВ — Жаңа жағдай, жаңа талап	52
Ә. ӘБІЛДАЕВ — Өнегелі насихатшы	56

ОҚУШЫЛАР СҰРАҒЫНА ЖАУАП

Ә. ЕЛШІБЕКОВ — Шетелдік «жәрдемнің» Түркия экономикасына зардабы	59
---	----

ХАТ-ХАБАР

Қ. СҮЛЕЙМЕНОВ — Ұлы ескерткіш	64
Қ. ӘЛИАСҚАРОВ — Егін жинау—кәзіргі айбынды міндет	69
Ш. МҰРТАЗАЕВ — Бұршақ өсірудің шебері	73

БАСПАСӨЗГЕ ШОЛУ

Мақтадан мол өнім алу күресінде	77
---	----

СОДЕРЖАНИЕ

ПЕРЕДОВАЯ — За большой казахстанский хлеб!	3
Разоружение — властное веление времени	9
М. БЕЙСЕБАЕВ — Конкретно и оперативно руководить колхозно-совхозным производством	15
Б. САДВАКАСОВ — Новые рубежи	20
Ш. УРПЕКОВ — Комплексное использование сырья—важный резерв производства	25
Г. ЧЕРНОВ — Из опыта механизации молочно-товарных ферм	29
Р. БЕРДИБАЕВ — Художественное произведение и характер	33

МОРАЛЬНЫЙ КОДЕКС СТРОИТЕЛЯ КОММУНИЗМА

М. САДЫКОВ — Человек — человеку друг	38
--	----

ПАРТИЙНАЯ ЖИЗНЬ

С. КЕНЖЕБАЕВ — Общественные начала в идеологической работе	43
Н. ГАГАРИН — Высокое звание коммуниста	48
О. МАЛДЫБАЕВ — Работа в новых условиях	52
А. АБИЛЬДАЕВ — Беседы пропагандиста	56

ОТВЕТЫ НА ВОПРОСЫ ЧИТАТЕЛЕЙ

Э. ЕЛЬЧИБЕКОВ — Пагубные последствия иностранной «помощи»	59
---	----

ПИСЬМА И КОРРЕСПОНДЕНЦИИ

К. СУЛЕЙМЕНОВ — В музее К. Маркса и Ф. Энгельса	64
К. АЛИАСКАРОВ — Уборка урожая — боевая задача дня	69
Ш. МУРТАЗАЕВ — Мастер своего дела	73

ОБЗОР ПЕЧАТИ

Межрайонная газета в борьбе за хлопок	77
---	----



Қазақстан астығы — ел байлығы

Коммунистік партия ауылшаруашылық өнімдерін көп өндіруге, елімізде азық-түлік молшылығын жасауға күнделікті көңіл бөліп келеді. Тарихи XXII съезден бері де ауыл шаруашылығын мықтап өрте бастыру мақсатында бірқатар күрделі шаралар жүзеге асырылды. Соның бірі — Орталық Комитеттің март Пленумы белгілеген колхоз-совхоз өндірісін онан әрі дамыту программасы. Март Пленумының шешімдеріне сәйкес ауыл шаруашылығын басқарудың жаңа органдары — өндірістік басқармалар құрылды. Басқарудың ескі әдістері кәзіргі талапқа сай келмеді, ауыл шаруашылығын шұғыл көтеруге жарамай қалды. Ал, жаңа органдарды алатын болсақ, олар тікелей колхоз және совхоз өндірісін басқару үшін құрылып отыр. Бұл органдар — ауыл шаруашылығына басшылық етуде жаңа, негізгі буын.

Ауыл шаруашылығының барлық саласын шапшаң өркендету — партияның XXII съезінің шешімдерін бұлжытпай орындаудың бірден-бір кепілі. Кәзір бүкіл совет халқы болып астық, ет, сүт молшылығын жасау жорығына аттанды. Бізде ауыл шаруашылығына материалдық-техникалық көмек жеткілікті. Биылдың өзінде колхоздар мен совхоздар тракторлар мен комбайндарды, автомобильдерді, минерал тыңайтқыштарын өткен жылға қарағанда едәуір көп алды. Ет пен майдың сатып алу бағасының арттырылуы колхозшыларды материалдық жағынан ынталандыра түсті, мал шаруашылығын өркендете беруге қолайлы жағдай туғызды. Ал шөптанапты жүйенің қалдықтарын жою егістік жерлердің құрылымын жақсартты.

Партия мен үкіметтің соңғы кездегі бұл ірі шаралары — Қазақстан ауыл шаруашылығын өркендетуде де биік белес. Партияның Орталық Комитеті мен Совет үкіметі таяуда біздің республиканың совхоз жұмысшыларына, колхозшыларына, өндірістік басқармалардың мамандарына, кәсіпорындары мен мекемелерінің жұмысшылары мен қызметшілеріне, коммунистері мен комсомолецтеріне, барлық еңбекшілеріне арнап Үндеу жазды. Мұның өзі — партия мен үкіметтің Қазақстанға деген аталық қамқорлығының тағы бір жарқын көрінісі. Өзінің Үндеуінде КПСС Орталық Комитеті мен СССР Министрлер Советі республика еңбекшілерін биылғы егін жинауды ұйымшылдықпен өткізіп, астық дайындау жоспарын мүлтіксіз орындауға шақырды.

Қазақстанның барлық еңбекшілері бұл Үндеуді аса маңызды саяси документ, айбынды жұмыс программасы ретінде қарсы алды, партия, кәсіподақ, комсомол активінің жиналыстарында, Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің осы жылы июльдің аяқ кезінде Целиноградта өткен Пленумында республика тың игерушілерінің, барлық еңбекшілерінің Үндеуге байланысты міндеттері кең сөз болды.

Үндеуде атап көрсетілгендей, биыл елімізді астықпен қамтамасыз етуде Қазақстанның орны ерекше. Мемлекеттік жоспар бойынша республика колхоздары мен совхоздары Отан қоймасына 850—868 миллион пұт, оның ішінде Тың өлкесі 665—681 миллион пұт астық құюға

тиіс. Республикамыздың барлық жерінде егін бітік шықты. Қазақстан биыл Отанымызға бір миллиард пұт астық бере алады. Қазақстанның мол астығы жолындағы қажырлы күресте негізгі ауыртпалық Тың өлкесіне түседі. Тың өлкесінің биыл мемлекетке 700—710 миллион пұт астық сатуға нақты мүмкіндігі бар.

Қазақстан ауыл шаруашылығының еңбеккерлері, тың игерушілер көктемгі егіс күндерінде қажырлы еңбек етті. Республикада 27 миллион 642 мың гектар жаздық дақыл, оның ішінде 18 миллион 257 мың гектар бидай егілді. Өткен жылмен салыстырғанда жаздық дақылдардың егіс көлемі 2 миллион 672 мың гектар ұлғайтылды, оның ішінде бидай өткен жылғыдан 1 миллион 439 мың гектар көп егілді. Жүгерінің, асбұршақтың, қант қызылшасының егіс көлемі едәуір арттырылды.

Міне, осыншама орасан зор көлемдегі егінді дер кезінде шашпай-төкпей жинап алу—онай жұмыс емес. Мұның өзі жанқиярлықпен күш жұмсауды, асқан ұйымшылдықты, қатаң тәртіпті, ересен ерлікті керек етеді. Жергілікті партия, совет, кәсіподақ, комсомол ұйымдары, совхоз жұмысшылары мен колхозшылар, өндірістік басқармалардың мамандары мұны жақсы түсініп, өздерінің ұлы жорықтағы жауапкершілігін кәміл сезініп отыр. Егінді бітік өсіру бар да, оны ысырапсыз жинап алу бар. Егінді кезінде шашпай-төкпей жинап алу, Үндеуде көрсетілгендей, «...жетіжылдықтың төртінші жылының тапсырмаларын орындауға барлық резервті, барлық күшті жұмылдыруға тиісті партия, совет және шаруашылық қызметкерлері үшін елеулі сын болып табылады».

Кәзір оңтүстік облыстар егін жинауды аяқтап қалды. Ал Батыс Қазақстан өлкесі мен Тың өлкесінде егін орағы қызу жүріп жатыр. Осы өлкелердің жеке шаруашылықтары егіннен мол өнім алуда. Мәселен, Батыс Қазақстан өлкесінің Ақтөбе облысында қара бидай мен арпаның, бидай мен тарының түсімі мол. Ақтөбе облысы енді мемлекетке бұрынғыдай 27 миллион пұт емес, 52 миллион пұт астық сатуға міндеттенді. Алдыңғы қатарлы совхоздар мен колхоздардың тәжірибесі егін жинау мен астық тапсыруды қысқа мерзімде өткізуге болатынын дәлелдеп отыр. Ораққа мұқият әзірленген, егін даласында еңбекті дұрыс ұйымдастырған, әрбір машинаны өнімді пайдаланған, механизаторлар мен шоферлердің тегіс нормасын орындауын қамтамасыз еткен жерлерде егін жинаудың қарқыны жақсы.

Бірақ бұл маңызды науқанды өткізуде елеулі кемшіліктер орын алуда. Оңтүстік Қазақстан өлкесі мен Алматы облысының егін орағына кіріскеніне айдан асып кетті. Соған қарамастан бұларда егін жинау мен мемлекетке астық тапсырудың барысы мәз емес. Әсіресе, Алматы, Сарыөзек, Қаскелең, тағы басқа территориялық басқармаларында егін жинау мен астық тапсырудың қанағаттанғысыз жүргізілуі—төзгісіз жағдай. Оңтүстік облыстардың партия, совет ұйымдары, өндірістік басқармалардың басшылары, партия ұйымдастырушылары егін жинау жұмыстарында қарқын туғызбады, егінді тез жинап алуға, астық тапсыру жөніндегі міндеттемелерді орындауға барлық еңбекшілерді, коммунистер мен комсомолецтерді жұмылдыра білмеді. Оңтүстік Қазақстан өлкесі мен Алматы облысының көптеген колхоз, совхоздары егін орағына әзірліксіз кірісті, комбайн жөндеу жоспарын орындамады.

Оңтүстік облыстардың партия, совет және шаруашылық органдары егін орағын тым ұзаққа созып жіберді, астық ысырабына жол берді. Қолда бар техникаға қарағанда оңтүстік аудандардың дәнді дақылдар жинауды 20—25 жұмыс күні ішінде бітіруіне болатын еді. Оңтүстік облыстарда уақытты ұту үшін, егін ысырабын болдырмас үшін бөлектеп ору әдісін қолдануға зор мүмкіндік бола тұрса да, көптеген шаруашылықтарда егін бөлектеп орылмады.

Бұдан туатын қорытынды, тың игерген аудандарда орақтың мерзімін барынша қысқарту керек, егін жинау мен астық тапсыруды өте

шапшаң аяқтау керек. Тың өлкесінде дәнді дақылдар жинау мен мемлекетке астық тапсыруды 10 сентябрьден кешіктірмей аяқтап шығу міндеті қойылып отыр. Тың өлкесінің колхоздары, совхоздары егін орағына кірісіп кетті, бірақ жүздеген комбайн мен жатка жөндеусіз қалды. Әсіресе, Есіл, Рузаев, Баранкөл, Аманкелді, Октябрь сияқты ірі астықты аудандарда жүздеген комбайндар мен жаткалардың ораққа қосылмау қаупі бар. Өлке партия ұйымдары, ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіру және дайындау орындары, өндірістік басқармалардың басшылары биылғы жылдың астығын жинауға әзірлікті күнілгері қолға алмады, техниканың дер кезінде жөнделуін қамтамасыз ету үшін батыл шаралар қолданбады. Өткен жылдардың қателіктерінен тиісінше сабақ алу қажет. Өткен жылдары сан мыңдаған машина жөндемей қалып, егін жинауға қатыспағанын естен шығаруға болмайды. Кәзіргі ең басты мәселе — техника мен кадрлар.

Партия мен үкімет тыңдағы совхоздарды техникамен жабдықтауға жылма-жыл қамқорлық жасап келеді. Кәзір тың даласында әлденеше ондаған мың трактор, комбайн, автомашина жұмыс істейді. Мынаны айтсақ жеткілікті. 1959 жылы республикамыздың тыңдағы аудандарына 20 мың трактор жіберілген еді, 1960 жылы 27 мың, 1961 жылы 30 мың трактор жіберілді. 1960 жылы 13 мың астық комбайны берілген еді, ал 1961 жылы 25 мың астық комбайны берілді. Совхоздар жүк автомобильдері мен жаткалардан да кенде емес. Үстіміздегі жылы Қазақстан тағы да саналуан техника алып отыр. Тыңдағы совхоздарға биыл мыңдаған кең алымды жаткалар жіберілді. Ал осы жаткаларды қолдану арқылы ғана еңбек өнімділігін еселеп арттыруға болады.

Партияның Орталық Комитеті әрбір колхозда, әрбір совхозда тұрақты механизатор кадрлары болуын дамылсыз ескертіп келеді. КПСС Орталық Комитеті мен СССР Министрлер Советі өзінің Қазақстан еңбекшілеріне арнаған Үндеуінде тыңдағы аудандардың өз механизатор кадрлары болатын мезгіл жеткенін тағы атап көрсетті. Өйткені, механизаторлар — шешуші күш, егін жинауда басты тұлға. Бұл жөнінен алдыңғы қатарлы шаруашылықтардың өнегесі құптауға тұрарлық.

Тұрақты механизатор кадрларын даярлап алған жеке колхоздар мен совхоздар Тың өлкесінде де аз емес. Мәселен, Қөкшетау облысының «Раздольный» совхозын алайық. Бұл совхоз үш жылдан бері басқа жақтан механизатор шақырмайды, дала жұмыстарының бәрін өз күшімен атқарады. Мұнда механизаторлардың көпшілігі екі-үш мамандықты меңгерген. Тіпті, қойма менгерушілері, есеп-қисап қызметкерлері, ұй шаруасындағы әйелдер машина жүргізе біледі. Целиноград облысының Новорыбинск совхозында да өздерінің тракторшылары, комбайншылары, жатка машинистері бар. Бұл совхоз биыл көктемгі егісті өз күшімен өткізіп, егін жинау жұмыстарына да өз механизаторларымен кірісті.

Дегенмен, республикамызды тұтас алғанда механизатор кадрларын даярлау жайы қанағаттанғысыз. Егін жинау үстінде мыңдаған тракторшы, комбайншы, шофер жетіспей отыр. Тың өлкесінде орақ басталар алдында Қазақстан КП Орталық Комитеті мен Республика Министрлер Советі, Тың өлкелік партия комитеті мен өлкелік атқару комитеті КПСС Орталық Комитеті мен СССР Министрлер Советіне тілек қойып, 1962 жылдың егінін жинауға 70 мың механизатор жіберуді сұрады. Ал, шынында республикамызда, оның ішінде Тың өлкесінде тұрақты механизатор кадрларын жеткілікті даярлауға әбден болатын еді. Бірақ, амал не, партия, совет, шаруашылық органдарының басшылары, совхоз директорлары мен колхоз председателдері бұл істе бейқамдыққа салынды.

Маман механизаторлар даярлау — маусымдық жұмыс емес. Тыңның ертеңгі күнін, егіншілік мәдениетін көтеруді, мал шаруашылығын

өркендету қамын ойлаған адам бұл мәселеге немқұрайды қарай алмайды. Басқа жақтан көмек сұрау, адам сұрау,—делінген Үндеуде,—бейқам басшы үшін, бюрократ үшін ең оңай жол. Коммунистер ендігі жерде мұндай ысырапқорлыққа, шаруашылықты жүргізудегі жауапсыздыққа төзуге тиіс емес. КПСС Орталық Комитеті мен СССР Министрлер Советі жақында «Кейбір одақтас республикалардың қалалардағы жұмысшылар мен қызметшілерді колхоздар мен совхоздардағы ауылшаруашылық жұмыстарына қатыстыру жөніндегі өтініштері туралы» қаулы қабылдап, қала халқын ауыл шаруашылығында жұмыс істеуге тарту мемлекет пен колхоздарға өте қымбатқа түсетінін ескертті. Жеке шаруашылық басшылары фабрика, заводтардан, мекемелерден келетін жұмысшылар көмегіне арқа сүйейді де, тұрақты маман кадрлар даярлауға қам жасамайды, қолда бар мүмкіншіліктер мен техниканы шебер пайдаланбайды.

Бұл күндері нақты жұмыс жоспары жасалып, кімнің қай салада істейтіні, машиналарды кімнің жүргізетіні белгілі болуы керек. Үндеуде былай делінген: «Тракторшылар ғана емес, сонымен бірге ауыл шаруашылығы техникасын жақсы басқара білетін барлық адам, ең алдымен, совхоздардың, өндірістік басқармалардың қызметкерлері, агрономдар, инженерлер, кеңседе жұмыс істеп отырған адамдар трактордың тұтқасын, комбайнның штурвалын басқаратын болсын. Егін жинау кезінде бригадирлер комбайнның тұтқасын басқаратын болсын. Егін жинаудан артық қауырт және жауапты кезең жоқ».

Егін орағын үлгілі өткізудің шешуші шарттарының бірі—техниканы өнімді пайдалану. Республикамыздың таңдаулы механизаторлары қос және үш жаткадан құрылған агрегаттарда шапшаң жылдамдықпен жұмыс істеуде, егінді дестеге салу үшін өздігінен жүретін комбайндарды бейімдеуде, егін жинаудың үдемелі әдістерін қолдануда. Тың өлкесінің совхоздары мен колхоздарында биыл егін даласына 78 мыңдай астық комбайны шыққалы отыр. Егер осыдан әрбір комбайн 15 гектар мөлшеріндегі техникалық нормасын орындаса, ол уақытта барлық дәнді және бұршақты дақылдарды 14—15 жұмыс күні ішінде жинап алуға болатыны сөзсіз. Ал, бізде күніне 20—30 гектар жердің егінін жинайтын озат механизаторлар аз емес.

Озаттардың тәжірибесін барлық дихан игілігіне айналдыру, еңбектің озық әдістерін тарату—өндірістік басқармалардың, партия ұйымдарының төл ісі. Ал мұндай озаттар, мұндай озық әдістер әрбір шаруашылықта, әрбір ауданда, әрбір облыста бар. Қостанай облысы, Пушкин атындағы совхоздың жатка машинисі П. Душенко өткен жылы 603 гектар дәнді дақыл орды. Осы облыстағы «Ершовский» совхозында комбайншы Б. Губин өздігінен жүретін комбайнмен 710 гектар егін жинап, 7 200 центнер астық бастырды. Целиноград облысындағы «18 лет Казахстана» колхозының комбайншысы Э. Чамборт «СК-3» комбайнымен 16 жұмыс күні ішінде 825 гектар егін жинап, 8,5 мың центнер астық бастырды. Тың өлкесінің бұдан да басқа саңлақтары толып жатыр. Михаил Довжик, Жансұлтан Демеев, Виктор Пфлюг, Иван Қистнер сияқты жыл сайын ерлік еңбегімен даңққа бөленген шамшырақтар—біздің мақтанышымыз. Жаңашылдардың бастамасын іліп алу, әрбір өндірістік басқармада озат тәжірибе мектебін ұйымдастыру, бұл істе баспасөзді, радионы, көрнекі құралдарды ұтымды пайдалану—партия ұйымдастырушыларының міндеті.

Егін орағы ырғалып-жырғалуды, керенаулықты көтермейді. Егін жинау мен астық тапсыруда әрбір күн, әрбір сағат қымбат. Жақсы шыққан егінді ысырап ету, мерзімінде жинап алмау Отан алдында, партия алдында үлкен күнә. Егін жинау мен астық тапсыру графигінің барлық колхоз бен совхозда сөзсіз орындалып отыруын қамтамасыз ету керек. Қырманда дән тазарту, дайын астықты қабылдау пункт-

теріне жөнелту жұмыстарын тәулік бойы жүргізу қажет. Автотрестердің, автобазалардың, колхоздар мен совхоздардың басшылары комбайндардан астық тасуда және астықты қоймаларға жеткізуде автомашиналардың тиімді пайдаланылуын қамтамасыз етуге міндетті.

Тын алқаптағы егін орағы—«Сельхозтехника» қызметкерлері үшін елеулі сын. «Сельхозтехника» қызметкерлері машиналардың дұрыс бөлінуіне, колхоздар мен совхоздардың запас бөлшектермен жабдықтауына жауапты. Алайда, «Казсельхозтехника» бірлестігі және оның бөлімшелері комбайндар мен тракторларды запас бөлшектермен жабдықтауда оралымсыздықтан, шалағайлықтан шыға алмай келеді.

Жаңа егіннің астығын қабылдауға элеваторларды, қоймаларды, пункттерді, дән келтіргіштерді дайын ету қажет. Атбасар элеваторы Целиноград облысындағы ең ірі астық қоймасы болмақ. Оған 50 мың тонна астық сияды. Элеватордың бірінші кезегі үстіміздегі жылы августта, екінші кезегі ноябрьде салынып бітпекші еді. Бірақ оның әзір бітетін түрі жоқ. Жұмысшылар мен құрылыс материалдарының жетіспеуі салдарынан элеватор құрылысы тоқтап қалған. Осы сияқты Қойбағар, Тайынша, Адыр тағы басқа элеваторлар жаңа астықты қабылдауға дайын емес. Тында астық қоймаларын салу мен жөндеу барысы нашар. Павлодар, Қостанай, Қөкшетау, Солтүстік Қазақстан облыстарында көптеген қоймалар жетіспейді.

Астықты бүлдірмей сақтау, тасымалдау жұмыстарының маңызы күшті. Астық тасу кезінде шығынға жол берілмеуге тиіс. Қырманда, қоймаларда жаңа астықтың сақталуын жете қадағалау керек. Егін жинаудың ізінше егістік жерлерді сабаннан тазартып, зябь жырту жұмыстарын өрістеткен мақұл. Көптеген шаруашылықтарда асбұршақтан мол өнім өсірілді. Дегенмен осы бағалы отамалы дақылды ору мен бастыру ұзаққа созылып барады.

Ауыл шаруашылығы еңбеккерлерінің алдында тұрған кәзіргі басты міндеттердің бірі—жүгері, қант қызылшасы егістерін мұқият баптап-күту, олардан жоғары өнім өсіріп, уақтылы жинап алу. Жүгері—молшылық дақылы. Жүгеріден мол өнім алу жолындағы күрес берік жемшөп қорын жасау, мал шаруашылығын өркендету жолындағы күрес екені түсінікті.

Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің жақында болып өткен III Пленумы былай деп атап көрсетті: «Мемлекетке астық және ауыл шаруашылығының басқа да өнімдерін өткізу жоспарын ойдағыдай орындау, совхоздар мен колхоздарды өздерінің өте сапалы тұқымымен, жеммен, қоғамдық малға керекті жай шөппен және балғын жемшөппен қамтамасыз ету егін жинаудың барлық жұмыстарын дер кезінде, өте сапалы жүргізуге байланысты».

Астық—ел ырысы, халық дәулеті. Астық көп болса,—ет те, май да көп. Сондықтан мол астықтың тағдырын егін жинау мен астық тапсыру науқаны шешеді. Бұл өзі әрі қауырт, әрі жауапты кезең. Совхоз жұмысшылары мен колхозшылар, өндірістік басқармалардың мамандары егін даласында саналылық пен ұйымшылдық, қаһармандық көрсетуге тиіс. Бұл күндері коммунистер мен комсомолецтердің орны—астық майданының алғы шебінде. Олар ұлы жорықтың ұйтқысы, жетекшісі бола білуі керек.

КПСС Орталық Комитеті мен СССР Министрлер Советінің Үндеуі Қазақстан еңбекшілерінің зор өндірістік өрлеуін туғызды. Бұл Үндеу совхоз жұмысшылары мен колхозшылардың, өндірістік басқармалардың жиналыстарында, бастауыш партия ұйымдарының жиналыстарында талқылануда. Әрбір шаруашылық егін жинауды үлгілі өткізіп, мемлекетке жоспардан тыс астық сатуға, Қазақстанның мол астығына лайықты үлес қосуға міндеттеніп отыр. Жергілікті партия ұйымдары, облыстық партия комитеттерінің өндірістік басқармалар жанындағы

партия ұйымдастырушылары механизаторлар мен совхоз жұмысшыларына, колхозшыларға, барлық еңбекшілерге Үндеуді терең түсіндіруі керек.

Партия ұйымдастырушылары бұқара арасында саяси жұмысты жолға қойып, кадрларға талап қоя білсе ғана мақсатына жетеді. Өндірістік басқармалардың бастықтары мен партия ұйымдастырушылары мәжілісқұмарлық пен кеңсешілдіктен мүлдем арылып, нақты ұйымдастыру жұмысын жүргізуге, уақытының көбін колхоздар мен совхоздарда, бригадалар мен фермаларда өткізуге, ауыл-село коммунистерімен тығыз ынтымақ жасауға тиіс. Егін орағы жана басқару органдарынан оперативтілікті, ширақтықты, үлкен ұйымдастыру өнерін талап етеді. «Өндірістік басқармалардың қызметкерлері,—деді Н. С. Хрущев жолдас,— биылдың өзінде-ақ астық, ет, сүт және ауыл шаруашылығының басқа да өнімдерін өндіруді молайтып, келесі жылы жаңа табыстарға жетудің жақсы негізін қалау үшін қолдан келгеннің бәрін істеуге тиіс».

Егін жинауды ойдағыдай өткізу үшін өндірістік басқармалардың, совхоздар мен колхоздардың, бригадалардың, агрегаттардың өзара социалистік жарысын өрістетуге қажет. Жарыстың қорытындысын жиі-жиі шығарып тұруға, оны жариялы етуге көңіл бөлген жөн. Үздік механизаторлардың аттарын құрмет тақтасына жазып, өндіріс озаттарына, бригадаларға тулар мен жалаулар беруді ұйымдастырған абзал. Ауыл-селолық жерлерде сауданы жақсартып, егіс қосы басында қоғамдық тамақтануды жолға қою керек. Астық қабылдау пункттерінде, элеваторларда асханалар мен буфеттерді, дүкендерді көбейткен жөн.

Партия ұйымдары идеологиялық жұмысты егін орағына бағындыра жүргізетін болсын. Насихатшылар мен үгітшілердің, мәдени-ағарту мекемелерінің абыройлы борышы — партия мен үкіметтің жалынды сөздерін халыққа жеткізу. Облыстық, ауданаралық газеттер мен жергілікті радио, телевизия орындары егін жинау мен астық тапсырудың жайын, социалистік жарыстың барысын, алдыңғы қатарлы шаруашылықтар мен механизаторлардың тәжірибесін үнемі жазып отыруға, ауыл-село тілшілерінің рейдіне мұрындық болуға міндетті.

Партия мен үкіметтің Үндеуі қазақстандықтарға орасан күш-жігер берді, оларды жана табыстарға жетуге рухтаңдырды. «Тың жерлердің еңбеккерлері коммунистік құрылыстың тарихына даңқты беттер қосты.—делінген бұл Үндеуде.—Миллиондаған гектар жаңа жерлерді көтеріп, Отанға миллиардтаған пұт астық беріп, олар ұлы ерлік жасады. Совет Одағы Коммунистік партиясының Орталық Комитеті, Совет үкіметі, бүкіл совет халқы тың игерушілер, партия, совет, кәсіподақ және комсомол ұйымдары, Қазақстанның барлық еңбекшілері егін орағы сияқты осындай жауапты кезеңде Отанымызға биыл астықты, етті, сүтті көп беру үшін қолдан келгеннің бәрін істейді деп сенім білдіреді. Мұның өзі КПСС XXII съезінің шешімдерін жүзеге асыруға, коммунизм орнатудың бүкілхалықтық ісіне қосылатын зор үлес болмақ».

Партия мен үкіметтің Үндеуіне іспен жауап беру, егін жинауды ұйымшылдықпен өткізіп, астық тапсыруды ойдағыдай орындау, Отанымызға мол астық беру—Қазақстан еңбекшілерінің абыройлы ісі!

Жаппай қарусыздану — заман талабы

Таяуда, ұлы Отанымыздың астанасы Москвада, дүние жүзіндегі барлық елдің дерлік өкілдерінің жаппай қарусыздану және бейбітшілік мәселелерін қарауға арналған бүкіл дүниежүзілік конгресі болып өтті. Конгреске қатысқан дүниеге көзқарастары, ұлты мен нәсілі, діни сенімдері әртүрлі екі жарым мыңдай адам қарусыздану мен бейбітшіліктің көкейтесті мәселелерін бір апта бойы талқылады. Олар бүкіл адамзаттың кәзіргі дәуірдегі тағдыр шешерлік шұғыл мәселесі—ядролық соғысқа жол бермеу жөнінде жүрек тебіренерлік бірліктің үлгісін көрсетті. Мұның өзі барлық елдің халықтары бірлесіп, білек сыбана күреске шығатын болса, жойқын да апатты ядролық соғысқа жол берілмейтінін бейнелейді.

Конгресс дүние жүзінің барлық халқына арнап хат жазды. Онда барлық ел халқы жаппай қарусыздану және тұрақты бейбітшілік үшін бірлесіп, күш біріктіріп, қимыл жасауға шақырылған. «Біздің басты және шұғыл міндетіміз,—делінген онда,—халықаралық қатаң бақылау арқылы жаппай және толық қарусыздану туралы үкіметтердің договор жасауына күш салуда болып отыр. Осыған байланысты кәзір қаралып жатқан договорды тезірек жасатуға көмектесетін, қарусыздану жоспарын талқылауды тезірек және тиімділікпен аяқтауға мүмкіндік беретін практикалық әдістер табылуы тиіс».

Конгресте Совет Одағы Министрлер Советінің Председателі Н. С. Хрущев жолдас сөз сөйлеп, біздің мемлекеттің сыртқы саясатын оның жаппай қарусыздану мен тұрақты бейбітшілік жолындағы ұстаған жолы мен мызғымас бағытын айқын да ашық баяндап берді.

Жаппай қарусыздану — кәзіргі заманның ең өктем талабы. Өйткені аса апатты ядролық соғыстың қаупі уақыт озған сайын күшейіп келеді. Кәзіргі шынайы жағдай осылай болып отыр. Ал, бұл қауіп бүкіл адамзаттан, ілгері ізгі ниетті барлық адамнан, бейбітшілік сүйгіш күштерден, мемлекет басшыларынан шындыққа тайсалмай тура қарауды талап етеді.

Ірі империалистік мемлекеттер дүниежүзілік екінші соғыстан кейінгі дәуірде соғысқа үздіксіз әзірлік жасап келеді. Олардың мемлекет басшылары сөз жүзінде бейбітшілікті жақтап әрбір елдің тәуелсіздігін құрметтеген болады. Ал іс жүзінде соғысқа өршелене әзірленіп, атом қаруының қорын молайта түсуде, қырғиқабақ соғысты шиеленістіріп, халықтарды «соғыс шегіне» жеткізуде, тәуелсіздік жолына түскен бұрынғы отар елдер халықтарын кіріптарлыққа түсірудің жаңа әдіс-айласын қолдануда. Н. С. Хрущев жолдастың конгресте айтқанындай, «Соғысқа әзірлік әлі ешуақытта да бүгінгі таңдағыдай аса зор көлемде өріс алып көрген емес».

Әрдайым өздерінің құлқынын, тек көп пайда табуды ғана көздейтін капиталистік монополиялар өздеріне өте тиімді соғыс қару-жарағы өндірісін еселеп ұлғайтуда. Тіпті капиталистік елдердің өзінің беделді ғалымдарының есебі бойынша кәзір дүние жүзінде 250 мың мегатонна, яғни 250 миллиард тонна тринитротолуол ядролық қару жасалған.

Бұл жер бетіндегі әрбір адамға 80 тоннадан келеді. Егер мұншама жойқын жарғыш қару жаппай қолданыла қалатын болса, онда жер бетінде не қалады десеңізші!

Жетекші капиталистік мемлекеттердің соғыс шығындары жылдан жылға көбейіп келеді. Тіпті ол елдердің өздерінің ресми мәліметтері бойынша соғысқа әзірліктің қамы үшін жыл сайын 120 миллиард доллар қаржы жұмсалады. Бұл—жер жүзіндегі барлық елдің экономика-ны өркендетуге жұмсап отырған күрделі қаражатының жартысына тең. Бұл соманың бестен біріндей ғана бөлегіне Индияда салынған жылына 2,5 миллион тонна болат қорытуға арналған Бхилай металлургия за-водындай 96 завод салуға, немесе Біріккен Араб Республикасында са-лынып жатқан Асуан плотинасындай 17 алыпты тұрғызуға болар еді.

Ірі империалистік мемлекеттер ішінде соғысқа әзірлік шығынының көлемі жағынан Американың Құрама Штаттары бірінші орын алады. Мұнда соңғы 17 жыл ішінде соғыс шығындары 900 миллиард долларға жетті. Бұл — дүниежүзілік екінші соғыс кезінде барлық капиталистік ел қанша шығын шығарған болса, соған тең.

Сонымен, апатты ядролық соғысқа әзірлік, жанталаса қарулану еңбекші халық еңбегі жемісінің едәуір бөлегін жұтып жатыр. Соның салдарынан жүздеген миллион адам ішер асқа, киер киімге жарымай, бас панасыз өлмесінің күнін көруде. Тіпті соғысқа әзірленуге орасан мол қаржы жұмсап отырған ең бай капиталистік ел АҚШ-тың өзінде президент Кеннедидің өзі келтірген мәлімет бойынша 17 миллион адам күн сайын кешкі ас ішпей, аш күйі ұйықтауға жатады, 15 миллион семья адам тұруға лайықсыз лашықтарда тұрады. Ал, экономикасы мешеулеп қалған елдерде аштық пен жоқшылықтың құрбандығы аз емес.

Жаппай, толық қарусыздану жолына түсіп, соғыс шығынын үздік азайтудан барлық ел, барлық халық пайда табады. Соғыс қару-жара-ғын өндіруден орасан көп пайда түсіріп отырған ірі монополиялар, олардың жалдама өкілдері соғысқа әзірлікті бұқара халыққа өте пай-далы іс, капиталистік өндіріске тиімді «кәсіп» ретінде көрсетпек болып, аласұруда. Олар еңбекшілерді, жұмысшы табын соғыс қаруын өндіру тоқтатылатын болса, онда экономикалық апатқа ұшыраймыз, жұмыс-сыздық көбейеді-міс деп үрейлендірмек болады.

Қырғиқабақ соғысты қоздырып отырған кертартпа топтар соғысқа әзірліктің күшейіп, ядролық қарудың молаюының өзін күштер теңді-гін сақтау үшін, бейбітшілік орнату үшін қажетті шара деп те халық-тарды көріне алдауға, сөйтіп олардың аласұра қарулануға қарсы кү-ресіне ірткі салуға тырысады.

Соңғы кезде батыс елдердің, әсіресе АҚШ-тың насихатшылары ядролық соғыс оншалық апатты емес, ол соғыста аса көп құрбандық жасамай-ақ, зор бүліншілік көрмей-ақ жеңіске жетуге болады-мыс дегендерді барынша уағыздай бастады. Сөйтіп, жұртшылық пікірін жаңа соғысқа әзірлеу үшін жанталасуда. Бұл да жұртшылықты ашық алдаумен бірге ешбір қисынсыз, негізсіз сандырақ.

Бұлар сияқты жалған желеулер тасасында адамзатқа төніп тұр-ған үлкен қауіп, қатер бар. Соғысқұмар топтар, әсіресе АҚШ импери-алистері осындай желеулерді бүркемеленіп, соғысқа қызу әзірленуде. Тіпті АҚШ-тың кейбір жауапты мемлекет қайраткерлерінің өзі Совет Одағымен соғыста ядролық қаруды бірінші болып қолдануға дейін баратынын білдірді. Бұл жантүршігерлік қауіпті жағдайды елемеуге болмайды.

Соғысқұмар империалистік топтардың бұлар сияқты желеулері бір жағынан, шындыққа мүлде жанаспайтын болса, екінші жағынан, халық бұқарасына істеген опасыздық. Шынында соғыс шығынын азай-ту есебінен халық шаруашылығының барлық саласын өркендету үшін

күрделі қаржыны көп жұмсауға мүмкіндік туады. Ал, мұның нәтижесінде жұмыссыздық азаяды, халықтың тұрмыстық қажеттерін өтеуге қажетті өнімдер көбейеді.

Соғысқұмар империалистердің ядролық соғыста жеңіске оңай жету үмітінің де іске аспауы толық ықтимал. Н. С. Хрущев жолдас ядролық қару жөнінде біздің елдің күші басым екенін бірнеше рет ашық мәлімдеді. «Егер агрессорлар ядролық соғысты бастай қалса,— деді ол. — олардың сол соғыстың от жалынында өздері де өртеніп кететіні ешбір сөзсіз».

Совет мемлекеті жаппай қарусыздану және бейбітшілік саясатын өзінің қорғаныс күштері, ядролық қаруы әлсіздігінен жүргізіп отырған жоқ. Қайта, біздің қарулы күштеріміздің барлық түрі де АҚШ-тағыдан әлдеқайда басым. Н. С. Хрущев жолдастың ашық мәлімдегеніндей, бізде ешқандай ракетаға төтеп бермейтін орасан қуатты ракеталар бар, ал жаудың ракетасын нысанаға жеткізбей, жойып жіберетін жаңа қаруымыз да бар.

Бұған қарамастан, бізге бейбітшілік керек. Бейбітшілік бізге елімізде коммунистік құрылыс жұмыстарын кең өрістете жүргізу үшін, партия белгілеген жиырма жылдық ұлы жоспарды ойдағыдай іске асыру үшін қажет. Мұнымен бірге совет халқы дүние жүзінің барлық халқының бейбіт, бақытты өмір сүруі жолындағы өзінің достық борышын өтеуді де көздейді.

Жаппай қарусызданудың, елімізде Отан қорғау шығындарын азайтудың есебінен халық шаруашылығын өркендету, мәдениетті гүлдендіру мақсаттарына көптеген қосымша қаржы жұмсалған болар еді. Мұның өзі коммунизм игіліктерімен халықты жедел кенелткен болар еді.

Біздің ұлы Отанмен бірге социализмнің барлық елі де жаппай қарусызданып, тұрақты бейбітшілік орнатуға мүдделі. Бейбітшілікті берік сақтау саясатын дәйектілікпен жүргізу—социалистік елдердің табиғи жаратылысына тән қасиет. Социалистік елдердің әлеуметтік құрылысы мен экономикасы халықтардың өзара жауласуына, отаршылдық қанауға, экономиканы соғыс мүддесіне бағындыруға және оны көп пайда табудың қайнар бұлағына айналдыруға ешуақытта жол бермейді. Өйткені, бұл елдерде товар өткізетін, капитал жұмсайтын аймақтарды, бағалы шикізат көздерін басып алуға, мешеу дамыған елдерді отарлауға мүдделі қанаушы таптар мен топтар жоқ, мемлекеттің соғыс зақаздарын орындау есебінен де байыған үстіне байып отырған монополиялар да жоқ.

Біздің партияның жаңа Программасында бүкіл ізгі ниетті адамзатқа ұнамды да сүйкімді ұлы мұраттар белгіленген. Олар—жер бетінде **Бейбітшілік, Еңбек, Бостандық, Теңдік, Туысқандық және Бақыт** салтанатына жету.

Жаппай қарусыздану, әсіресе экономикасы мешеулеп қалған елдер үшін өте пайдалы. Бұл елдер де халықаралық жағдай шиеленісіп тұрған кезде өз мемлекетінің қорғаныс күшін нығайту мақсатымен жыл сайын 5—6 миллиард доллар шығын шығаруға мәжбүр болып жүр. Олар жаппай толық қарусыздану жағдайында бұл шығыннан құтылған болар еді, сөйтіп өздерінің отарлық қанауға душар болуы себепті кенжелеп қалған экономикасын жедел көтеруге елеулі мүмкіндік алған болар еді.

Біздің партияның жаңа Программасында салтанатпен жарияланған ұлы мұраттарға жетудің кәзіргі халықаралық қарым-қатынас жағдайына орай Совет мемлекеті негізгі екі жолын ұсынып отыр. Оның бірі—жаппай, толық қарусызданып, тұрақты бейбітшілік орнату; екіншісі—социалистік елдер мен капиталистік елдердің бейбіт қатар өмір сүруі.

Жаппай, толық қарусызданудың бірінші кезектегі шұғыл міндеттері мынадай: Германиямен бітім договорын жасасып, дүниежүзілік екінші соғыстың қалдықтарын жою; ядролық қаруды сынауға тиым салу, мұнан әрі бұл қаруды біржолата құрту; атом қаруы жоқ және ол қару қолданылмайтын аймақтар құру; қарулы күштерді қысқарту, бейбітшілік шартын жасасу; барлық даулы мәселені келіссөздер арқылы реттеу. Бұл міндеттерді орындау, Н. С. Хрущев жолдас айтқандай, «Соғыстар заманынан жер бетіндегі баянды бейбітшілік заманына қарай тарихи бетбұрыс жасағандық болар еді».

Әлеуметтік құрылысы әртүрлі мемлекеттердің бейбіт қатар өмір сүру принципі—кемеңгер көсеміміз В. И. Ленин ғылыми негіздеп берген тамаша принцип. Бұл принциптің теориялық тұғыры мен мәні мынада: капиталистік елдер әркелкі дамиды. Осы негізде социалистік революцияның жеңуіне қажетті жағдайлар да әр елде әртүрлі мезгілде туады. Демек, социалистік революция барлық елде бірден жеңбейді, алғаш жеке бір елде, немесе бірнеше елде жеңеді. Сондықтан жеңген социализм елі капиталистік елдермен бейбіт қатар өмір сүруге мәжбүр болады.

Соңғы елу жыл бойғы тарихи дамудың барысы лениндік бұл қағидалардың даналығы мен дұрыстығын толық дәлелдеп берді. Әлеуметтік құрылысы әртүрлі мемлекеттердің белгілі бір тарихи дәуір бойы бейбіт қатар өмір сүруі жөніндегі лениндік қағиданы Совет мемлекеті өзінің сыртқы саясатының сара жолы етіп, басшылыққа алды. Бұл жолдан бұдан бұлай да таймақ емес. «Біз бейбіт қатар өмір сүрудің лениндік принципін, — деді Н. С. Хрущев жолдас, — қолданып келдік, кәзір де қолданып отырмыз және келешекте де одан таймаймыз. Мұның өзі әлеуметтік құрылысы әртүрлі мемлекеттердің арасындағы қарым-қатынастың біздің заманымыздың тарихи жағдайларына сай келетін, бейбітшілікті сақтауға негіз болатын бірден-бір қағида».

Әлеуметтік құрылысы әртүрлі мемлекеттердің бейбіт қатар өмір сүруі барысында екі система арасында бейбіт экономикалық жарыс өрістейді. Бұл жарыс үстінде әрбір қоғамдық құрылыс өздерінің артықшылықтарын, үлгі-өнегесін көрсетуге тиіс. Ал, іс жүзінде соңғы жарты ғасыр ішіндегі тарихи дамудың барысында социализм өзінің капитализмнен үздік артықшылықтарын бүкіл әлемге танытты. Кәзір «социализм» деген сөз жер жүзіндегі барлық еңбекші адамға, барлық езілген ұлт пен нәсілге ең тартымды да сүйкімді сөз болып алды. Сондықтан да социалистік қоғамдық құрылыс үшін күрес кәзір дүние жүзінде кең өріс алған бейбітшілік, демократия және социализм жолындағы халықтық қозғалыстың негізгі мазмұны болып отыр.

Социалистік қоғамдық құрылысты әрбір елдің халқы өз қалауы бойынша құрады. Оны, буржуазияшыл насихатшылардың айтқанындай, Совет Одағы және басқа да ешбір социалистік ел ешқайда күшпен орнатпайды. Қайсы қоғамдық құрылыс халыққа материалдық және рухани игілікті неғұрлым көп беретін болса, сол құрылыс түбінде, бейбіт жарыс барысында жеңіп шықпақшы.

Совет мемлекетінің, басқа да социалистік елдердің сыртқы саясатының темір казығы болып отырған бейбіт қатар өмір сүру принципінің негізгі мәні міне осындай. Бірақ соғысқұмар империалистік топтар бұл әділ принципті көріне бұрмалап, социализм елдеріне жала жабу да. Олар социализм елдері коммунизмді дүние жүзіне күшпен таратпақшы болады, осы мақсатпен олар соғысқа әзірленуде, капиталистік елдерде бүлдіру әрекеттерін жүргізуде деген сияқты өсек-аянды таратуда. Бұл—өте қауіпті беталыс. Бұл, бір жағынан, капитализмнің болашағына сенімсіздікті білдірсе, екінші жағынан, екі система арасындағы бейбіт жарыс орнына соғысқа әзірлену жарысын өршітуге бағытталған.

Социализм өзінің өсіп-өркендеуі жолында ешкімге жеңіс бермес жас, тың күш. Ол, ешкімнің зорлап қолдауын қажет етпейді және оған көнбейді. «Біз коммунистік идеологияның жеңісі үшін,—деп атап көрсетті Н. С. Хрущев жолдас,—дүниежүзілік соғысты бастау саясатының бізге жат екенін бүкіл дүние жүзінің алдында мәлімдейміз».

Сонымен, Совет мемлекеті бейбіт қатар өмір сүру саясатын дәйектілікпен іске асыра отырып, жаппай, толық қарусызданудың және баянды бейбітшілік орнатудың нақты да айқын программасын ұсынды. Бұл программаның негізгі өзекті мәселесі—ядролық қаруға тиым салу және оны толық жою.

Совет мемлекеті жаппай қарусызданудың алғашқы кезеңінің өзінде-ақ ядролық қару қолданылмай бос жататындай келісімге келу керек деп біледі. Бұл үшін оны нысанаға жеткізетін барлық құралды жойған жөн.

Совет Одағының ядролық қару жөніндегі бұл ұсынысын батыс елдер үкіметтері түрлі желеумен қабылдамай жүр. Ол былай тұрсын АҚШ үкіметі әзірше ядролық қаруды сынауға тиым салу жөніндегі жер жүзі халықтарының талап-тілегін құлағына ілмей отыр. АҚШ өзінің ядролық жаңа қаруларын жер бетінде және астында сынаумен бірге таяуда космоста да сынады. Мұндай жағдайда Совет Одағы да өзінің ядролық қаруын жетілдіре беруге, оны сынап көруге мәжбүр болып отыр. Осы мақсатпен үкіметіміз ядролық қарудың жаңа түрлерін сынауға жарлық берді. Бұл—империалистік соғыс одақтары өршелене қаруланып отырған жағдайда өте қажетті шара.

Сонда да Совет мемлекеті, егер батыс елдері келісімге келетін болса, қарусыздану программасын іске асыруға әрқашан әзір. Бұл программаның алғашқы қадамдарының бірі есебінде барлық шет елдегі соғыс базаларын жоюды, ол елдердегі әскерді әкетуді талап етеді. Мұның өзі бейбітшілік жолындағы өзара сенімділікті күшейтуге зор себепкер болар еді. Өйткені бұл базалар шындығында қорғаныс мақсаты үшін емес, соғыс қаупін күшейту үшін тірек болып отыр.

Совет мемлекеті дағдылы жай қарулы күштер мөлшерін қарусызданудың алғашқы кезеңінде-ақ кемітуге болады деп есептейді. Мұны төрт жыл ішінде аяқтауға болады.

Біздің ел қарусыздану жөнінде өте ұзаққа созылып отырған бос сөзді қойып, нақты іске кірісуді жақтайды. Ал, кәзір іс жүзінде Женевадағы қарусыздануға арналған мәжілістерде сөз көп те нәтиже жоқ. Оларда батыс елдердің өкілдері сөзуарлыққа салынып, уақытты оздыруға ұмтылуда. Бұл үшін олар қайдағы бір негізсіз сылтауларға жармасады. Солардың бірі—жойылатын және жойылмайтын қару-жараққа бақылау жасау мәселесі. Бұл жөнінде Совет мемлекетінің ұстаған бағыты айдан ашық: біз жойылатын қару-жараққа олардың жойылуы барысында бақылау жасауды жақтаймыз, ал қалған қарулы күшке бақылау жасауға қарсымыз. Өйткені бұл іс жүзінде барлау жүргізу, тыңшылық істеу әрекетіне айналған болар еді.

АҚШ-тың ядролық қаруды ішінара қысқарту, Біріккен Ұлттар Ұйымының халықаралық қарулы күштерін құру жөніндегі ұсыныстарына Совет мемлекеті қарсы. Өйткені ядролық қаруды ішінара қысқартудан соғыс қаупін жоюға жеңілдік келмейді. Кәзіргі кезеңде Біріккен Ұлттар Ұйымы іс жүзінде батыс мемлекеттерінің билігінде отырған жағдайда, оның халықаралық қарулы күштері дүние жүзінде бейбітшілік сақтайды деп сену мүмкін емес.

Дүние жүзінде тұрақты бейбітшілік орнату барлық елдің, барлық халықтың апатты ядролық соғысқа қарсы бірлесіп, күш біріктіре күресуіне байланысты. Бұл күресті шындап бастаушы және оның сенімді тірегі — Совет Одағы мен дүниежүзілік социалистік система, тәуелсіз еркін даму жолына жаңа түскен бейтарап елдер, бүкіл дүние жүзінің

бейбітшілік сүйгіш күштері. Бұлар—кәзіргі замандағы жойқын ядролық соғысқа жол бермейтін ең күдіретті күш. Бұлармен бірге бейбітшілікті жақтаушылардың бүкіл дүниежүзілік қозғалысы да, бейбітшілік үшін күресушілердің әртүрлі қоғамдық ұйымдары да дүние жүзінде баянды бейбітшілік орнату күресіне елеулі үлес қосып келеді.

Дегенмен, батыс елдерде ядролық соғыстың бүкіл қауіп-қатерін толық түсініп жетпеген адамдар, ұйымдар әлі көп. Тіпті ол елдерде соғысқа әзірлікті қоздыруға, соғыс одақтарын құруға қолқабыс тигізіп отырған партиялар да бар. Ірі капиталистік елдердегі негізгі буржуазияшыл партиялар, социал-демократияшыл партиялардың оңшыл топтары өздерінің кертартпа үкіметтерінің жанталаса қарулану саясатын жақтап отыр. Мұның өзі ядролық соғыстың қауіп-қатерін күшейте түсуде.

АҚШ-та демократиялық және республикалық партия деп аталатын екі партия бар. Бұлардың арасында кейбір ұсақ-түйек мәселелер жөнінде айтыс, талас болып жатқанымен де, олар соғыс мәселесі жөнінде бір бағытта болып отыр. Олардың екеуі де ірі монополиялық буржуазияның жоғын жоқтап, мүддесін қорғайды. Басқа ірі капиталистік елдерде де жағдай осындай. Мұндай жағдай капиталистік елдердегі барлық әлеуметтік топтардың соғыс қаупін, болашақ тағдырын дұрыс түсінуіне, олардың бейбітшілік үшін пәрменді күрес жүргізуіне кедергі болып отыр.

Кәзіргі кезеңде жанталаса қарулануға немқұрайды қарап, мән бермеуге, енжарлық жасауға болмайды. Барлық халықтың күш біріктіріп, қимыл жасауы арқасында ғана жаппай, толық қарусыздануға болады. Ал, бірлесіп қимыл жасайтын мезгіл жетті. Жер бетінде өмір сүру үшін, бүкіл адамзаттың бақыты үшін, жарқын болашақ үшін бірлесіп күресетін уақыт жетті. Бейбітшілік үшін күрескерлердің Москвада өткен дүниежүзілік ұлы жиынының негізгі бір қорытындысы міне осындай.

Конгресс мінбесінен Н. С. Хрущев жолдастың салтанатпен жариялағанындай, Совет мемлекеті бейбітшілік және халықтар арасындағы достық ынтымақ саясатын дәйектілікпен іске асырып келді, бұдан былай да бұл бағыттан таймақ емес. Мұның өзі—дүние жүзінде баянды бейбітшілік орнатудың сенімді кепілінің бірі.



Қолхоз-совхоз өндірісіне басшылық жақсара берсін

М. БЕЙСЕБАЕВ.

Алматы облыстық партия комитетінің секретары

КПСС Орталық Комитетінің март Пленумы партияның XXII съезінің шешімдерін басшылыққа ала отырып, елімізде ауыл шаруашылығын өркендете берудің аса зор міндеттерін белгілеп берді. Қысқа мерзімнің ішінде астық, ет, сүт және басқа ауылшаруашылық өнімдерін молайту, сөйтіп биылдың өзінде совет халқы партияның ауыл шаруашылығын көтеру жөнінде қолданып жатқан шараларының жемісін көретін болуы керек.

Партия ауыл шаруашылығын өркендете беру туралы мәселені бүкіл совет халқының алдына қоя отырып, қоғамның өндіргіш күштерін дамыта берудегі, коммунизмнің материалдық-техникалық базасын жасаудағы ауыл шаруашылығының маңызы туралы маркстік-лениндік ілімге сүйенеді.

Партияның Орталық Комитетінің март Пленумы ауыл шаруашылығына басшылықты жақсартып берудің түбірлі мәселелерін шешіп берді. Ауыл шаруашылығына басшылықтың ескі формалары алда тұрған зор міндеттерді орындауға сай келмей қалды. Қолхоздар мен совхоздардың шаруашылықты өркендете беру жөніндегі мүмкіндіктері жеткілікті пайдаланылмай, алынған шешімдердің орындалуы жер-жерде күнделікті бақыланып, қолма-қол ұйымдастырылмай келді. Осыған байланысты Коммунистік партия ауылшаруашылық өндірісіне басшылық жасаудың жүйесін мүлдем өзгертіп, басқарудың жаңа органдарын құрды.

Партия мен үкімет ауыл шаруашылығын өркендетуге және оның өнімдерін өндіруді молайтуға кедергі болып келген тағы бір кемшілікті ашып, оны жойды. Мал шаруашылығы өнімдерінің—ет, май және басқа өнімдерді сатып алу, дайындау бағасын арттыру арқылы колхоздар мен совхоздарға елеулі материалдық көмек көрсетілді. Мал шаруашылығы өнімдерінің сатып алу бағасының арттырылуы ауыл шаруашылығы қызметкерлерінің бұл өнімдерді молайтуға деген материалдық ынталылығын арттыра түсті.

Ауыл шаруашылығына басшылық жасаудағы басты буын колхоз-совхоз өндірісі басқармалары және олардың партия ұйымдастырушылары болып саналады. Өндірістік басқармалардың негізіне өндіріс принципі алынған, ол шаруашылық бағыты бір бірнеше аудандарды біріктіреді. Мұның өзі келешекте бұл аймақта ауыл шаруашылығының осы аймақтың табиғи және экономикалық жағдайына сай мамандануына мүмкіндік береді. Қолхоз-совхоз өндірісі басқармаларын құрудағы алға қойылған бұл басты мақсатты жақында Россия Федерациясының Орталық аудандарының өндірістік басқармалары қызметкерлерінің кенесінде сөйлеген сөзінде Н. С. Хрущев жолдас тағы да атап көрсетті.

Кәзір біздің облыста ауыл шаруашылығына басшылық жасаудың жаңа органдары — ауыл шаруашылығы жөніндегі облыстық комитет және ауылшаруашылық өнімдерін өндіру және дайындау басқармасы, сонымен бірге облыста 6 өндірістік басқарма мен облыстық партия

комитетінің партия ұйымдастырушылары және нұсқаушылар топтары жұмыс істейді. Ауыл шаруашылығына басшылықтың қайта құрылуын бүкіл село еңбекшілері қызу мақұлдап, қарсы алды.

Ауыл шаруашылығына басшылық жасайтын жаңа органдардың жұмысының алғашқы тәжірибесі ауыл шаруашылығын шұғыл өрге бастыру үшін партия мен үкімет қолданып отырған шаралардың әбден дұрыс екенін және жаңа құрылған партия және шаруашылық органдарының өмірге бейімділігін, олардың ауыл шаруашылығының өзекті мәселелерін жедел шеше алатынын көрсетті.

Өндірістік басқармалардың қызметкерлері—басқарма бастығы, партия ұйымдастырушысы, комсомол ұйымдастырушысы, ұйымдастырушы-инспектор және нұсқаушы өндірісті ұйымдастыру мәселелері жөнінде жазба нұсқаулар беру және мәжілісқорлық сияқты басшылықтың ескі әдістерінен батыл арылуда. Олар Н. С. Хрущев жолдастың кеңесі бойынша, жергілікті жерде әрбір колхоз бен совхозда істің жайын анықтап, ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіруді молайту мәселелерін нақты шешуде. Олар кемшіліктер туралы актілер жазбай-ақ оларды жоюдың нақты шараларын тікелей іске асыруда.

Колхоз және совхоз өндірісіне басшылықтың қайта құрылуы өзінің алғашқы нәтижесін кәзірдің өзінде-ақ көрсете бастады. Биыл біздің облыстың колхоздары мен совхоздары өндірістік басқармалар мамандарының көмегіне сүйене отырып, егістің шөп-танапты жүйесінен отамалы дақылдар жүйесіне батыл көше бастады. Облыста биылдың өзінде-ақ бұрын шөп егіліп келген 146 мың гектар жерге бағалы дәнді дақылдар егілді. Сөйтіп облыста егіс көлемі 1 миллион 376 мың гектарға жеткізілді. Оның ішінде 186 мың гектар жүгері егілді. Көптеген шаруашылықтар асбұршақ және басқа бұршақ дақылдарын, қант қызылшасын мал азығына арнап алғаш рет өсіре бастады.

Облыстың колхоздары мен совхоздары биыл мал өсіру жөніндегі міндеттемелерін де абыроймен орындап келеді. Бірінші июльдегі мәлімет бойынша облыста мал санын өсіру жөніндегі міндеттемелер ірі қара бойынша 101,1 процент, қой-ешкі жөнінде 115,7 процент, жылқы жөнінде 100,7 процент, құс жөнінде 262 процент орындалды. Облыстың колхоздары мен совхоздары мемлекетке жүн сатудың жартыжылдық жоспарын 124 процент етіп орындады.

Кәзір облыстың колхоздары мен совхоздарының еңбеккерлері қызу науқан үстінде. Дәнді егісті жинау және мемлекетке астық тапсыру жұмыстары қызу қарқынмен жүріп жатыр. Биыл облыстың еңбекшілері Отан қоймасына жоспарда белгіленген 23,7 миллион пұттың орнына 25 миллион пұт астық құймақшы. Кәзірдің өзінде Қаратал, Талдықорған, Шелек, Еңбекшіқазақ аудандарының еңбекшілері мемлекет алдындағы борышын толық өтеді.

Өндірістік басқармалардың қызметкерлері колхоз-совхоз өндірісіне нақты басшылық жасай отырып, ауыл шаруашылығының егін жинау, мемлекетке астық тапсыру, отамалы дақылдарды күтіп-баптау сияқты жұмыстарын да үлгілі ұйымдастыруда. Өндірістік басқармалардың ұйымдастырушы-инспекторлары және партия ұйымдастырушыларының нұсқаушылары колхоздар мен совхоздардың экономикасын көтеру жолында нақты ұйымдастыру жұмысымен бірге саяси-көпшілік жұмыстарын да жақсартып түсті.

Талдықорған өндірістік басқармасының ұйымдастырушы-инспекторы Н. Сәмбетов жолдас Киров ауданының Жамбыл, Куйбышев және Ленин атындағы колхоздарына бекітілген. Агроном ұйымдастырушы өз қызметіне кіріскен күннен бастап-ақ бұл шаруашылықтардың жағдайымен егжей-тегжейлеп таныса бастады. Ол ең алдымен бұл колхоздарда егістің отамалы дақылдар жүйесін енгізуге қолма-қол көмектес-

гі. Мысалы, Ленин атындағы колхозда биыл жүгері егісі 712 гектарға жеткізілді. Мұның 500 гектары бұрынғы жоңышқалық болатын. Артель 500 гектар қант қызылшасын және 3 мың гектардан астам басқа дәнді дақылдар екті. Егістің түсімділігі жақсы, оның барлық түрінен де жоғары өнім алынууда.

Сол сияқты ұйымдастырушы-инспектор С. Омаров жолдас та Қаратал ауданының «Ленинский путь», «Октябрь» және «1 Май» колхоздарына нақты көмек көрсетіп, колхоз басқармасымен, партия ұйымымен бірлесе отырып, іскер басшылық жасап келеді. Ұйымдастырушы-инспектордың бастамасы бойынша «Ленинский путь» колхозында товарлы-сүт фермасы толық механикаландырылды. Осының нәтижесінде 70 колхозшы бұл жұмыстан босатылып, басқа жұмыстарға ауыстырылды.

Бұрын колхоздар мен совхоздардың жұмысындағы кемшіліктер көбінесе аудандық партия комитетінің бюросында және басқа мәжілістерде сыналып, оны жою жөнінде көптеген қаулы-қарарлар қабылданатын. Бірақ бұл шешімдерді қолма-қол жүзеге асыратын ешкім болмай келді. Осының салдарынан қай ауданда болса да озат шаруашылықпен бірге кейбір колхоздар мен совхоздар артта қалып келді. Олардың шаруашылығын жолға қою жөнінде талай мәжілістерде құлаш-құлаш шешімдер қабылданғанмен, олардың дәрмені болмады.

Ауыл шаруашылығына басшылықтың қайта құрылуымен байланысты өндірістік басқармалардың қызметкерлері ауыл шаруашылығына басшылықтағы бұл кемшіліктерді жою бастады. Кәзір басқарманың қызметкерлері, ең алдымен, артта қалып келе жатқан шаруашылыққа көмектесуге баса көңіл бөлуде. Мысалы, Алматы колхоз-совхоз өндірісі басқармасының ұйымдастырушы-инспекторы мен партия ұйымдастырушысының нұсқаушысы Калинин атындағы колхозға осындай нақты көмек көрсетті.

Партия ұйымдастырушысының нұсқаушысы Федосенко жолдас өндірістік басқарманың ұйымдастырушы-инспекторымен бірлесе отырып, Калинин атындағы колхозда мал шаруашылығы өнімдерін молайтудың жағдайын зерттеді. Биылғы жылдың бес айы ішінде өткен жылғы осы уақытқа қарағанда әр сиырдан 48 литр сүт кем алыныпты. Мұның себебі, сауын сиырларға шоферлердің, бақташылардың салақтығынан жем азықтары, қызылша жомы тасылып берілмей келген. Өндірістік басқарма қызметкерлерінің тікелей араласуымен бұл кемшілік жойылды.

Федосенко жолдас бұл колхоздың мал жайылым учаскесін аралағанда мал өсірушілердің арасында партиялық-саяси жұмыстың нашар ұйымдастырылып отырғанын анықтады. Партия ұйымдастырушысының нұсқаушысы мал өсірушілер арасында партиялық-саяси жұмысты, социалистік жарысты қолма-қол ұйымдастырды.

Колхоз-совхоз өндірісіне басшылықты жақсарту беру ісінде партия ұйымдарының атқаратын ролі ерекше күшті. Кәзір біздің облыстың колхоздары мен совхоздарында 220 бастауыш партия ұйымы жұмыс істейді. Соңғы жылдары бастауыш партия ұйымдарының қатары озат жұмысшылардың, колхозшылардың және ауыл шаруашылығы мамандарының есебінен едәуір өсті. Тек биылғы жылдың алғашқы жартысында ғана партия қатарына 500 колхозшы, совхоз жұмысшысы және ауыл шаруашылығының маманы алынды. Кәзір біздің облыста орта есеппен алғанда әрбір колхозда 63 коммунист, әрбір совхозда 78 коммунист жұмыс істейді. Партия топтарының, бастауыш ұйымдардың жүйесі өсті. Сөйтіп ауыл-село еңбекшілерінің арасында партиялық ықпал күшейе түсті.

Бастауыш партия ұйымдарына басшылықты жақсартып, олардың белсенділігі мен іскерлігін арттыруға облыстық партия комитеті үнемі қамқорлық жасап отырады. Осыдан біраз уақыт бұрын біз бұл жөнінде Панфилов аудандық партия комитетінің есебін тыңдап, бастауыш партия ұйымдарының жұмысындағы, оларға аудандық партия комитеттерінің басшылық ісіндегі бірсыпыра басты кемшіліктерді көрсеткен болатынбыз. Облыстық партия комитетінің бұл шешімі жергілікті партия органдарына елеулі көмек болды. Панфилов аудандық партия комитеті өзінің бүкіл практикалық жұмысында бастауыш партия ұйымдарына сүйенеді, бастауыш партия ұйымдарының секретарьларын оқытып, оларға көмектесіп отырады.

Ауыл шаруашылығына басшылықтың қайта құрылуымен байланысты ауыл-селодағы бастауыш партия ұйымдарының міндеттері ұлғая түсті. Сондықтан да ауыл-селодағы партиялық жаңа органдар өздерінің жұмыс істей бастаған алғашқы күнінен бастап-ақ бастауыш партия ұйымдарына сүйеніп отыр. Бұл жөнінде Талдықорған өндірістік басқармасы мен партия ұйымдастырушысының алғашқы жұмыс тәжірибесін мысалға келтіруге болады. Облыстық партия комитетінің өндірістік басқарма жанындағы нұсқаушысы Қосарев жолдас «Қаратал» колхозының бастауыш партия ұйымына елеулі көмек көрсетті. Ол партия ұйымының жұмысын жолға қоюға көмектесті. Бұл кезде партия комитетінің секретары Әбілғазинов жолдас жаңа сайланған болатын. Ал, мұнан бұрынғы партия ұйымының секретары коммунистердің авангардтық ролін арттыру жөніндегі жұмысты нашарлатып жіберуі салдарынан партиялық және өндірістік тәртіп нашарлаған болатын. Партия жиналысы мезгілінде өткізілмейтін, қабылданған шешімдердің орындалуы қадағаланбайтын.

Партия ұйымдастырушысының нұсқаушысы Қосарев жолдас жаңа сайланған партия ұйымының секретарына осы кемшіліктерді жойып, партия ұйымының белсенділігі мен іскерлігін көтеруге көмектесті. Партия ұйымының секретары нұсқаушының көмегімен жүгері, бұршақ және қызылша өсіретін звеноларды нығайтты. Олардың құрамына жаңадан бірнеше коммунистер жіберілді. Шаруашылықтың алдында тұрған міндеттерге сай партия бюросының жұмыс жоспары жасалды. Бастауыш партия ұйымының алғашқы жиналысында партиялық тәртіпті нығайту, коммунистердің авангардтық ролін арттыру туралы мәселе қойылды. Бұл жиналыста колхоздың басшылық жұмысында істейтін бірсыпыра коммунистердің атына, кейбір қатардағы коммунистердің атына елеулі сын ескертулер айтылды.

Өндірістік басқармалар мен партия ұйымдастырушылары ауыл-шаруашылық өндірісіне озат тәжірибені енгізу, социалистік жарысты ұйымдастыру жөнінде де қажырлылықпен жұмыс істеуде. Әсіресе бұл жұмыс Алматы өндірістік басқармасында жақсы жолға қойылған. Бұл басқармаға қарайтын шаруашылықтарда суармалы жерлер мол. Егістерді мерзімінде және дұрыс суару—мол өнім алудың ең басты шарты.

Өндірістік басқарма жақында Мичурин атындағы колхозда егісті суару жөнінде семинар-кеңес өткізді. Оған гидротехниктер, агрономдар, бригадирлер, колхоздар мен совхоздардың мұраптары қатынасты. Онда колхоздың бас агрономы Комлев жолдас егін суарудың әдістері мен тәсілдерін тәжірибе жүзінде көрсете баяндады. Семинардан кейін егін суарудың озат әдістері (жүйектеп суару, құбырмен суару және басқа әдістері) Іле ауданының «Луч Востока», «Қазақстанның 40 жылдығы» колхоздарында, Шелек ауданының Калинин және Ленин атындағы колхоздарында және басқа шаруашылықтарда қолданыла бастады.

Дегенмен өндірістік басқармалардың және партия ұйымдастырушылардың жұмысында елеулі кемшіліктер де бар. Мысалы, Қаскелең

өндірістік басқармасындағы 11 инспектор-ұйымдастырушының тек төртеуі ғана ауыл шаруашылығының маманы. Ауыл шаруашылығын білмейтін инспектор колхоздар мен совхоздардың кадрларына мол өнім өсіру, мал шаруашылығының өнімдерін молайту жөнінде қандай нақты көмек көрсете алады. Осы басқарманың инспектор-ұйымдастырушысы Сейдоллаев жолдас өзіне бекітіліп берілген шаруашылықтарға баруға онша күштар емес, ол жұмыс істеген төрт айдың ішінде «Дегерес» совхозында бірде-бір рет болған жоқ.

Өндірістік басқармалар мен партия ұйымдастырушыларының бағыл колға алып, жедел шеше алмай келе жатқан мәселесінің бірі колхоздар мен совхоздарды орта буын — бригадир, бөлімше меңгерушілері сияқты кадрлармен нығайту мәселесі. Біздің облыста совхоздардың 72 бөлімше бастықтарының екеуінің ғана жоғары, 41 адамның орта білімі, қалғандарының бастауыш қана білімдері бар. Іле ауданында 33 мал фермасы меңгерушісінің үшеуі ғана ауыл шаруашылығының маманы, қалғандарының тек бастауыш білімдері ғана бар.

Біздің облыста колхоздар мен совхоздарды орта буынды кадрлармен нығайтуға толық мүмкіндік бар. Мысалы, тек Іле ауданында ғана 43 агроном, 15 зоотехник, 15 мал дәрігері, 3 инженер-механик ауыл шаруашылығына мүлде қатынасы жоқ, басқа жұмыстарда істейді.

Біз өндірістік басқармалар мен партия ұйымдастырушыларының назарын колхоз және совхоз шаруашылықтарын маман кадрлармен нығайта беру мәселесін жедел шешуге аударып отырмыз.

Ауыл шаруашылығына басшылықты қайта құрылуымен байланысты облыстық партия комитетінің де жұмыс стилі өзгерді. Бұрын бізде ауыл шаруашылығының көптеген ұсақ-түйек ағымдағы мәселелері бюро мәжілістерінде қаралатын, енді мұндай мәселелерді өндірістік басқармалар, ауыл шаруашылығына басшылық ету жөніндегі комитет жер-жердің өзінде қолма-қол шешіп отыратын болды.

Осының нәтижесінде облыстық партия комитетінің бюро мүшелері мен секретарьларының және басқа қызметкерлерінің колхоздар мен совхоздарда жиі болып, тікелей ұйымдастыру жұмысын жүргізуге мүмкіндіктері көбейді. Облыстық партия комитеті ауыл шаруашылығы жөнінде түрлі мәліметтерді, анықтамаларды аз жинайтын болды. Сонымен бірге түрлі мәжілістер мен кеңестерді азайттық.

Ауыл шаруашылығына басшылықты қайта құрудың нәтижесінде аудандық партия комитеттерінің жұмысына көп өзгерістер енді. КПСС Орталық Комитетінің нұсқауына сай, аудандық партия комитеттерінің бірінші секретарьлары партия ұйымдастырушыларының орынбасарлары болып бекітілді. Қазір аудандық партия комитетінің жұмысындағы басты міндеттер — адам тәрбиелеу, бұқараның арасында саяси жұмыс жүргізу, социалистік жарысты ұйымдастыру. Олар осындай жұмыстары арқылы ауыл шаруашылығын шұғыл өрге бастыру міндеттерін жүзеге асыруға көмектесуі керек.

Облыстық партия комитеті партия ұйымдастырушыларымен және өндірістік басқармалармен ауыл-селодағы басқа партия және шаруашылық органдарымен бірлесе отырып, колхоздар мен совхоздарға нақты да іскер басшылық жасайды, сөйтіп облыс еңбекшілерінің социалистік міндеттемелерінің толық орындалуын қамтамасыз етеді.

Жаңа белестер

Б. САДУАҚАСОВ,

Шымкент облыстық партия комитетінің секретары

Оңтүстік Қазақстан өлкесінің Шымкент облысы—казыналы Қазақстанның шаруашылығы жанжақты өркендеген, жер байлығы мол, табиғаты сұлу да жомарт аудандарының бірі. Мұнда өнеркәсіптің барлық саласы, әсіресе түсті металлургия, машина жасау, химия, цемент өндірісі кең өркендеген. Қаратау қойнауында Ащысай түсті металл комбинаты, Шымкентте Ленин орденді М. И. Калинин атындағы қорғасын заводы, пресс-автоматтар заводы, Владимир Ильич Ленин атындағы цемент заводы, гидролиз заводы, макта-мата, май комбинаттары, Дзержинский атындағы химфарм және электроаппарат заводтары, Кентау экскаватор және трансформатор заводтары сияқты ондаған ірі-ірі кәсіпорын жұмыс істейді.

Жетіжылдық жоспарда белгіленген мұнай өңдеу заводы және басқа да кәсіпорындары қатарға қосылғанда облыстың индустриялық қуаты кәзіргіден бірнеше есе артып, облыс еңбекшілерінің коммунизмнің материалдық-техникалық базасын жасау ісіне қосатын үлесі арта түседі. Облыс өнеркәсібінің болашағы зор. Ол Шымкент облысының таяудағы жылдар ішінде еліміздің алдыңғы қатарлы индустриялы облыстарының бірі болатынын байқатады.

Шымкент облысы бірыңғай өндірісті аудан емес. Сонымен қатар бұл ауыл шаруашылығының барлық саласы бірдей өркендеген, гүлденген аймақ. Сонау Сарыарқа мен Шу бойын, Қаратау жоталарын, Мойынкұм мен Қызылқұм, Сыр бойын, көрі Қазығұрт пен Өгем тауларын мыңғырған мал жайласа, Сыр суына мейірі қанған Мырзашөл, Келес, Арыс, Ақсу бойлары «ақ алтын» жамылып, алма, өрік, шие, алмұрт, шабдалы, жанғақ, жүзім бауларының саялы көленкесіне бөленеді. Осы тамаша аймақта кәзір 95 колхоз, 60-тан астам совхоз бар. Олардың егіс далаларында сегіз мыңдай трактор, екі мыңнан аса комбайн, мыңнан астам мақта жинайтын машина, басқа да көптеген ауыл шаруашылық машиналары жұмыс істейді.

Облыс ауыл шаруашылығының еңбеккерлері бұл күндері партияның XXII съезі мен март Пленумының ауыл шаруашылығын онан әрі өркендетуге бағытталған тарихи шешімдерін жүзеге асыру жолында қажырлылықпен еңбек етуде. Партияның тарихи XXII съезі белгілеп берген елімізде азық-түлік молшылығын жасау жолындағы күресте Орталық партия комитетінің март Пленумы ерекше орын алады. Март Пленумының қарарлары ауыл шаруашылығын онан әрі шұғыл қарқынмен өркендетудің компасы болып табылады. Бұл Пленум ауыл шаруашылығын өркендетудің нақты мүмкіндіктерін белгіледі, кәзіргі жағдайда астық, ет, сүт өнімдерін өндіруді тез арттырудың жолдарын көрсетті, барлық партия ұйымдарына нақты тапсырмалар берді.

Пленум сонымен қатар ауыл шаруашылығына басшылықты жетілдіруде тамаша шешім қабылдады. Кәзір еліміздің барлық республикасы мен облысында март Пленумының бұл ұйғарымы ойдағыдай жүзеге асырылуда. Шымкент облысында төрт территориялық-өндірістік басқарма жұмыс істеуде.

КПСС Орталық Комитетінің март Пленумы алға қойып отырған бұл игі міндеттерді орындауға облыстың колхоздары мен совхоздарында барлық мүмкіндік бар. Оларда жер де, кәзіргі заманғы техника да жеткілікті, ал шаруашылық ғылым жетістіктері мен озат тәжірибе негізінде жүргізіледі. Біздің шаруашылықтарымызда әсіресе кейінгі жылдары тамаша басшылар мен мамандар өсіп жетілді, егіс даласында еңбек озаттары, теңдесі жоқ жанашылдар жан-тәнімен жұмыс істейді. Ендігі міндет март Пленумының қарарлары мен Никита Сергеевич Хрущев жолдастың ақыл-кеңестерін басшылыққа ала отырып, еңбекшілер бұқарасын қызу еңбекке жұмылдыруда болып отыр. Осы тұрғыдан алып қарағанда біздің нысаналарымыз қандай және бұл салада біз не істеп жатырмыз. Енді осыған тоқталайық.

Ауыл шаруашылығы туралы әңгіме еткенде біз ең алдымен бүкіл халқымыз «ақ алтын» деп атаған ақ мақтаны атаймыз. Мақта—облыс ауыл шаруашылығының негізгі саласы. Облыс мақташылары туысқан Коммунистік партия мен Совет үкіметінің қамқорлығы арқасында жыл сайын егіс көлемі мен оның өнімділігін арттырып, «ақ алтын» тасқынын молайта түсуде. Өткен жылы облыс мақташылары 215 мың тонна үшін күресіп, Отанға 217 мың тоннаға жуық «ақ алтын» тапсырды. Бұл 1960 жылғыдан 42 мың тонна артық еді. Ең ірі мақталы аудандардың бірі—Ильич ауданы 30 мың гектар жердің әр гектарынан 26,3 центнерден мақта өсіріп, мемлекетке 77,5 мың тонна мақта тапсырды, ал Киров ауданы 18 мың гектардың әр гектарынан 25 центнерден өнім жинады.

Жеке колхоздар мен совхоздардың, бригадалар мен звенолардың көрсеткіштері бұдан әлдеқайда жоғары. Кейінгі жылдары мақта даласында тамаша еңбек озаттары өсіп жетілді. Мысал үшін Ильич ауданындағы «Заря коммунизма» колхозының 1500 гектар егістің әр гектарынан 37 центнерден, осы колхоздағы Николай Ли басқарған бригаданың 50 центнерден өнім жинап, әр бригада мүшесі 50 тоннадан мақта өндіргенін, «Мақтаарал» совхозының 6 мың гектар жердің әр гектарына 35,6 центнерден «ақ алтын» бергенін айтудың өзі де жеткілікті.

Шымкент облысы мақташыларының биылғы нысанасы—225 мың тонна «ақ алтын». Никита Сергеевич Хрущев жолдастың Ташкент кенесінде жасаған ескертпесіне сәйкес оңтүстік аудандардың—Ильич, Киров, Мақтаарал аудандарының колхоздары мен совхоздары биыл әр гектардан кем дегенде 25 центнерден, солтүстік аудандардың шаруашылықтары 20 центнерден өнім жинау үшін күресуде. Облыс мақташылары бұл міндеттемелерін сөзсіз орындайды. Оған барлық мүмкіндік бар. 110 мың гектардан астам жерге шит себілді. Оның 77300 гектары шаршы-ұялы әдіспен егілді. Егіс барлық көлемде екі бағытта бапталуда. Қазір қозаның шығымы жақсы, барлық жерлерде оны күтіп, баптау жұмыстары жаппай жүргізілуде. Аудандарда өзара тексеру комиссиялары жұмыс істеуде.

Мақта шаруашылығын өркендетудің болашағы орасан зор. Бұл болашақ партияның XXII съезінің талаптарынан туып отыр. Партияның XXII съезінде жасаған баяндамасында Никита Сергеевич Хрущев жолдас мақташылар алдына зор да жауапты міндеттер қойды. Атап айтқанда, әрбір колхоз бен совхоз таяудағы жылдар ішінде әрбір гектардан кем дегенде 25 центнерден өнім алатындай дәрежеге жетуге тиіс. «Сонда, — деді Никита Сергеевич Хрущев жолдас, — еліміз кәзірде мақта егіліп жүрген жерлерден қосымша бір миллион тоннадан астам мақта алатын болады».

Бұған Шымкент облысы мақташыларының қосатын үлесі мол. Мысалы, 1965 жылы бізде 400 мың тоннаға жуық шитті мақта өндіру белгіленіп отыр. Ал алдағы он-онбес жыл ішінде мақта өндіру онан да

арта түседі. Енді бұл белгіленген көрсеткіштердің қалай жүзеге асырылатынына келейік.

Елімізге аса қажетті шикізат—шитті мақта өндіру Никита Сергеевич Хрушев жолдас айтқандай жері аса құнарлы Мырзашөл даласын онан әрі игеру арқылы жүзеге асырылады. Мырзашөл даласы бүгін ғана игеріліп жатқан жоқ. Топырағы аса құнарлы бұл тамаша өлке атамзаманнан-ақ талайлардың, тіпті патшалы Россия чиновниктерінің де назарын аударған. Бірақ помещиктік жеке шаруашылыққа негізделген мешеу система бұл бағытта қандай да болмасын қадам жасай алмады.

Бұл бай өлкені меңгеру жұмысы тек Совет өкіметі жылдарында ғана қолға алынып, Октябрь социалистік революциясы жеңген алғашқы күндерден басталды. Оның инициаторы Владимир Ильич Ленин болды. 1918 жылы Владимир Ильич Ленин Мырзашөлден 500 мың десятина жер игеру үшін 50 миллион сом қаржы бөлу жөніндегі декретке қол қойды. Міне содан бері Коммунистік партия мен Совет үкіметінің аталық қамқорлығына бөленген Мырзашөл даласы «ақ алтынды» аймаққа айналды. Мұнда жүздеген километр каналдар тартылып, адасқан аң жортпайтын құлазыған шөл далада жаңа қалалар мен колхоз-совхоздардың бау-бақшаға бөленген сәнді социалистік поселкелері пайда болды, канал бойын құалаған қан тамырындай асфальт жолдар салынып, электр сымдары тартылды, жайнаған шат өмір орнады. Отанымыз жыл сайын бұл өлкеден жүздеген мың тонна бағалы шикізат алып тұрады.

Алдағы уақытта Мырзашөлді игеру партияның XXII съезінің шешімдеріне және КПСС Орталық Комитеті мен Министрлер Советінің 1958 жылғы 14 июньдегі Мырзашөл даласын мақта шаруашылығы үшін игеру жөніндегі қаулысына сәйкес жүргізіледі. Бұл қаулыда Мырзашөлдің қазақ жерінде 1958—1965 жылдары мақта егісі үшін 100 мың гектар жаңа жер игеру белгіленген болатын. Осының 27 мың гектарын Қазақ ССР-інің құрылыс ұйымдарына, ал 73 мың гектарын суландыру СССР Ауыл шаруашылығы министрлігінің «Главголодно-степстрой» мекемесіне жүктелді. Біз бүгін 27 мың гектар тың жерді суландырып, игерудің ойдағыдай аяқталғанын қанағаттанғандық сезіммен айта аламыз. Бұған облыстың тыңда туған үш совхозының мақта және басқа да дақылдары орналастырылды.

Орталық-Мырзашөл каналы негізінде 73 мың гектар жерге тағы да 8 мақта совхозы құрылады. Оның жетеуі орталық каналдың ең тармағы, біреуі сол тармағы арқылы суландырылмақ. Олардың біріншісі № 17 совхоз биыл алғаш рет мақта егіп, қазақстандық 225 мың тонна «ақ алтынға» өз үлесін қосады.

Бұл аймақтағы игерілетін жерлерде мақта егісінің көлемін 75 процентке жеткізгенде 54 мың гектар жерде «ақ алтын» жайқалады. Егер әр гектардан орта есеппен 25 центнерден мақта алынатын болса, одан жыл сайын түсетін өнім 135 мың тоннаға жетеді. Осының әр килограммынан 12 метрден мақта-мата тоқылады десек, сонда ол жер шарын экватордан 40 рет орауға жетеді.

Мырзашөлді игеру ісінде Шардара су қоймасының аса зор өмірлік мәні бар. Ол, біріншіден, су жөніндегі күнделікті өсіп отырған қажетті өтейтін болса, екіншіден, Сырдария алқабында мақта, мал шаруашылығының, сондай-ақ, ауыл шаруашылығының басқа да салаларын онан әрі өркендетуді қамтамасыз етеді. Ташкент және Шымкент облыстары өнеркәсібінің электр қуаты жөніндегі өскелең қажетін өтеуді түпкілікті шешетін болады. Қойманың маңызы мұнымен ғана шектелмейді. Ол осымен бірге Қызылорда облысында күріш егісінің көлемін арттыруға да мүмкіндік береді.

Кәзіргі уақытта ғылыми мекемелер жүз мың гектар көлемдегі жердің бірінші кезегін игеруге жобалық тапсырма әзірлеуде. Бұл жоба-

лық тапсырмада 110 мың гектарлық жерде он мақта, бір мал совхозын ұйымдастыру белгіленіп отыр. Қалған жүз мың гектар екінші кезекте игерілмек.

Облысымыздың терістік-батыстағы шөліккеп жатқан мындаған гектар жерін суландыру міндетін Арыс—Түркстан каналы мен Бөген су қоймасы шешеді. Канал өтетін маңға төрт аудан және өнеркәсіпті Кентау, Түркстан, Арыс қалалары орналасқан. Бұл аймақты Алматы—Ташкент—Москва темір жолы, Түркстан—Кентау тартабанды темір жолы мен Шымкент—Қызылорда тас жолы кесіп өтеді.

Каналдың суландыру жүйесі ұзындығы 194,5 километрлік магистральды каналдан және су сымдылығы 370 миллион текшеметрлік Бөген су қоймасынан құралады. Каналдан суарылатын жердің жалпы көлемі 124,3 мың гектар.

Игерілетін осы жерлерде негізінен мақта егетін алты совхоз құрылады. Егер барлық игерілген жердің 70 процентіне мақта егілетін болса, оның жалпы көлемі—29 мың гектардай. Қалған жерге жүгері және бұршақ тұқымдас дақылдар егіледі. Егер әр гектардан орта есеппен 25 центнерден мақта алынса, оның жылдық жалпы түсімі 72 мың тонна болады. Жаңа жер игеру есебінен ғана 32 мың тонна ет, 1,6 мың тонна жүн өндіріледі. Сондай-ақ канал салуға байланысты жасалатын қоймаларда, көлдерде құс және балық шаруашылығын өркендетуге кең жол ашылады.

Арыс—Түркстан каналының бірінші кезегі бітті. 14 апрель күні Бөген су қоймасының жағасында осы қуанышқа арналған салтанат болды. Құрылысшылар каналдың қалған учаскесін де тез арада бітіріп, елімізде шитті мақта өндіру ісіне тиісті үлес қосатынын білдірді. Каналдың суы өткен жылы-ақ Түркстан жеріне жетіп, Карл Маркс атындағы, Чапаев атындағы колхоздар мақта суарған болатын. Бұл канал бойында жаңадан құрылған № 1 мақта совхозы мол өнім алғалы отыр.

Шымкент облысында мақта шаруашылығын өркендету болашағы міне осындай. Коммунистік партияның аталық қамқорлығымен, совет адамдарының берекелі қолымен жүргізіліп жатқан бұл алып жұмыстар партияның XXII съезі белгілеп берген тапсырмалардың толық орындалуын қамтамасыз етеді.

Алдағы жылдары мал шаруашылығы да күшті қарқынмен өркендетіледі. Кәзір Қаратау мен Өгемнің қойнауында, Мойынқұм мен Қызылқұмның құнарлы жайылымдарында, Шу бойы мен Сарыарқа даласында төрт миллионға жуық қой, мындаған ірі қарамал өсірілуде. Жетіжылдықтың аяғына дейін қой саны 7 миллионға жеткізіледі. Биылғы, әлі де болса жүріп жатқан, мал төлдету науқанының барысы мұның айқын дәлелі болып табылады. Кәзір облыс бойынша төлдеген әр жүз саулықтан 120 қозыдан алынды.

Мал шаруашылығын онан әрі өркендету мақсатында бізде жаңа жайылымдықтар игеріліп, ол жерлерде жаңа мал совхоздары құрылуда. Жуырда Созақ ауданында төрт совхоз ұйымдастырылып, жұмысқа кірісті.

Ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіруді арттыруда жемшөп базасын жасаудың шешуші маңызы бар. Мұның өзі, ең алдымен, жүгері және бұршақ тұқымдас дақылдар есебінен жүзеге асырылуы керек. Никита Сергеевич Хрущев жолдас айтқандай, жем болса, ет те, сүт те мол болады. Осыны ескере отырып, биыл біз жүгері егісінің көлемін 65 мың гектарға жеткіздік. Жемшөп өндіруді арттырудың аса зор резервтерінің бірі— бір жерден екі рет өнім алу. Бізде биыл екі рет өнім алынатын жердің көлемі 11 мың гектарға жеткізілді.

Облыс еңбекшілері партия мен үкіметтің ауыл шаруашылығын басқаруды қайта құру жөніндегі қарарын аса зор қанағаттанғандық

сезіммен қарсы алды. Никита Сергеевич Хрущев жолдас айтқандай, бұл мәселенің біздің партиямыз үшін, совет халқы үшін аса зор маңызы бар. Партия белгілеген ауыл шаруашылығына басшылық етудің жаңа жүйесі ұйымдастыру жұмыстарын жақсартуға, әрбір колхоз бен совхозда өнім өндіруді тез арттыру ісін қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Бұл күндері партия ұйымдары мен бүкіл село коммунистері КПСС Орталық Комитеті март Пленумының шешімдерін ойдағыдай жүзеге асыру ісімен шұғылдануда. Олар ауылшаруашылық өндірісінің барлық саласын шұғыл өркендету, егіншілік пен мал шаруашылығы өнімдерінің молшылығын жасау жолындағы күреске іскерлікпен басшылық етуде.

Шымкент облысының еңбеккерлері елімізде азық-түлік молшылығын жасауға лайықты үлес қосу үшін 1962 жылға мынадай міндеттемелер қабылдады. Біздің нысанамыз мемлекетке 225 мың тонна мақта, 57,8 мың тонна ет, 46 мың тонна сүт, 7,5 миллион пұт астық, 12,1 мың тонна жүн, 654 мың дана қаракөл елтірісің, 15 миллион дана жұмыртқа тапсыру, 1962 жылдың соңында мал санын ірі қарамалдан 170 мыңға, қой мен ешкіні 3 миллион 450 мыңға, шошқаны 70 мыңға, жылқыны—61 мыңға, құсты—550 мыңға жеткізу, төлдейтін әр жүз малдан 90 бұзау, 110 қозы, әр мегежіннен 25 торай алып, аман сақтау болып отыр.

Сонымен қатар егістік жерлердің құрылымы қайта қаралып, шөп танапты егіс жүйесінен отамалы дақылдар жүйесіне көшу жүзеге асырылуда. Жерді неғұрлым тиімді пайдалануға мүмкіндік тудыратын аса бағалы, жоғары өнімді дақылдарға кең жол ашылды. Биыл облыс шаруашылықтарында 1 200 гектар бұршақ тұқымдас дақылдар, 1724 гектар қызылша егілді.

Шымкент облысы ауыл шаруашылығының еңбеккерлері партияның XXII съезі мен март Пленумының тарихи қарарларын жүзеге асыра отырып, ауыл шаруашылығын оған әрі өркендетіп, елімізде азық-түлік молшылығын жасау ісіне өзінің үлесін қоса береді, 1962 жылға қабылдаған социалистік міндеттемелердің орындалуын қамтамасыз етеді.



Түсті металл байлығының көзі

Ш. ҮРПЕКОВ

Партия Программасында коммунизмнің материалдық-техникалық базасын жасау үшін түсті және сирек кездесетін металдар өндірісін ұлғайта беру міндеті атап көрсетілген. Осыған орай өнеркәсіпте шығынды аз жұмсай отырып, өнімді мол өндіру үшін жаңа әдістерді батыл енгізу шешуші роль атқарады.

Қай өндіріс саласында болмасын шикізатты комплексті пайдалану, резервтерді толық іске қосуға, өнеркәсіп өнімдерінің түсер құнын кемітуге, оған жұмсалатын қаржыны үнемдеуге мүмкіндік береді. Мұның өзі сайып келгенде, қоғамдық еңбектің өнімділігін арттырады.

Түсті металл шикізатын комплексті пайдалану дегеніміз—шикізатты өңдеу кезінде негізгі металмен бірге басқа бағалы қосындыларды да жол-жөнекей өндіру деген сөз. Түсті металлургияда шикізатты комплексті пайдаланудың ерекшелігі оның полиметалдық, яғни қосындылы сипатына байланысты. Мысалы, мыс, қорғасын, мырыш, никель рудалары құрамында жиырма шақты бағалы қосындылар бар. Сондай-ақ, бұл рудалардың жалпы құрамында қосындылар үлесі біршама жеткілікті дәрежеде кездеседі.

Мысалы, Орталық Қазақстанда шығарылатын мыс рудасының жалпы құнында мыстың өз үлесі 40 процент болса, қорғасынның, мырыштың, күкірттің, темірдің үлесі 15 процент, сирек кездесетін металдардың үлесі 14—40 проценттей. Ал, Алтай қорғасын, мырыш рудаларының жалпы құнында негізінен қорғасын, мырыш, мыстың үлесі басым. Бұл сияқты құрамы күрделі рудаларды пайдаланатын кәсіпорындар саны түсті металлургияда өте көп. Түсті металлургия өнімінде жоғарыда аталған металдардың үлес салмағы 90 процентке дейін жетеді.

Сондықтан да түсті металлургия заводтарында шикізатты пайдаланудың дәрежесі—осы өндірістің негізгі экономикалық көрсеткішінің бірі. Сол себепті түсті металдардың қолда бар мүмкіндігін толық пайдалану, оны кәдеге жарату—басты міндет.

Әдетте сирек кездесетін металдар кені өз алдына жеке кездеспейді. Олар тек түсті металдармен бірге болады. Мысалы, кадмий мырышпен, молибден, селен, теллур—мыспен бірге кездеседі. Сондықтан, түсті металл рудаларын комплексті пайдалану табиғатта сирек кездесетін металдарды өндірудің негізгі көзі болып есептеледі.

Халық шаруашылығының жедел қарқынмен өркендеп отырған электроэнергетика, электроника, машина жасау, химия, атом және космос техникасы салаларына қажет болып отырған металдарды мол өндірудің маңызы кәзір ерекше. Мысалы, шетелдерде кадмий, индий, таллий, рений, германий, селен сияқты сирек кездесетін металдардың—100 проценті висмуттен, 90 проценті түсті металлургия шикізатын комплексті пайдалану арқылы алынады.

Соңғы жылдары республика түсті металлургиясы шикізатты комплексті пайдалануда бірсыпыра табысқа ие болды. Мысалы, Өскемен қорғасын-мырыш комбинатында шикізаттан бірнеше түрлі металл ко-

рытылады. Ал, 1955 жылы комбинатта мұндай металдар қорытылмайтын еді. Мұнда елімізде тұңғыш рет қорғасын қорыту пешінде шлактарды қосымша өңдеу игерілді. Мұның нәтижесінде шлактан шығарылған мырыш пен қорғасыннан жылына бес жүз-алты жүз мың сом мемлекет қаржысы үнемделуде. Сондай-ақ бұл комбинатта қорғасын қорыту пешінің шаң-тозаңын комплексті өңдеу әдісі де меңгерілді. Осының нәтижесінде шаң-тозаңнан біраз бағалы сирек кездесетін металдар алынуда.

Шикізатта кездесетін мол мүмкіндіктерді толық пайдалануды жақсартуда Лениногор және Шымкент қорғасын заводтарында да біраз бағалы шаралар қолға алынды. Кәзір мұнда түсті металл шикізатынан бірнеше түрлі қосындылар алынуда.

Бірақ мұндай озат әдістерді республика өнеркәсіп орындарының барлығы дерлік бірдей дәрежеде қолданып отырған жоқ. Түсті металлургияны комплексті әдіске көшіру жөнінен пайдаланылмай отырған мүмкіндік те мол. Әсіресе, мыс қорыту заводтарында кең өріс жайып, өркендеуге тиісті бұл озат әдіс әлі де пайдаланылмай келеді. Мысалы, осы күнге дейін өндірісте пайдаланылмай қалатын қалдықтарды дұрыс өндемеудің салдарынан көп байлық текке ысырап болуда. Мысалы, Балқаш мыс қорыту зауытында өндірілетін концентраттарда бағалы 16 қосынды бар. Ал зауытта олардың не бәрі бесеуі ғана кәдеге жаратылуда. Бұлар—мыс, алтын, күміс, селен, теллур. Осы соңғы аталған төрт металдың шикізаттың жалпы мөлшерінен алатын үлесі 0,76 процент қана. Егер мысты қоссақ, онда 60 процент болады. Бұдан басқа шикізаттағы өзге қалдықтар шлак, газ, шаң-тозаң ретінде пайдасыз қалады. Осылайша ысырап болған металдардың жалпы құны жылына бірнеше мыңдаған сом мемлекет қаржысын үнемдеуге мүмкіндік береді. Сол үнемделетін қаржы зауыттың бір жылғы металл қорытуға жұмсайтын қаражатынан бірнеше есе артық.

Балқаш зауытының шаңдарында үнемделуге тиісті металдың үлес салмағы мол. Егер осы зауытта шаңды өңдеу цехы салынса, онда үнемделген металдың қаржысы, комбинаттың Гүлшат руднигі беретін пайдасына тең келер еді. Әңгіме осы мүмкіндікті пайдалана білуде болып отыр.

Балқаш зауыты пайдаланатын шикізатта кездесетін металдардың бағалысының бірі рений. Бұл металдың конвертор шаңында бар мөлшерінің кәзір тең жартысы ғана пайдаланылуда. Бұдан ренийдің тек 2—3 проценті ғана бөлініп шығарылуда. Мұның өзі бұл бағалы металдың 98 проценті ысырап болуда деген сөз. Егер зауыт жанындағы рений толық кәдеге жаратылса, онда одан түскен қаржы осы зауыттың бір жылда қорытатын мысының түсіретін пайдасынан тек бірнеше есе кем болмақ.

Ертіс мыс қорыту зауытындағы жағдай да осындай. Бұл зауыт пайдаланатын шикізатта 45 бағалы қосынды бар. Бұлардың тек бесеуі ғана алынып жүр. Бұлар шикізаттағы металдардың 53 проценті. Әрине, бұл өте аз.

Мыс қорытатын зауыттар пайдаланатын шикізаттан бөлініп шығатын шаң-тозаң және газда—күкірт, қорғасын, тағы басқа сирек кездесетін металдар; шлактарда—мырыш, алтын, күміс, темір, кобальт, мыс болатынын өндіріс тәжірибесі көрсетіп жүр. Сондықтан да бұл аса бағалы металдарды ысырап етпеу үшін қалдықтарды қосымша өңдеуден өткізу керек.

Балқаш мыс зауытында жыл сайын босқа кететін бір тонна шаңдағы металдың бағасын ақшаға шақсақ 400 сомнан асады. Ал, Ертіс зауытында 500 сомға дейін жетеді. Балқаш зауытының шаңында әсіресе рений, висмут, селен көп кездеседі.

Бұл заводтарда осы уақытқа дейін шанды ұстауға және оны өндеуге жеткілікті көңіл бөлінбей отыр. Қайсыбір заводта шаң тұтқыш аппарат қондырылса да, олардың қуаты толық пайдаланылмауда. Сондықтан да жоғарыда аталған бағалы металдар шаңмен бірге ысырап болып жүр.

Осынша бағалы металдың ысырап болуына, бір жағынан республиканың ғылыми-зерттеу мекемелері де кінәлі. Олар шанды өндеу жөнінде кәсіпорындарға нақты көмек көрсетпей келеді. Ал, мұндай мүмкіншіліктің барлығын Свердловск қаласындағы «Унипромедь» институтының Оралдағы мыс қорыту заводтарының шаңдарын ұстап, өндеуге жасаған жүйесінен көруге болады. Сол схема бойынша шаңнан индийдің 70, кадмийдің 70, селеннің 90, теллурдың 60—65, мыстың 80 процентін айырып алуға болады.

Түсті металлургияда пайдаланылмай отырған резервтердің бірі— газдағы күкірт. Күкіртті газ—өндірісте күкірт қышқылын шығару үшін қолданылатын ең арзан шикізат. Мысалы, күкірт қышқылын күкіртті газ арқылы өндіргенде оған қаржы 1,8 есе аз жұмсалады.

Сонғы кезде химия және минерал тыңайтқыштары өндірісін дамыту үшін күкірт қышқылын көп қолдануға ерекше көңіл бөлініп отыр. Қазір Одақ бойынша өндірілетін күкірт қышқылының 40 процентінен артығы минералды тыңайтқыштар жасау үшін жұмсалады.

Күкірт қышқылын өндіруде түсті металлургияның алатын орны бөлек. Тек мыс заводтарының өзі ғана мындаған тонна күкірт қышқылын бере алады. Мысалы, Балқаш пен Ертіс заводтарындағы түтінмен араласып ұшып жатқан шаң-тозаннан жылына мындаған тонна күкірт қышқылын өндіруге болады.

Осы заводтарда шлакты пайдалану да ойдағыдай дәрежеде емес. Қазір шлак әсіресе, қара металлургияда түрлі құрылыс материалдарын жасауға кеңінен қолданылып отырса, түсті металлургияда, әсіресе мыс заводтарында шлактар осы күнге дейін орынды пайдаланылмай келеді. Ал, бұл заводтар пайдаланатын шикізаттан шығатын шлактың мөлшері қара металлургия заводтары шлактарынан әлдеқайда көп. Сондай-ақ қазірдің өзінде-ақ бірсыпыра заводтарда өткен жылдардан жиналып қалған миллиондаған тонна шлак үйінділері бар.

Металлургия шлактары—аса құнды құрылыс материалдары. Сонымен бірге, олар полиметалдық бай шикізат болып есептеледі. Шлакта да бағалы металдар кездеседі. Мысалы, Балқаш заводының шлактарында—молибден, вольфрам, мырыш, алтын, күміс, теллур, мыс, висмут, рений, темір тағы басқа металдар бар. Осы заводтағы шлактың бір тоннасында кездесетін металдың құны—30 сом, соның ішінде темірдің үлесі 28, кобальт—20, висмут—9, тағы басқа металдар босқа кетеді. Ертіс заводында да жағдай осындай. Сондықтан да осы заводтағы шлактарды құрылыс материалдары үшін пайдаланудан бұрын, олардан бағалы металдарды айырып алу қажет.

Шлактарды өндеу үшін көп қаржы жұмсаудың да керегі жоқ. Шлакты барынша мол пайдалану нәтижесінде көптеген мемлекет қаржысы үнемделумен бірге еңбек өнімділігі де өседі. Мысалы, шлактан шыққан металды рудадан өндіру үшін екі есе артық жұмысшы күші жұмсалады.

Бізге мыс шлактарын қорыту схемасы мен жұмыс процесін белгілі бір жүйеге келтіру үшін ғылыми-зерттеу институттары мен кәсіпорындары зерттеу жұмыстарын жүргізуде. Бірақ әлі жөнді ешнәрсе жоқ.

Қазақ ССР Ғылым академиясының Алтайдағы кен зерттеу институтында Ертіс заводының шлактарын өндеу жайы зерттелген. Бұл зерттеу шлактан мыс аралас болат, қорғасын, мырыш және құрылыс үшін материал алуға болатынын көрсетті. Балқаш заводында да Қа-

зақ ССР Ғылым академиясының Химия институты ұсынған схема зерттелді. Бұл ұсыныс бойынша да шлактан біраз металл алуға болады.

Бірақ бұл сияқты зерттеу жұмыстары әлі де болса лабораториядағы тәжірибеден әрі аспай отыр. Ал, шындығында зерттеу жұмыстарын жеделдетіп, кәсіпорындарында шлактарды қайтадан өңдеу технологиясын нақты іске асыратын мезгіл жетті.

Шлак құрамында бағалы металдың көп болатыны шетел ғалымдарының назарынан тыс қалмады. Олар түсті металлургия өнеркәсібіндегі шикізаттарды өңдеуден кейін шыққан шлактарды қайтадан қосымша өңдеп, бағалы металдар алуды жүзеге асырды. Мысалы, Финляндиядағы Харьяволта мыс заводында шлақты электр пешінде қорыту арқылы мыс, кобальт, никель сияқты металдар алынып жүр. Анаконда (АКШ) мыс заводында тәжірибе жүзінде жасалған өңдеудің нәтижесінде 5500 килограмм шлактан 2 мың килограмм болат, 150 килограмм күкірт, 25 килограмм мырыш алынған.

Осы уақытқа дейін шешілмей жүрген мәселенің бірі—шикізаттан шыққан өнімнің түсер құнын калькуляциялау. Қазіргі әдіс бойынша қосымша шыққан өнімдердің құны негізгі өнімнің түсер құнынан шығарылып есептеледі. Мұның өзі негізгі өнімнің де, сондай-ақ қосымша шыққан өнімнің де түсер құнын дәл есептеп шығаруға үлкен қиындық келтіріп жүр. Мұндай ыңғайсыз практика, әсіресе сирек кездесетін металдарды өндіру ісіне көп зиян келтіріп отыр. Мысалы, бұл күндері бір де бір заводта қосымша шығарылып отырған сирек металдарға жұмсалған шығындардың қанша екені толық айқын емес. Сондықтан да қосымша өндірілген сирек металдардың көбінің бағасы дәлелсіз жоғары болып жүр. Мысалы, негізгі металдардың ең қымбаты қорғасынның бағасынан сирек металдардың бағасы он есе артық. Сол себептен де өте қымбат сирек металдар халық шаруашылығына кеңінен пайдаланылмауда. Бұл, бір жағынан, оларды өндіру ісіне кедергі болып та жүр.

Түсті металлургия рудаларын, концентраттарын және шала өнімдерін бағалау мәселесі де—өте маңызды мәселенің бірі. Мысалы, бір заводта шикізаттан 10-нан аса металл шығарылса, қазір оның тек негізгі 2—3-і ғана концентратта бағаланып жүр. Сондықтан байыту фабрикаларына қорыту заводтарындағы қосымша алынған металдардан ешқандай пайда түспейді.

Егерде, баға қоюдың жаңа жүйесі жасалып, шикізаттан алынатын бағалы қосындылар толық бағаланса, кәсіпорындарда шаруашылық есепті және шикізатты комплексті пайдалану әдісін кеңінен енгізудің материалдық стимулын нығайтуға қолайлы жағдай туар еді. Бұл мәселені де шешетін мезгіл жетті.

Сонымен өзіміздің Отандық ғылым мен шетелдік тәжірибелер түсті металлургияда шикізатты комплексті пайдаланудың маңызды және болашағы зор әдіс екенін дәлелдеп отыр.

Сондықтан да мұндай озат әдістерді өндірісте мейлінше кеңінен қолдана отырып, қолда бар барлық резервтер мен мүмкіндіктерді толық пайдалану кезек күттірмейтін келелі істің бірі. Бұл үшін ынта-жігермен бірге дәйекті табандылық керек.

Сауын сиыр фермасын механикаландыру тәжірибесінен

Г. ЧЕРНОВ.

Алматы мал дәрігерлік институтының оқытушысы, доцент

Партияның Орталық Комитетінің март Пленумы ауыл шаруашылығын онан әрі өркендету, халықтың азық-түлік жөніндегі өскелең қажетін неғұрлым толық қанағаттандыру үшін қажетті астықтың, еттің, сүттің, өзге де өнімдердің молшылығын жасаудың нақты жолдарын белгілеп берді. Кәзір бүкіл совет халқы партия белгілеген бұл шараларды іске асыруға жұмыла кірісті. «Ауыл шаруашылығын қарыштап өрге бастыру, — делінген Пленум қаулысында, — сөйтіп еліміздің ауыл шаруашылығы өнімдері жөніндегі өсіп отырған керектерін толық қанағаттандыруды және еңбекшілердің тұрмыс дәрежесін онан әрі арттыруды ең қысқа мерзімде қамтамасыз ету коммунистік құрылыстың басты және шұғыл міндеттерінің бірі деп саналсын».

Осы міндетті орындауда Қазақстан айрықша орын алаты. Бұған мынадай мысал келтірсек те жеткілікті. Жиырма жыл аяғында республикада 3,5 миллион пұт астық, 40 миллион 200 мың тонна ет, 232 мың тонна жүн, 8 миллион 600 мың тонна сүт өндірілуге тиіс.

Бұдан біз республика еңбеккерлеріне мол астықпен қабат, қыруар мал өнімін өндіру жөнінен зор жауапкершілік жүктелетінін көреміз.

Әлбетте, елімізде мал өнімдері мол болу үшін малдың саны көбеюге тиіс. Мысалы, Қазақстанда жиырма жыл ішінде тек ірі қара ғана 13 миллионға жетеді. Бұл сиыр фермаларындағы барлық жұмысты толық механикаландыруды керек етеді. Мұны істемеген жағдайда қосымша мындаған сауыншы мен бақташы қажет болады. Сиырды машинамен сауып, байлаусыз бос баққан, азықтандырудың жаңа әдісін қолданып, қора-жайды механизм күшімен тазалаған кезде ғана еңбек өнімділігі артады, өнім арзанға түседі, малшының еңбегі жеңілдейді.

«Ауыл шаруашылығында еңбек өнімділігін арттырудың негізі, — делінген партияның жаңа Программасында, — ауыл шаруашылығын онан әрі механикаландыру, барынша толық механикаландыруды қолданып, автоматика құралдарын пайдалану, әрбір аймақтың жағдайларына сай келетін техникалық-экономикалық көрсеткіштері жоғары машиналарды енгізу».

Бұл мәселеге Совет Одағы Коммунистік партиясының Орталық Комитеті мен СССР Министрлер Советінің еліміздің бүкіл ауыл шаруашылығы қызметкерлеріне жолдаған Үндеуінде де ерекше көңіл бөлінген.

Сиыр фермасында еңбекті көп керек ететін жұмыстарды қандай жолмен толық механикаландыруға болады?

Мұның ең бастысы — сиырды механизм күшімен сауу. Бұл арада біз сиыр сауатын бүкіл залды жоғары өнімді аппаратпен толық жабдықтау, яғни сауудан бастап сүтті тасымалдауға дейінгі барша жұмысты механикаландыру жайын айтып отырмыз. Тек сонда ғана фермадағы жұмыс, әсіресе сауыншы еңбегінің түр-сипаты біржолата өзгереді. Мәселен, бір сауыншы қолмен 10—12 сиырдан жылына орта есеппен 30—40 тонна сүт сауса, «елочка» қондырғысымен 100 және

одан да артық сиырды камтып, 300 тоннадан астам сүт алады. Қол еңбегі қолданылатын фермада бір адам бір центнер сүт өндіруге орта есеппен 14—15 сағат уақыт жұмсаса, механикаланған фермада — небәрі 5—6 сағат уақыт жұмсайды.

«Елочка» үшін қораны арнап салуға да, бұрынғы қораны лайықтап қайта бейімдеуге де болады. Залда екі сиыр бір бағытта қатарласып тұрады. Залдың қақ ортасындағы адам өтетін жолдың едені төменірек салынады. Бұл сауыншының еңкеймей, тік тұрып жұмыс істеуіне мүмкіндік береді. Залдан сүт түтік арқылы әуелі резервуарға, одан автомобиль цистернасына беріледі. Сауыншы сүтке қол тигізбейді. Күрделі аппаратураны, моторды, электр жүйесін бір ғана механик басқарады. Сиырға жем сауылар алдында залда беріледі. Бұған дағдыланған мал сауын кезінде залға өзі кіреді.

Ал, «елочкасы» да, арнаулы сауу залы да жоқ фермаларда не істеу керек? Бұларда сиыр сауатын жеке аппаратты қолдануға болады. Еңбек өнімділігін арттыру үшін жұмысты дұрыс ұйымдастыру қажет. Малға жемшөп беру бақташыларға, ал сиыр сауу, малды тазалау, ыдысты жуу, аппаратты күту сауыншыларға жүктеледі.

Бұл жөнінен жанадан шығарылған сауу аппаратын қолданудың маңызы зор. Совет конструкторлары мен инженерлері «Рига» атты екі тактылы жаңа машина жасап шығарды. Үш тактылы аппаратқа қарағанда бұл сиырды үш есе жылдам және сарқа сауады; сауу стакандарын түсіп кетпес үшін бұрынғыдай сиырдың беліне байлап қоюдың қажеті жоқ. Жаңа машинаның осындай артықшылықтары сауыншының қамтуындағы сиырдың санын көбейтуге, еңбек өнімділігін арттыруға жағдай жасайды.

Бірақ, мұның бәрін «елочка» орнатқанға дейінгі уақытша шара деп ұғыну керек. Ең қолайлысы, ең тиімдісі — «елочка».

«Елочканың» экономикалық пайдасы қандай? Жамбыл облысының Жуалы ауданында колхоздар мен совхоздардың бәрінде дерлік «елочка» қолданылады. Тек бір жылдың ішінде мұнда 30-ға тарта агрегат орнатылды. Осы ауданның «Большевик» колхозында бұрнағы жылы 377 сиырды 34 сауыншы сауатын. Бір центнер сүт өндіруге бір адам 38 сағат уақыт жұмсайтын. Сүттің центнері — 12 сом 17 тиынға түскен-ді. Енді 411 сиырды 11-ақ адам сауады. Өткен жылы бір центнер сүтке 8,5 сағат уақыт жұмсалып, оның түсер құны 6 сом 50 тиын болды. Ферманы механикаландырудан бұрын колхоз зиян шегіп жүрсе, былтыр 7 190 сом пайда түсірді. Агрегаттың құны бір жылдың ішінде-ақ артығымен өтелді.

Фермадағы ауыр еңбекті керек ететін жұмыстың бірі — малды азықтандырып, қора-жайды тазалау. Бұларды механикаландыру — сиыр сауудан кейінгі екінші кезектегі мәселе.

Жемшөпті қораға аспалы жол, еденге төселген рельспен вагонетка арқылы жеткізуге болады. Бірақ мұны жұмысты механикаландырудың жетілген түрі деуге болмайды. Бұл әдісті кәзір екінші бірі қолданып жүр. Вагонетканы қолмен жүргізуге, жемшөпті әр малға жеке бөліп беруге тура келеді. Бұған уақыт та көп кетеді. Сондықтан ең тиімдісі — малды байлаусыз бос бағу. Оның мәнісі мынадай: ортада ашық алаң болады, алаңның екі жағына қора салынады. Бірінде сиыр тынығады, екіншісінде сауылады. Едені теп-тегіс болады. Жемшөп алаң ортасына үйіліп, оны айнала ақыр жасалады. Ақырдан жемшөпті малдың өзі жейді. Қора тракторға тіркелген бульдозермен тазартылып тұрады; қораға мал бұрынғыдан бір жарым есе көп сияды; ақыр мен қоршау үшін құрылыс ағашы бұрынғыдан аз жұмсалады; жемшөп күн сайын тасып әкелінбейді. Бұдан біраз уақыт, көптеген қаржы үнемделеді, мал бағатын адам саны үш-төрт есе азаяды.

Әрине, бұл — барлық фермаға бірдей қатаң ереже емес. Ауа райы, жер жағдайына байланысты әр шаруашылықта ауыр еңбекті керек ететін жұмыстарды әртүрлі жолмен механикаландыруға болады. Мәселен, кей жерде пішен арнаулы жылжымалы жемшөп тасығышпен тасылып, ақырға салынып беріледі. Бірақ бір мәселенің басы ашық: механикаландырудың барлық түрі бір-бірімен өзара байланысты шешілмесе, олар экономикалық жағынан тиімді болмайды.

Жуалы ауданында фермаларды механикаландыру осы бағытта жүргізілуде. Мұнда «Ауылшаруашылық техникасы» аудандық бірлестігінің жанынан мамандандырылған үш бригада құрылған. Әр бригаданың құрамында 13—15 адам жұмыс істейді. Бір бригада «елочканы» құрастырып, орнатумен, екіншісі—труба орнатып, су жеткізумен, үшіншісі — жемшөп булағыш, жемшөп таратқыш, бункер, өзге де механизмді орнатумен шұғылданады. Бұл бригада мүшелерінің өз мамандығын жетілдіре түсуіне, жоғары еңбек өнімділігіне жетуіне мүмкіндік туғызуда. Бригадалар жұмысты екі-үш шаруашылықта бір мезгілде жүргізеді. Жұмысшы қолы, материал тиімді пайдаланылады.

Жуалылықтар тау етегіне орналасқан фермаларда автомат суарғыш үшін тау бұлақтарының жоғарыдан құлап ағуын пайдаланады. Тау бұлақтары етектегі қораға қарай екпіндей ағып келіп, трубамен автомат науаға құйылады. Демек, мұнда су мұнарасын жасаудың қажеті жоқ.

Жуалылық шеберлердің осы құнды тәжірибесін республиканың тау бұлақтары мол аймақтарында, әсіресе Алматы, Шығыс Қазақстан облыстарында, Семей облысының тау бөктеріндегі шаруашылықтарында қолдануға әбден болады.

Фермадағы жұмыстарды түгел механикаландыру мәселесін Алматы облысының Еңбекшіқазақ ауданындағы «Жаңашар» совхозы басқаша шешкен. Мұнда сиыр қайта жөнделген ескі қорада байлаусыз бағылады. Бұрынғы 100 сиырдың орнына 200-дей сиыр сияды. Қорада бетондалған екі қатар ақыр жасалған. Алаңда ұсақтап туралған пішен мен сабан транспортер арқылы алдымен шатырдағы бункерге беріледі де одан жемшөп таратқыш науалы транспортерге құйылады. Бұл транспортер жемшөпті тиісті ақырға алып барып қотарады. Малдың астына төселетін сабанды да осы транспортер жеткізеді.

Суды арнаулы түтікке беретін насос та жемшөп таратқыш транспортерге орнатылған. Жазғытұрым асфальтті еден резина түтік арқылы сумен тазартылады. Мал серуендейтін алаңға да асфальт төселген. Алаң жылдың қай мезгілінде болмасын таза тұрады. Сүрлем алаңның бір шетіне салынған. Сүрлемнің және бүкіл алаңның айналасы сымтемірмен қоршалған, оған кернеуі төмен ток жіберілген. Әдетте мұны «электр бақташы» деп атайды. Сондықтан да мұнда қымбатқа түсетін кірпіш дуалдың яки басқа қоршаудың, бақташының қажеті жоқ. «Электр-бақташысын» жасау қиын емес. Бұған тек трактор магнетосы мен сымтемір ғана керек. Алаңда электр жарығы бар. Қи мұнда бір бөлек үйіледі де көктемде ферма маңындағы мал азығы, ең алдымен жүгері егілетін жерге төгіледі. Жүгері — фермадағы негізгі азық.

Совхозда «елочка» оған лайықтап қайта жөнделген бұрынғы ескілеу қорада орнатылған. Сауыншыға ыстық су әрдайым даяр; қораға жылы ауа беріп тұратын колорифер, канализация жұмыс істейді; жем люк арқылы жеткізіледі. Қысқасы бәрі механизм күшімен атқарылады. 200 сиырды Вера Гома мен Мария Гардер сауады. Әрбір сауынға (мұнда таңертең және кешке сауылады) 2,5 сағат уақыт жұмсалады. Сауыншылар қалған уақытты ыдысты жууға, сауу аппаратын тексеріп әзірлеуге пайдаланады. Жұмыс күні — 7 сағат.

Осылардың нәтижесінде еңбек өнімділігі шұғыл артып, сүттің түсер құны едәуір кеміді. Сиырды қолда ұстап баққанның өзінде бір центнер сүт 8 сом 80 тиынға түсті. Ферма тиімді шаруашылыққа айналды.

Фермаларда механизацияны керек ететін басқа да бірқатар жұмыс бар. Мысалға сиырдың үстін тазартуды алайық. Сауыншының бұған көп уақыты кетеді. Олардың қолындағы бар қаруы — щетка мен тарақ. Ал Москва түбіндегі шаруашылықтарда кәдімгі шаң сорғыш қолданылады. Бірақ бұл экономикалық жағынан тиімсіз, жұмысқа қолайсыз. Сондықтан да сиыр тазартуға сауу аппаратының вакуумын пайдалануға болады деген пікір айтылып жүр. Инженерлер мен село механизаторларының бұл әдісті біздің республикада да сыннан өткізіп көргені жөн.

Сиыр сауу жұмысын механикаландырумен бірге сүтті өңдеу технологиясы жөнінде де ойластырған жөн. Сүтті алғашқы өңдеу—сүзу. Егер сүтті арнаулы сүзгішпен яки дәкемен сүзсе, микробтың 6 есе көбейіп кететіні анықталды. Бұл көбінесе дәке мен сүзгіштен жұққан микроб.

Совет конструкторлары мен технологтары центрифугтен өткізу арқылы сүтті жақсы тазалаудың жаңа әдісін ойлап тапты. Әрбір шаруашылық осы әдісті қолдануға тиіс.

Фермадағы жұмыстарды жаппай түгел механикаландырмай тұрып үздік табысқа жетуге болмайды. Жаңа техника, бір жағынан, еңбек өнімділігін арттырса, екінші жағынан, малшылардың мәдени-техникалық дәрежесін көтереді. «Ауыл шаруашылығын техникалық жағынан жарақтандыру, — делінген партияның жаңа Программасында, — еңбек пен өндірісті ұйымдастырудың неғұрлым прогресті түрлерімен және әдістерімен, ауылшаруашылық өндірісі еңбеккерлерінің мәдени-техникалық дәрежесін үздіксіз көтере беру ісімен ұштастырылуға тиіс». Партия ұйымдары бұл нұсқауды басшылыққа алуға тиіс.

Сиыр фермаларында, мал шаруашылығының өзге де салаларында механик, электрші деген жаңа мамандықтар пайда болды; механикаланған ірі сиыр фермалары нағыз сүт фабрикаларына айнала бастады. Бірақ бұл алдағы үлкен істің—мал шаруашылығындағы барлық жұмысты толық механикаландырудың бастамасы ғана.

Дегенмен, осы бастаманың экономикалық маңызын жете түсінбейтін адамдар бар. Әңгіме мал шаруашылығындағы кейбір жұмысты там-тұмдап механикаландырып, қиыншылықтан шығуға сылтау іздеуде емес. Әңгіме еңбекті көп керек ететін жұмыстың бәрін толық механикаландыруда, әсіресе «елочканы», сиырды байлаусыз бос бағу әдісін республиканың барлық шаруашылығында кеңінен қолдануда болып отыр. Партия ұйымдарының алдымен осы негізгі мәселелерге баса назар аударғаны жөн.

Бұл салада «Қазақ ауылшаруашылық техникасының» республикалық бірлестігі, оның кейбір облыстық, аудандық бөлімшелері шабан қимылдан келеді. Олар шаруашылықтарды жаңа конструкциялы сауу агрегаттарымен дер кезінде қамтамасыз етпей, «елочканың» экономикалық тиімділігін жеткілікті насихаттай алмай келеді. Бірқатар колхоз бен совхоз басшылары мал фермаларын толық механикаландыруға жете мән бермейді.

Кемшілікті тез жойып, жаңаның жаршысы болу — мал шаруашылығында еңбекті көп керек ететін жұмыстың бәрін толық механикаландыруға, соның негізінде еңбек өнімділігін еселеп арттыруға, жұмыс мәдениетін көтеруге ат салысу — партия, совет, шаруашылық ұйымдарының түбегейлі міндеті.

Шығарма және характер

Р. БЕРДІБАЕВ

Әдебиеттің нысанасы—болмыс шындығын көркем образ арқылы ашу. Бірақ бұл өте қиын әрі күрделі міндет. Өмір ақиқатын көркемдік шындыққа көтеру үшін көптеген заңдылықтар мен шарттылықтардың орайласуы қажет. Әдебиет болған мен болатынды қаз қалпында төтелей, тікелей көрсетпейді. Объективті құбылыс растығы, авторлық талғам-таразы, характер табиғаты ажырамас бірлестікке, бүтіндікке келгенде ғана сомсурет тұлғалар жасалмақ.

Характер—адамның психикалық, мінездік ерекшеліктерінің жиыны. Ал сол ерекшелік әртүрлі жағдайда, адамның басқалармен қарым-қатынасында, қоғамдық және жеке өмір өткелдері үстінде көрінбек, және адамның қасиеттері өскен қоғамдық ортаға сәйкес қалыптасады. Көркем әдебиетте характер деп даралық сыпаты ашық, неғұрлым толық әрі айқын суреттелген адам образын айтады.


Нағыз типтік характер өмірдің қайнаған ортасынан алынады. Жазушы характерді әлеуметтік қайшылықтарды нақты суреттеудің амалы ретінде таңдайды. Характер дегеніміз—тұлға бітімі, іс-әрекеті, күйініш-сүйініші дара қалпында танылып, ойға елестерліктей дәлдікке, растыққа жеткен адам образы. Оның оқушыға әсер берерлік күші де нақты анықтығына байланысты. Әрбір характерде, сонымен бірге зор жинақтаушылық күдірет бар. Өмірдің өзінен, жазушы тәжірибесі мен идеалынан қорытылып шыққан характер бүкіл шығармаға өзгеше қуат береді.

Сонымен характердің жалпылық та, жалқылық та жақтары болады. Жазушы шығармасында замананың, белгілі ортаның, ұлттық өмірдің жағдайларын неғұрлым кеңірек, тереңірек көрсетуге мүмкіндік беретін характерлер жасауға ұмтылады.

Көркем бейнелер жазушының эстетикалық идеалын да аңғартатын таразының бірі. Ұлы мұраттарға ұмтыла білмеген, халықтық, отандық өмірдің келешегіне көз жібермеген, жақсысына сүйініп, олқысына өкінбеген суреткер биік нысаналы, бойына заманалық сыпаттар артқан характер жасай алмайды.

Дүние жүзіндегі ең демократияшыл, халықтық, бай әдебиет—орыс әдебиетінің тәжірибесінен характер проблемасының қаншалықты маңызды екені көрінеді. Орыстың классикалық әдебиетінен неше алуан кесек характерлерді табамыз. Атақты суреткерлер кеудесін кернеген жан лебізін өздері жасаған ұнамды қаһармандарының аузымен айтып, зұлымдық пен өктемдік иелерін де күшті характерлер жасау арқылы мейлінше мол, толық әшкерелей алған. Гончаровтың, Л. Толстойдың, Достоевскийдің, Тургеневтің тағы басқа да алып жазушылардың шығармаларында өз кезінің шындығын жинақтап елестете алатын қилықилы тұлғалар бар екені белгілі. Орыс классиктерінің үлкен өнегесі көркемдік шеберліктің жарқын, биік үлгісі болып қала бермек.

Совет әдебиетінде дәуір шындығын байқататын көптеген шығармалар туғанын білеміз. Оларда сан алуан ірі характерлер де жасал-



ған. Сол характерлер социалистік өміріміздің өсу эволюциясын, күрес-тер мен тартыстар сырын, даму бағытын жақсырақ түсінуге көмектеседі.

Д. Фурмановтың «Чапаев» романындағы қолбасы Чапаев образын еске түсірейікші. Сол образда азамат соғысы күрескерлерінің ең озық, типтік сыпаттары жинақталған. Чапаевтар дәуірмен бірге тыныстаған, бүкіл еңбекшілер еліне түскен ауыртпалықты нақ өз басына түскендей сезініп, «не істеу керек» деп дағдармай, жорыққа аттанған ерлер. Алған бетінен қайтпайтын тегеуірінділік, ақыл, сезім, үміт, арманның бәрін бір мақсатқа—күрес жолына бағыштай білушілік, мінездің тұтастығы—совет өкіметі үшін арпалысқан ардагерлердің ортақ мінездемесі деуге болады.

Н. Островскийдің «Құрыш қалай шынықты», А. Фадеевтің «Тас-талқан», А. Серафимовичтің «Темір тасқын» романдарындағы Павел Корчагин, Левинсон, Морозка, Кожух образдары типтік характерлер дәрежесіне көтерілген. Оның басты себебі, объективті өмір оқиғаларының типтендіріліп, ең ұрымтал жерінен алынғанында; характерлердің толық, дәйектілікпен табиғи берілуінде, суреткерлердің субъективтік ұмтылыстары қоғамның ілгерішіл тенденцияларымен сәйкестікке келуінде. Әрине, бұл шығармалар шеберлік жағынан барлық өрнегі өлшеулі, мүлде кемшіліксіз деуге болмайды. Кейде асығыстықтан, кейде тәжірибенің аздығынан кеткен олпы-солпы жақтары жоқ емес. Мұны әдебиет зерттеушілер ғана емес, сол жазушылардың өздері де көрсетеді.

Дегенмен, шығармадағы бас характерлер өмірден ойып алынған кезде, оқиғалар мен әрекеттер әрі шыншыл болып, әрі характер табиғатынан туып отырған жағдайда көркемдік жинақтаулардың әсері әсе түсетінін жоғарыда аталған шығармалар айқын дәлелдейді.

Орыс совет әдебиетінде тәрбиелік мәні күшті көптеген типтік тұлғалар жасалған. Олар біз ілгеріде мысалға алған, азамат соғысының оқиғаларына құрылған шығармаларда ғана емес, социалистік өмірдің әр кезеңін суреттеген туындыларда да бар. Біздің елдің басынан кешірген ұлы істерінің көркем шежіресін, сол істерді тындырушы адамдардың өшпес бейнесін әдебиеттің таңдаулы үлгілерінен ұшыратамыз.

Туысқан халықтар әдебиетінде азамат соғысы тақырыбы суреттелгені белгілі. Қазақ әдебиетінде де бұл тақырыпқа ұлылы-кішілі бірталай шығарма жазылған. Соның ішінен бірнеше романды атай аламыз. С. Мұқановтың «Ботакөз» романының тұтас бір бөлімі аталған дәуір оқиғаларын қамтиды. Соңғы жылдары З. Шашкиннің «Тоқаш Бокин», Х. Есенжановтың «Ақ жайық» романдары жарияланды. Бұларда Қазақстанда совет өкіметін орнату үшін жан аямай табанды күрес жүргізген Тоқаш Бокин, Павел Виноградов, Әбдірахман Әйтиев, Дмитриев сияқты саналы күрескерлердің тап жауларымен шайқасы баяндалады.

Коллективтендіру дәуірінің оқиғалары көркем әдебиет шығармаларында да із қалдырған. Бұған да түрлі жанрдан мысал көп. Алайда, солардың бәрінің ішінен М. Шолоховтың «Көтерілген тың» атты романын бөлек атау керек. «Көтерілген тыңнан» әлеуметтік түрлі топ өкілдерінің жанжақты жасалған типтерін танимыз. Солардың әрқайсысының өскен ортасына, қоршаған қауымына тән психикалық өзгешеліктері де елестейді. Давыдов, Нагульнов, Разметнов, Майданниковтар—бір-біріне ұқсамайтын дара мінездің адамдары. Осылар және басқа көптеген образ арқылы жазушы коллективтендіру дәуірінің тамаша тұлғаларын жасаған.

«Көтерілген тыңда» кесек қалпында көрінетін типтік тұлғалардың нағыз өмірдің өзінен алынған, ақиқат жинақтаулар екені мәлім. Сол дәуірдің қайшылығын романдағы басты тұлғалар бейнесінен анық аңғарамыз. Давыдовтар, Нагульновтар характерінсіз алдыңғы қатарлы адамдардың жана тұрмыс үшін жасаған өлшеусіз еңбегін түсіну қиын.

Немесе Островнов сияқты жау элементтердің дүлей қарсылығын көрсетпейінше, күрестің қаншалықты қатал болғанын білу онай соқпас еді. Характерлердің белгілі дәуірдегі әлеуметтік және басқа тартыстарды түйіндеп ашу құралы, күрес көрсеткіші болатыны осыдан.

Қазақ әдебиетінде коллективтендіру кезеңіне әр жанрда көп шығарма арналған. Поэзияда, прозада, драматургияда колхоздасудың алғашқы кезеңін, өсу-даму қиыншылықтарын суреттеген туындылар («Теміртас», «Дауылдан кейін», «Мөлдір махаббат» романдары) бар.

Ұлы Отан соғысының, соғыстан кейінгі дәуірдің сыпатын таныстыратын шығармалар, соның ішінде романдар бүкіл совет әдебиетінде көптеп кездеседі. Оларды түгелдеп тізіп, шетінен санап жатпаймыз. Тіпті ең таңдаулы нұсқаларды да мысалға толық келтіру мүмкін емес. Біздің мақсатымыз—ұлы оқиғаларға толы бұл кезеңдер әдебиетте бірсыпыра сом характерлер қалдырғанына назар аударту.

Әсіресе, Ұлы Отан соғысы кезінде бүкіл еліміздің халықтарының қажыры, өмір сүйгіштігі, советтік құрылысымыздың мығымдығы таразыға түсті. «Не өмір, не өлім» дегізген сол ауыр шақ адам мінезін, жанын бұлтақсыз болжататын сын өлшеуіші тәрізді еді. Бойда күшті, ойда ақылды іркіп қаларлық ақуал жоқ болатын. Сол кезде совет адамдарының ғажайып ерліктер көрсетіп, асқақтаған жауды қырғынға ұшыратқаны әмбеге мәлім.

Қазақ жауынгерлерінің Отан алдындағы парызын абыроймен ақтағаны Қ. Аманжоловтың «Абдолла» поэмасында, Ғ. Мүсіреповтың «Қазақ солдаты», Т. Ахтановтың «Қаһарлы күндер», Ә. Нұрпейісовтың «Күткен күн» романдарында суреттелген.

Өмірдің объективті құбылыстарының сыпатын қаламгердің терең тексеріп, анық ұғынуы аса маңызды шарт. Сонымен бірге оқиғалардың типтендіріліп алынуы қандай қажет болса, сол оқиғалардың характерге сәйкес келуі де міндет. Шығарманың ақиқаттық мәні өмірмен өлшеніп бағаланса, оқиғалардың ішкі дамуы характерлер әрекетімен көрінеді. Сонымен, суреткердің объективті болмысты қаншалық танығаны, өз басының тақырыпқа тереңдеп, идеяға берілгені, бүкіл білім, тәжірибе, әсерлері характер жасауға жұмсалмақ.

Ал сәтімен табылған характердің оқиғалар мен ситуациялар табуға көмектесетінін үлкен суреткерлер мойындайды. Атақты драматург Н. Погодиннің бұл жөніндегі пікірлері аса қызғылықты. Ол пьесадағы әрекеттер қаһарман табиғатынан шығуы керектігін айта келіп, нағыз шыншыл образдың әрекетке өзі бастайтынын ескертеді. Ондай жағдайда істің барысын қолдан өзгерту жасандылыққа апармақ. Әуелі геройлар жүретін жолды сызып алып, сонан кейін кейіпкерді сол жолға әкеліп түсіру дегенге қарсымын, дейді Н. Погодин.

Өмірде кездесетін мінездер мен әдебиеттік характерді бірдей деп қарау қате. Қандай да болсын шикі материалдың көркемдік жинақтаудың заңдылығына бағынатыны сияқты, характердің де көп сүзгіден өтетіні анық. Бұл—жазушының таланты мен тәжірибесін жұмсауды қажет ететін үлкен процесс.

Біздің көрнекті жазушыларымыз образ табиғатын іздеудің аса күрделі жұмыс екенін әрдайым ескертіп келеді. Бұған мысалға М. Әуезовтың «Абай жолы» эпопеясын, С. Мұқановтың «Мөлдір махаббат» романын қалай жазғанын айтсақ жеткілікті.

Жазушы М. Әуезов Абай туралы романдар жазу тұсында әрбір қаһарманның шын тұлғасын танудың онай болмағанын ескертеді. Ешбір дерегі қалмаған, өткен дәуірдің сан адамын қайта тірілткендей етіп, көркемдеп жандандыру үшін олардың әрқайсысын әлеуметтік орны, психологиялық келбеті тұрғысынан зерттеп шығу қажет болған. Әр адамның өмір кешуін, басқалармен қатысын, әрекетінің сырын,

тілдік ерекшелігін, ішін-тысын анық біліп, орны-орнымен көрсету үшін суреткердің қыруар еңбек сіңіргенін айтпай түсінуге болады.

Әдеби характер өмірдегінің жалаң көшірмесі емес, жаңартылған, толықтырылған, әрі талғанып айқындалған жиыны болатынын жазушы С. Мұқанов өз тәжірибесімен растайды. Ол «Мөлдір махаббат» романының қалай жазылғанын баяндаған мақаласында («Қазақ әдебиеті», № 43, 1959 ж.) қызғылықты мәліметтер келтірген. Мақалада «Мөлдір махаббаттың» оқиғалары мен ситуациялары өмірде болғандағыдан өзгергені көрсетіледі. Кісі өлтіріп, заң алдында жазалы болған Сұлтанбектің (Бүркіттің прототипі) сондай тосын, ауыр қылмысқа қалай барғанына тартыстың терең себебін іздестіру арқылы көз жеткізеді, әлеуметтік қайшылықтардың шиеленген түйінін табады. Шындығында жазушы материал ізімен бірыңғай кетсе, көп нәрсе көмескі қалар еді.

Қазақ совет әдебиетінің көрнекті шығармаларынан түрлі кезеңнің жағдайларына тән мол әлеуметтік қайшылықтар мен тартыстар жаратылысына қанығумен қатар, көптеген кесек характерлерді де кездестіреміз. Бұл жөнінде романдар айрықша табысты. «Абай жолы», «Ботакөз», «Мөлдір махаббат», «Оянған өлке», «Дауылдан кейін», «Шығанақ» және басқа романдарда ұсталықпен жасалған бейнелер бар.

«Ботакөз» романы революциядан бұрынғы қазақ өмірінің ең елеулі мәселелерін, түбірлі түйіндерін, әлеуметтік қайшылықтардың кесепатын, халықтың бостандыққа деген ынтығын дара образдар арқылы таныта білді. Біз Ботакөздің, Асқардың, Амантайдың, Темірбектің аттары ғана біліп қоймай, олардың халықтың бақыты жолындағы күресқимылына да сендік. «Мөлдір махаббатты» атасақ, ойымызға Әбу, Бүркіт, Бәтес есімдері оралады.

Қазақ романдарының шын құндылары адам образын жаңадан, соныдан жасауымен қадірлі. Шығарманың салмағы әйтеуір әлеуметтік мәселелерді санап айтуымен емес, белгілі таптың, топтың, ортаның болмысын неғұрлым толық ашарлық характерлер шығаруымен өлшенбек. «Оянған өлке» романынан, мәселен, Игілік пен Жұманның бір-біріне ұқсамайтын табиғи бейнелерін ерекшелеп атайтынымыз сондықтан. Осылайша қай шығарманы алып қарасақ та, олардан адам тұлғаларын іздестіруіміз заңды. «Шығанақ» романының жақсылығы—қазақ халқының озық сыпаттарын бойына сіңіре алған, әрі қайталанбас өзіндік өзгелігі бар, биік бейне—Шығанақ образының жасалуына көп байланысты.

Академик М. Әуезов «Өмір мен шығарма» деген мақаласында характер жасау жайында терең ойлар тастайды. «Әдебиет адамды тану өнері деп танылғанда, әр шақта, әр дәуірде адамды оның жан-дүниесінің, жаратылысының барынша шарқына жеткен шағына апара түсіп, суреттеу керек болатын. Бұлай болса, махаббат та бар шырқау барған шағымен алынады. Ерлік батылдық та, кек пен өштік те, құрбандық пен тайталас та, қастасу мен ұстасу да ең төркі өрісіне жету шарт. Мұндай кездерде адам өзін-өзі ұмытар халге жететіні болады. Дағдылы мерзімді кезінен мүлде өзгеріп өсіп кететіні бар. Сондай күйден ғана терең шындық шығармасы туады».

Қазіргі дәуір тақырыбына жазылған шығармалардан да замандастарымыздың әсерлі, толық, анық бейнесін іздеуіміз де әбден заңды. Біздің қоғамда нағыз коммунистік саналылыққа көтерілген үлгілі, озық, парасатты жандар аз емес. Өз мүддесінен халық, Отан алдындағы парызын жоғары қоя білетін, еңбекте ғана емес, адамгершілікте де өнегелі адамдар қатарымызда жүр. Суреткер өмірде туып отыратын жаңалықтың көрегені, мінездің, жанның білгірі болсын, қолдан икемдемей, анық даралығы, қайталанбас келбеті бар характерлер тудырсын демекпіз.

Бізде осы күнгі өмірді суреттеуге арналған шығармалар сан жағынан аз емес. Бірақ солардың ішінен көңілден шығатыны тіптен сирек. Мұның өзі жазушыларымыздың әлі де болса шығарма идеясын тереңнен тартуға, көркемдік шеберлікті шыңдауға жеткілікті көңіл бөлмей келе жатқанына дәлел.

Замандастар өмірін көрсететін шығармалар ішінен соңғы жылдары ауызға ілінген туынды—З. Шашкиннің «Теміртау» романы. Шынында да бұл романның бойында кейбір сонылықтар бар. Жазушы қаһармандар бейнесін іс-әрекет, өсу-өзгеру үстінде көрсетуге талаптанған. Мұнда Дәмеш, Қайыр сияқты іскер жас инженерлердің тұлғасы берілген. Бұлар жұмыс қарқынын арттыру үшін күресе білетін, төрешілдік, көзбояушылық дегендерге төзбейтін, ойына алғанын іркілмей айтатын, батыл мінезділер болып көрінеді. Дәмештің, Ораздың, Қайырдың басында осы күнгі озат жас мамандарға тән сыпаттар табылады. «Теміртауда» осылармен қатар Мүсілім, Мусин сияқты сөзге жүйрік, епті, бірақ ел үшін бел шешіп іске кіріспейтін пайдакүнем, қоғамға залалды адамның кескіні елестейді.

Оқиғалық мазмұны шыншыл, тартыстары табиғи өрілген осы романның кемшілігі характерлерді даралаудың толық еместігінде жатқан сияқты. Нағыз бұлтартпайтын ақиқаттың өзін көркемдік шындықпен беруге жазушының әлі төселмегені байқалады. Геройдың әрбір қимылы, диалогы, монологы, портрет, мінездеу мейлінше дәл, екшеліп берілмей, дәуір тынысын танытарлықтай характерлер жасау қиын.

Соңғы жылдары басылып шыққан қазақ романдарында жеке мінез қырлары көрінген басқа да образдарды атауға болар еді. Бізді, мәселен, Ә. Нұрпейісовтың «Қан мен тер» романында кейіпкерлерді даралап көрсетуге ерекше күш салғаны сүйсіндіреді. «Қан мен терде» Еламан, Қален сияқты өжет жандардың келбеті, мінездік ерекшелігі ұтымды берілген. Жазушы революция қарсаңындағы Арал балықшыларының жай-күйін жеке адамдар тағдыры арқылы жинақтап суреттеуге ұмтылған. Бірақ әзірше роман қаһармандары белгілі таптың не топтың, қоғамдық күштердің өкілі ретінде типтік сыпатын толық таныта алған жоқ. Бұл, бәлкім, романдағы негізгі қаһармандардың іс-әрекеті үзік-үзік шашырап көрінгендіктен, оқиғалық байланыстың ыдыраңқылығынан болар. Жазушы романының келесі кітабында басты кейіпкерлерді ірілендіруге ерекше зер салғаны жөн. Қоғамдық идеяларды алып барушы характерлердің іс-әрекетінде тұтастық, катал байланыс сақталуға тиіс. Қаншама қызықты көрінген оқиғалардың негізгі идея мен характерлерге қызмет ете бермейтіні де болады.

А. Токмағамбетовтың «Әке мен бала» романында Аманжол, Қадиша сияқты қаһармандар өмір шындығынан алынған. Дегенмен, жазушының адам мінезін, ісін даралау шеберлігі олқы жатыр.

Бұл айтылғандар бізде шыншыл, толық, әсерлі адам образдарын жасауда жекелеген табыстармен қатар, елеулі жетімсіздіктер бар екенін көрсетеді.

Коммунистік партия мен Совет үкіметі қалам қайраткерлерінен халықпен байланысты күшейтіп, елмен кең араласуды талап етіп отыр. Суреткер өз халқының терең мүдделерін анық біліп, зерттегенде ғана көркемдігі кемел, шеберлігі артық шығармалар бермек. Жазушылардың білімі мен зейіні, таланты мен қайраты жаңа характерлер жасауға, басқалар үлгі аларлық, коммунистік қоғам орнатушы жаңа адамның ең асыл мінездерін бар көркімен, сәулетімен көрсетуге бағышталуы керек.

Коммунизм құрылысшысының моральдық кодексі тақырыбына

Адам—адамға дос

Валентина Васильевна Френкель әдеттегісіндей үй шаруасымен айналысып жүрді. Дәл сол күні ол өзінің есімі Екібастұз қаласынан асып, бүкіл республикаға әйгілі болады деп ойламаған-ды. Бірақ күтпеген жерден кездескен бір оқиға жас ана В. Френкельдің есімін елге жайып жіберді. Оның ыстық жүрегі мен болаттай қайрат-жігері кенеттен кездескен дүлей күш — өртті жеңіп шығып, өзінің жоғары адамгершілігімен жұртты қатты сүйсіндірді.

...Валя көршілес тұратын Қайырбаевтар үйінің әйнегінен түтін шығып жатқанын көрді. Ата-анасы жоқта үйде қалған сәбилердің сіреңкемен ойнап бір пәлеге ұшырағанын сезген ол, кездескен бір адамға өрт жөнінде жұртқа хабарлауын өтінді де, өзі жүгіріп дереу жанып жатқан үйге келді. Ащы түтінге толған үйде үш кішкентай бала бар еді. Олардың біреуі бесте, екіншісі екіде, үшіншісі алты айлық болатын. Сәбилерді сақтап қалу үшін жан ұшырған Валя, өз өміріне төнген қауіпті елемей, өртпен арпалыса әйнектен үйге кірді. Қара түтінге булығып, жалынды қақ жара жүріп, ол балалардың бірін кроватьтың астынан, екіншісін еденде етпетінен жатқанынан, үшіншісін бесіктен тауып алып, шала-жансар күйінде бірінен соң бірін далаға алып шықты. Қазір В. Френкель құтқарған сәбилердің бәрінің дені сау, шалқылап жүр.

Өз туықаны емес, «бөтен» адамға бұл сияқты жанқиярлықпен достық жасау тек совет адамдарына ғана тән қасиет. Біздің елде жеңген жаңа қоғамдық құрылыс адамдар арасында бұрын-соңды болып көрмеген жаңа, достық қатынасты да ала келді. Бұл жаңа қатынастардың негізгі талаптары Коммунистік партияның жаңа Программасында коммунизм құрылысшысының моральдық кодексі түрінде тұжырымдалған. Солардың бірі — «адам адамға дос, жолдас және бауыр» деген қағида. Бұл қағиданы орындау адамдар арасындағы кәдімгі қарапайым қарым-қатынастан, ең алдымен адамды-адам деп тани білуден басталады.

Адамды адамға дос, жолдас, бауыр етіп, адамгершілікке баулитын коммунистік моральға қарама-қарсы буржуазиялық, идеалистік мораль үркердей қанаушы таптың, азғындаушы аз таптың жеке меншікшіл мүддесін қорғайды. Соның жоғын жоқтап, соның намысын жырғады. Кәзіргі замандағы империализм итаршыларының да табиғаты дәл осындай. Олар еңбек адамын езіп, үнемі құлдықта, бағынушылықта ұстауға тырысады. Буржуазиялық моральдың негізгі өсиеті — «сен біреуді тонайсың, не біреу сені тонайды», «адам—адамға қас жау» деген адамгершілікке жат қылықтар.

Ғылыми коммунизмнің негізін қалаушылар сонау қаратүнек заманның өзінде-ақ өмірлік мүддесі мен тілегі бір еңбекші адамның адамгершілік қасиетін әрдайым мадақтап отырды. «Жұмысшылардың адамгершілігі, — деп жазды сол кезде Ф. Энгельс, — қуанарлықтай көзге көрініп отырады. Қатал тағдыр олардың өздерін де шолжаңдат-

баған, сондықтан да олар нашар тұрмыстың соққысына ұшырағандармен мұндас бола біледі. Жұмысшылар үшін адам біткеннің бәрі — адам, ал буржуазия жұмысшыны ешбір адам санатына қоспайды. Жұмысшылардың өзара қайырымды, кішіпейіл келетіні де міне осыдан».

Қарапайым еңбек адамдары ғасырлар бойы арман етіп келген асқан адамгершілік пен адал ниетті достық тек Ұлы Октябрь социалистік революциясынан кейінгі жаңа заманда ғана Совет Одағы бастаған социалистік лагерь елдерінің адамдары арасындағы қарым-қатынаста салтанат құруда. Бұл достықтың экономикалық негізі—өндіріс құралдарына қоғамдық меншік, қоғамның әр мүшесінің коммунизм орнату жолындағы мақсат-тілектерінің бірлігі. Барша совет халқының коммунизм ісіне берілгендігі, социалистік Отанға, социализм елдеріне сүйіспеншілігі, әділетсіздікке, арамтамақтыққа, қараниеттілікке, мансапқорлыққа төзбеуі, коммунизмнің, бейбітшілік ісінің және халықтар бостандығының жауына ымырасыз болуы, барлық ел еңбекшілерімен, барлық халықпен ынтымақта болуы, өзара сыйласу, көмек көрсету сияқты жарасымды қасиеттер, сайып келгенде осы негізгі саяси бірліктен туған.

Адамды дүниедегі ең асыл капитал деп санап, оны ең басты өндіргіш күш деп білетін біздің елде адамға сүйіспеншілік, кішіпейілділік, достық сезім көпшіліктің күнделікті әдетіне айналған. Қиын-қыстау жағдайда біреуге жедел қолқабыс көрсету, апатқа кездескен жанды жанқиярлықпен құтқару, кімді болса да мейірімсіз табиғаттың кездейсоқ апатынан аман сақтау сияқты совет азаматтарының бойындағы ізгі мінезді күнделікті өмірден жиі кездестіреміз.

Достық көп салалы. Бірақ дүниеде барлығынан зор бір достық бар. Ол — бүкіл еңбекші бұқарасына жасалатын достық, соның тұрмысын, сәулетті өмірін бақытты ету үшін жасалатын қамқорлық. Дүние жүзінде тұңғыш рет еңбекші бұқараны бақытты етуге тырысып, сол үшін бар өмірін сарп еткен пролетариаттың ұлы көсемдері Маркс, Энгельс, Лениннің есімдерін миллиондаған адам жадында сақтайды. Олардың дүние жүзі еңбекшілеріне жасаған ұлы қамқорлығы, достығы мәңгібақи ұмытылмай, заманалар шежіресі болмақ.

Біздің кемеңгер көсеміміз В. И. Ленин әрбір еңбек адамына асқан қамқорлық жасап отырды. Ол әсіресе азамат соғысының ауыр жылдарында елімізге хауіп төнген кезде еңбекші бұқараға ерекше жағдай жасауды кезек күттірмейтін міндет деп санады. Ұлы көсеміміз Ильичтің өз өмірі, Коммунистік партияның, оның лениндік Орталық Комитетінің барлық күресі адам үшін қамқорлықтың, шын мәніндегі адамгершіліктің бұрын-соңды тарихта болып көрмеген бірден бір үлгісі.

Совет халқының тамаша достық, туысқандық қасиеттері, әсіресе кешегі қан майданда елімізді фашист жеңдеттерінің улы тырнағынан құтқару кезінде айқын көрінді. Мұның өзі совет адамдарының моральдық-саяси бірлігі мен оның қоғамдық құрылысына елеулі сын болды. Бұл сыныя совет халқы сүрінбей өтті. Елімізде коммунизм орнату жолындағы күрес үстінде де бұл қасиет айқын байқалуда. Қазақстанда тың игерудің алғашқы кезінде Павлодар облысындағы Ертіс ауданының бір топ жастары өздерінің ленинградтық достарына хат жазып, олардың тыңға келуін өтінді. Бұларға қайтарған жауабында ленинградтықтар былай деп жазды: «Біз, Ленинградтың Ленин орденді темір жол транспорты инженерлері институтының III курс студенттері, сіздердің достық хаттарыңызға ризалық білдіреміз. Біз 55 адамбыз. Тың жерге барып, сендерге бұл ұлы істе туысқандық көмек көрсетуге әзірміз. Сонымен қатар мынаны білгіміз келеді: сендерде палатка бар ма, әлде біз ала барайық па?».

Көп кешікпей-ақ ленинградтық жастар тыңға келді. Солардың туысқандық көмегімен Ертіс ауданындағы «Западный», Пушкин, Абай

атындағы совхоздардың бірінші қазығы қағылды. Тың жерді игеруде, Қазақстан Магниткасын салуда совет халқының мызғымас достығы нығайып, беки түсті. Қазақстан кәзір халықтар достығының шын мәніндегі республикасына айналды.

Еліміздің халықтары арасында күннен-күнге нығайып келе жатқан достық, бауырмалдық қатынастардың қоғамдық маңызын сыпаттайтын бұл сияқты мысалдарды көптеп келтіре беруге болады. Алайда кейбір кісілер, тіпті қайсыбір ұйымдар достық қатынастардың мағынасы мен ролін күнделікті тұрмыста кездесетін әдеттегі қарым-қатынастың шеңберінде түсінеді.

Азамат Ж. Төлегенов көшеде келе жатып біреудің шоферлік куәлігін тауып алып, оны автобазаға апарып берген. Осы фактіні Шымкент облысы Сарыағаш территориялық-өндірістік басқармасының газеті «Қызыл ту» аса бір ерлік ретінде көрсетіп, оны едәуір сөз етті. Әрине, Ж. Төлегенов дұрыс жасаған. Мұндай жағдайда әрбір саналы азамат солай істеген болар еді. Қарт адамды сүйемелдеп автобуска отырғызып жіберу, адасқанға жол көрсету, үлкенге орын беру сияқты қарапайым қайырымдылықтың толып жатқан түрлерін келтіруге болады. Бұлардың барлығын ұсақ-түйек деп есептемей, әр уақытта қолдан отырған дұрыс.

Бірақ біздің баспасөздің міндеті адамгершіліктің және коммунистік саналылықтың зор қоғамдық маңызы бар тамаша үлгілерін таңдап алып, насихаттау. Коммунизм құрылысшысының моральдық кодексінде көрсетілген ұлы принциптердің жоғары талаптарын бұқараға терең түсіндіру, ол үшін газеттердің өмір құбылыстарын іріктеуде өте талғампаз болғаны жөн. Владимир Ильич үйреткеніндей коммунистік адамгершіліктің негізі — коммунизм орнату және оны нығайту үшін күрес. Совет халқының асқан рухани байлығы тек осы күресте ғана көзге түседі.

Совет адамдары қайырымдылықты, керек жағдайда біреуге көмек көрсетуді өзінің әдеттегі азаматтық борышы деп санайды. Біреуге жасаған жақсылығын бетке ұстау олардың дәстүрінде жоқ. Әрине, бауырмалдық, жолдастық қатынас барлық азамат үшін түгелдей этикалық ережеге айналды десек, асырып айтқан болар едік. Біздің арамызда өзімшіл, мақтаншақ, өсекшіл адамдар әлі де жоқ емес. Кейбір мекемелерде жұртпен сөйлесуге ерініп, шіреніп отыратын өркөкірең басшысымақтарды кездестіруге болады. Ондайлар әдетте «қайдағы бір» кәрі пенсионердің, баласы әскерде жүрген қарт ананың немесе жәй ғана кеңес сұрап келген қарапайым азаматтың сөзін құлаққа ілмейді. Өзінің қатықтай ұйыған тыныштық қалпын бұзбауға тырысады.

Көпшіліктің мүддесіне мұндай немқұрайды, бюрократтық көзқарасты біздің коммунистік гүл бағымызға зиян тигізетін арамшөп ретінде отап отыруымыз керек. Еңбекшінің талап-тілегіне ат үсті қарайтын, менмен, шенқұмар мансапқорларға біздің қоғамда орын жоқ.

Кішіпейілдік, сезімталдық, біреуге риясыз көмек көрсетуге әзір болу, әрбір басшы қызметкерге қойылатын талап. Басшы қызметкерлерге түрліше өтінішпен, арызбен көптеген адамдар келеді. Әрбір арыз иесінің сөзін зер салып тыңдал, оған дұрыс түсінік, тиянақты жауап беріп отыру — олардың ең құрметті борышы. Сөйткен күнде ғана қалың көпшіліктің қадыр-қошаметіне бөленуге болады.

Партияның жаңа Программасындағы коммунизм құрылысшысының моральдық кодексіне кірген адамгершілік принциптердің бірі — адалдық пен шыншылдық, адамгершілік жағынан кіршіксіз болу, қоғамдық өмірде және жеке басының өмірінде қарапайым, кішіпейіл болу». Өзара сыйласу дәстүрін нығайтудың басты шарты — адалдық, шыншылдық. Өтірік, өсек орын алған жерде шын достық болуы мүм-

кін емес. Кейде бір мекеме, не болмаса кәсіпорны коллективі жөнінде айта келіп, ол «жақсы коллектив» дейміз. Мұндай бағаға сол коллектив өз мүшелерінің бірлігі, адалдығы арқылы ие болады. Жақсы ортаның адамдары әдетте ақ жарқын келеді, біріне бірі өндірісте адал ниетпен көмектесіп, кемшілігі болса ашып айтып, оны бірлесіп жоюдың қамын жасайды. Мұндай ұйымшыл коллективте қандай жұмыс болса да жеңіл атқарылады. Сол сықылды кейбір жарамсыз мінезі бар адамдар мұндай үлкен коллективтен жақсы тәрбие алып, озаттар қатарына қосылады.

Майқайың кен байыту фабрикасының Н. Әмзин жолдас басқаратын коммунистік еңбек бригадасында адамды тәрбиелеу мәселесіне көп көңіл бөлінеді. Бригада мүшесі Ж. Омаров ішімдікке салынып, коллектив атағына кір келтіре бастаған еді. Бұған назаланған кейбір жолдастар «Омаровты арамыздан қуу керек» деп ұсыныс қойды. Бірақ бригадир коммунист Әмзин жолдас оны коллектив ішінде тәрбиелеу жолын іздестірді. «Біздің коллектив мүшелерінің бәрі бірдей коммунизмдегідей саналы, әрі мәдениетті болып кездессе, — деп түсіндірді ол, — онда коммунизмнің жаңа адамын тәрбиелеудің қиындығы болар ма еді. Бірақ әзірге жағдай бұлай емес. Біздің міндет — өз арамызда кездесетін кем-кетікті жөндеп, коммунизмдегіше өмір сүріп, еңбек етуге үйрену. Сондықтан Жұмашты көп болып тәрбиелеуіміз керек». Бұл ұсынысты мақұлдаған бригада мүшелері Омаровты өз қолына алды. Ал Омаров жолдас та өз коллективінен шеттеген жоқ. Кәзір ол — коммунистік еңбектің екпіндісі.

Адамға адамның дос, бауыр болуы әсте оның жақсы жағын мадақтап, ағаттығын жасыру емес. Әлбетте біздің арамызда достық деген ардақты ұғымды біреудің жат қылығын бүркемелеу, бірге маскүлемдікке салыну деп түсінетіндер бар. Ондай «достықтың» ақыры неге әкеп соғатыны белгілі. Сондықтан мұндай жалған достықтың жолына түскендерді дер кезінде тәртіпке шақырып отыру үшін көп талқысының тезі керек.

Коммунистік құрылыс кең өрістеген кәзіргі жағдайда қоғамдық ұйымдар атқаратын жұмыстардың сан алуан болып отырғаны белгілі. Солардың бірі — соңғы жылдары кең канат жайған жолдастық соттар да совет адамдарының жоғары адамгершілік, бір-біріне дос, қамқор болу ниетінен туған. Адамға талап қоя білу, кемшілігі болса сынау, жас болса еңбекке баулу, сөйтіп оны өз Отанының саналы азаматы етіп шығару үшін қамқорлық жасау — адамға деген сүйіспеншіліктің белгісі.

Бірқатар кәсіпорын коллективтері қоғамдық тәртіпті бұзушы жеке адамдарды өздері түзету мақсатымен кепілдікке алады. Мұндай тәжірибе адамдардың коллективпен байланысын, олардың арасындағы жолдастық сезімді күшейте түседі. Адамдар коллективпен неғұрлым тығыз байланысты болып, оның еркімен санасса, олардың арасындағы достық солғұрлым берік болмақ.

Батыс Қазақстан өлкесінің Фурманов ауданындағы Ленин атындағы колхоз мүшелері аянбай еңбек ететін ұйымшыл жандар. Осы коллективте жас колхозшы Қ. Садыров өз жолдастарынан жекеленіп, қалыптасқан достық дәстүрді бұзып, бірнеше рет тәртіпсіздік жасаған. Сөйтіп қоғамдық еңбектен тыс қала бастаған. Оның мұндай мінезі колхозшылардың жалпы жиналысында талқыланды. Әртүрлі ұсыныстар айтылды. Бір топ жастар атынан шығып сөйлеген колхозшы Рахматуллин өз жолдасының түзелетініне келіп болатынын айтып көпке уәде берді. Құрбыларына риза болған Қ. Садыров көпшілік талқысынан кейін өзінің қатесін түсінеді. Кәзір ол өндіріс озаты болып жүр. Өткен жылы ол әрбір жүз саулықтан 125 қозы өсіріп, өнегелі еңбегімен жұртқа танылды.

Бірақ кей жерлерде адам тәрбиелеу мәселесінің өңін айналдыру фактілері кездеседі. Қостанай облысындағы Волгоград совхозының директоры Н. Кольяков қатардағы жұмысшыларға дәрекі мінез көрсеткен, кейбіреулермен бірігіп маскүнемдікке салынған. Қоғамдық тәртіпті сақтауда совхоз жұртшылығының, партия, комсомол және кәсіподақ ұйымдарының ролін өрескел бұрмалаған. Ол тіпті жеке адамдарға қол көтеруге дейін барған.

Басшылықтағы тұрпайылық пен надандыққа және совет адамын жәбірлеуге ешуақытта төзуге болмайды. Жаңа адамды тәрбиелеу мәселесі жоғары мәдениеттілікті, бұқаралық-саяси жұмысты кең өрістетуді және жұртшылықтың ролін көтере беруді талап етеді.

Партияның жаңа Программасында атап көрсетілгеніндей «коммунизмге өту процесінің барысында қоғам өміріндегі адамгершілік негіздердің ролі барған сайын арта түседі... Коммунистік мораль жаңа принциптермен, жаңа мазмұнмен байиды». Сондықтан да коммунизм құрушы жаңа адамның арасындағы жолдастық, достық қарым-қатынасты, барша совет халқының достығын нығайта беру керек. Дегенмен бізде кейбір азаматтар біреуге достық қамқорлық жасау үшін жең сыбана кіріспей, оқшау ғана тұрып аяныш сезімін білдірумен тынады. Мысалы, өткен жылы Солтүстік Қазақстан облыстық банкісінің меңгерушісі Б. Қасымов жеңіл машинамен келе жатып, жол үстінде кездескен ауыр науқасты алмай кеткен. Әрине, бұл адамгершілікке жат қылық. Мұндай қылық жұртшылықты қатты ызаландырды. Сондай-ақ машина шоферы Н. Мартынович те бұл жерде өзінің жігерсіздігін көрсетті. «Мен небары шофермын, маған бастық: ешкімді алмаймыз, жүр деді, мен жүріп кеттім» — деп мүләйімсіді ол. Рас, ол—шофер. Бірақ ол — совет азаматы. Машинаны тоқтата қойып, ауру адамға көмек көрсетуді талап ету, принципшілдік көрсету оның адамгершілік ары емес пе еді. Адамға достық деген құр ғана тәтті сөз, дәрменсіз аяныш емес.

Осыдан жарты ғасыр бұрын коммунистердің социализм үшін ауыр күресін сыпаттай келіп В. И. Ленин біз бір-біріміздің қолымыздан берік ұстап, жұп жазбай өз мақсатымызға жету үшін күш жұмсап келеміз деген еді. Бұл лениндік данышпандық қағиданың кәзір де зор өмірлік мәні бар. Бір-бірімен берік қол ұстасып, туыса достасқан, көздеген мақсаты бір совет адамдары коммунизм орнату жолындағы талай тайғақ кешулерден талмай өтіп, өздерінің қажырлы еңбегі арқасында жеңістен жеңіске жетіп келеді. Коммунистік қоғам үшін күрес олардың арасындағы достық, жолдастық сезімдерді барған сайын шыңдай түсіп, рухани байлығын молайтуда.

Коммунизм құрылысшысының моральдық кодексінде айтылғанындай, адам—адамға дос, жолдас және бауыр деген принцип ең алдымен жемісті еңбек үстінде қалыптасатынын советтік өмір дәлелдеп отыр. Сондықтан да бұл қағиданы әрбір совет адамы өзінің өмірлік дағдысына айналдыруы және соны жүзеге асыру үшін дәйекті күрес жүргізуі қажет. Сонда ғана біз жаңа коммунистік қарым-қатынастың, жаңа моральдың толық салтанат құруын тездете аламыз.

М. САДЫҚОВ.

Партия тұрмысы

Идеологиялық жұмыстағы қоғамдық негіз

С. КЕНЖЕБАЕВ,

Ақтөбе облыстық партия комитетінің секретары

Коммунизм құрылысын кең өрістету кезеңінде идеологиялық жұмыстың атқаратын қызметі онан әрі арта түсуде. Кәзіргі жағдайда, — деп атап көрсетілді КПСС Орталық Комитетінің «Партия насихатының кәзіргі жағдайдағы міндеттері туралы» белгілі қаулысында, — марксизм-ленинизм идеяларын меңгеру, партияның саясатын жете ұғыну және оны жүзеге асыру үшін күресу тек коммунистердің ғана емес, барлық еңбекшілердің де өмірлік, қажетті ісі болып табылатынын ескере отырып, насихат жұмысының шеңберін кеңейту, оны бұрынғыдан да өрістетіп жүргізіп, әрбір совет адамының санасына жеткізу қажет.

Партиямыздың тарихи XXII съезі атап көрсеткендей, партия ұйымдарының еңбекшілер арасында жүргізетін идеологиялық жұмыстары коммунизмнің материалдық-техникалық базасын жасау, коммунистік қоғамдық қатынасты қалыптастыру және жаңа адамдарды тәрбиелеу ісінде аса маңызды фактор болып табылады. Осыған орай соңғы кездерде Ақтөбе облысының партия ұйымдарында идеологиялық жұмыстың алуан-алуан жаңа әдістері мен түрлері пайда бола бастады.

Еңбекшілер арасында партияның XXII съезінің шешімдері мен коммунизм құрудың ұлы Программасын кеңінен түсіндіру мәселесінде біріншіден, халықтың еңбектегі және қоғамдық жұмыстағы белсенділігі барынша артса, екіншіден, бұл іске басшы партия, совет қызметкерлерін, өнеркәсіп пен ауыл шаруашылығының мамандарын, таңдаулы еңбек озаттарын кеңінен қамтуға мүмкіншілік туды. Облыс көлемінде кәзірдің өзінде қоғамдық негіздегі халық театрларының, кітапханалардың, үгіт пункттерінің, әртүрлі штаттан тыс бөлімдердің саны өсіп отыр. Кәзір бізде қала мен деревня еңбекшілерінің арасында коммунистік тәрбие жұмысын жүргізу ісімен 11 мыңнан астам идеология майданының қызметкерлері тікелей шұғылданауда. Олардың бұл жұмысқа қатысуының формалары да әралуан. Сондай жұмыс формаларының бірі — штаттан тыс нұсқаушылардың ісі деп атап айтуымыз керек.

Қалалық және аудандық партия комитеттерінің насихат және үгіт бөлімдерінде кәзірдің өзінде штаттан тыс 37 нұсқаушы бар. Штаттан тыс нұсқаушылардың құрамы еңбекшілер арасында саяси-тәрбие жұмысын жүргізуге қабілетті, білім-тәжірибесі мол, тиянақты коммунистерден іріктелініп алынды. Олардың назары партия ұйымдарына нақты көмек көрсету ісіне аударылып отыр. Штаттан тыс нұсқаушылар бюро мәжілістеріне мәселелер әзірлеу, саяси үйірмелер мен семинарлардың жұмысына басшылықты жақсарту және оларға жедел бақылау жасау істеріне белсене қатынасады. Бұл жайында Ақтөбе қалалық партия комитетінің штаттан тыс нұсқаушылары Х. Д. Дымшиц пен В. П. Мышкин жолдастардың үлгілі-өнегелі істерін атап айтуға болады.

Олар үгіт пункттерінің, үйірмелер мен семинарлардың, кәсіпорындарындағы саяси-көпшілік жұмыстарының мән-жайын білу, тексеру жөніндегі жүргізілген шараларға белсене араласты. Солардың көмегі арқасында еңбекшілер арасындағы саяси-көпшілік жұмысының жайы туралы бюроға мәселе әзірленіп, қаралды.

Партия комитеттерінің жанынан құрылған идеологиялық комиссиялардың елеулі жұмыс жүргізіп отырғанын атап айтқан жөн. Олар еңбекшілер арасында саяси-көпшілік және мәдени-ағарту жұмыстарын жүргізумен шұғылданушы барлық ұйымдар мен мекемелердің қызметін бір жүйеге келтіріп отырады. Мәселен, Ақтөбе қалалық партия комитетінің идеология комиссиясында 29 адам бар. Мұнда кадрларға маркстік-лениндік білім беру, саяси-көпшілік жұмысы, мектептер мен оқу орындары жөніндегі комиссиялар жұмыс істейді. Комиссия мүшелерінің инициативасы бойынша бір топ партия активі коммунистердің партияның XXII съезд материалдарын оқып үйрену жайымен танысты. Сонымен бірге олар үйірмелер мен семинарлардың жұмыстарына қатысып, қаладағы лекторлардың оқитын лекцияларын рецензиялады.

Бұл комиссияның мүшелері идеологиялық жұмыстың тәжірибелерін зерттеуге, еңбекшілер арасындағы тәрбие жұмысының жайын тереңіруге үнемі қатысып отырады. Комиссия мүшелері қалалық партия комитетінің кезекті бір пленумында «Еңбекшілерге коммунистік тәрбие беру жұмысын күшейту шаралары туралы» мәселе қарауға елеулі көмек көрсетті. Сол сияқты мектептер мен жоғары оқу орындары жөніндегі секция оқушылардың өндірістік оқуын онан әрі жақсарту жөнінде құнды-құнды ұсыныстар енгізді. Олардың ұсыныстары бюро мәжілісінде бекітіліп, ол қала мектептерінде оқу тәрбие жұмысының дәрежесін арттыруға әсер етті.

Мартөк аудандық партия комитетінің идеологиялық комиссиясында үгіт-насихат, мәдени-ағарту және физкультура-спорт жұмыстары жандандыруда үлгілі жұмыс істеп отыр. Мұндағы әрбір секцияда ер таңдаулы деген, әрі тәжірибесі мол коммунистер бар. Комиссия аудандық партия комитетінің белсенді көмекшісі болып табылады.

Әрине, мұның бәрі—тек алғашқы қадамдар ғана. Соның өзінде де мұндай комиссиялардың құрылуы—идеологиялық жұмысқа басшылықты онан әрі жақсарту жөніндегі аса маңызды іс.

Партиялық насихат ісінде саяси оқу-ағарту кабинеттерінің атқаратын ролі зор. Қоғамдық негіздегі осындай кабинеттер біздің облыста бұдан екі жыл бұрын құрыла бастады. Кәзір олардың саны 40-қа жуық. Бұл жайында Ақтөбе хром қоспалары заводының қоғамдық негізде құрылған партия кабинеттерінің жұмысы мақтауға тұрарлық. Мұндағы партия кабинеті көрнекі үгіт құралдарымен безендірілген. Стенділер Совет Одағындағы коммунистік құрылыстың міндеттері жайын жан-жақты баяндайды. Бұл кабинеттен қашан да болсын адам арылмайды. Оған әруақытта насихатшылар келіп, сабақтарға әзірленеді, семинарлар өткізеді және үгітшілерге тиісті нұсқаулар береді. Үйірмелердің тыңдаушылары осы кабинетке келіп, тәжірибелі насихатшылардан консультациялар алады.

Заводтағы партия кабинеті өзінің күнделікті жұмысында өндірістің озат тәжірибелерін кеңінен тарату ісіне баса көңіл бөлуді дағдыға айналдырған. Завод жанашылдары мен озаттарының жақсы тәжірибелері және газеттер мен журналдарда басылған мақалалар кабинетте жинақталып қойылған. Кәсіпорынның таңдаулы адамдары насихатшылар мен үгітшілер алдында өздерінің үлгілі істерін әрдайым баяндап отырады, сонымен бірге олардың заводтық радио арқылы сөз сөйлеуі жиі ұйымдастырылады. Міне, осындай жұмыс әдістері, үгіт-насихат жұмысының завод өміріне тікелей байланысты жүргізілуі жұмысшы-

лардың өндірістік нормаларын артығымен орындауына, олардың еңбек сарқынын оған әрі еселей арттыра түсуіне ықпал етіп отыр.

Заводтағы идеологиялық жұмыстың дәрежесі барған сайын артуда. Соңғы кезде мұндағы еңбек өнімділігі де күн сайын жаңа сатыға көтеріле түсуде. Завод коллективі өндірістік тапсырманы үнемі мерзімінен бұрын орындап келеді. Жаңалық табушылардың қатары да ұдайы өсуде. Бұған өткен бір жыл ішінде ғана өндіріске 275 рационализаторлық ұсыныстың енгізілуі айқын дәлел бола алады.

Облыста өндірістің озат тәжірибелерін насихаттау жұмысы да қоғамдық негізде құрылған. Бұған 30-дан астам озат тәжірибе мектебі мен 2 техникалық творчество мектебінің құрылуы дәлел. Ақтөбе ферросплав заводында құрылған озат тәжірибе мектебі соңғы екі жылдан бері жемісті жұмыс істеп келеді. Осы мерзім ішінде бұл мектепте 78 рет сабақ өткізілді. Оған 810 адам қатынасты. № 1 балқытушылар цехінің бригадирі Социалистік Еңбек Ері Грязин, аға конверторщиктер Смоленков пен Ерғалиев, краншы Кондратьева, № 3 күйдіру цехінің бригадирі Үздембаев және басқалары өздерінің тәжірибелері мен таңдаулы еңбек тәсілдерін ортаға салды.

Сол сияқты облыстық саяси оқу үйі мен кабинетінің жанында методикалық советтер мен штаттан тыс консультанттар тобы құрылды. Олардың құрамында 180-нен астам коммунист жұмыс істеп жүр. Солардың күшімен насихатшылардың, үгіт коллективтері жетекшілерінің семинарлары өткізіледі, лекциялар оқылады, теориялық және экономикалық конференциялар ұйымдастырылады.

Облыстың кәсіпорындарында, колхоздары мен совхоздарында лекциялық насихаттың өрісі де барған сайын ұлғая түсуде. Қалалық және аудандық партия комитеттерінің жанында 14 штаттан тыс лекторлар тобы мен саяси баяндамашылар жұмыс істейді. Олардың жұмысы негізінен жұртшылықты көбірек қатынастыру есебінен жүргізіледі. Штаттан тыс лекторлар тобының құрамында 170-ке жуық лекторлар бар. 300-ге жуық басшы партия, совет, комсомол және шаруашылық қызметкерлері жұрт алдында саяси баяндамалар жасап отырады. Облыстың партия ұйымдарында қоғамдық негізде жұмыс істеп жүрген лекторлардың саны күн сайын артып келеді.

Соңғы кезде жастарды коммунистік рухта тәрбиелеу мәселесіне аса зор көңіл бөлініп отыр. Осыған байланысты «Бәрін білгім келелі», «Кітап достарының клубы», тағы сол сияқты лекторийлер ұйымдастырылды. Бұл лекторийлер 3 мыңнан астам жастарды қамтиды. Лекторийлерде айына кемі 1—2 рет лекциялар, баяндамалар оқылады, оның артынан іле-шала ғылыми-көпшілік және документальді, хроникалық фильмдер көрсетіледі.

Әсіресе, бізде мәдениет мекемелерінің жұмысындағы қоғамдық негіздер кең өріс алып отыр. Қазір облыста қоғамдық негізде 519 клуб, кітапхана советтері жұмыс істейді, олардың құрамында 3 600 адам бар. Сонымен бірге, қоғамдық негізде екі халық музейі, сегіз стационарлы кітапхана, кітап беретін 11 пункт, бір әуесқойлар киностудиясы, үш қоғамдық кітап магазині мен киоскісі құрылды. 180-нен астам актив кітап тарату ісімен шұғылданады.

Қала еңбекшілерін мәдени жағынан қамту жөнінде Ақтөбе қалалық советінің жанында құрылған штаттан тыс мәдениет бөлімі айтарлықтай жұмыс істеп келеді. Бұл бөлім осыдан екі жыл бұрын құрылған. Мұнда сегіз секция жұмыс істейді. Әрбір секцияда 5—10 нұсқаушы бар. Олардың көпшілігі тәжірибелі коммунистер, пенсионерлер, партия, совет ұйымдарының бұрынғы жауапты қызметкерлері. Олар өздерінің бай тәжірибелері мен білімдерін, ұйымдастырушылық қабілеттерін еңбекшілерге мәдени қызмет ету ісіне аямай жұмсауда. Қоғамдық негізде құрылған мәдениет бөлімі клубтар мен кітапханалардың

байқауларын өткізіп, олардың арасында конкурстар ұйымдастырып отырады, әртүрлі мәдени шараларды жүзеге асыруға жәрдемдеседі. Сонымен бірге қалалық атқару комитетінің мәдениет құрылыстары мәселесін және сайлаушылардың ұсыныстары мен аманаттарының орындалу барысын бақылап отырады.

Қала бойынша геологиялық жөндеу заводының клубы жанындағы халықтық кітапхананың жұмысы ерекше көзге түседі. Бұл кітапхананы 13 адамнан құрылған совет басқарады. Совет мүшелерінің ішінде республиканың еңбек сіңірген кітапханашысы пенсионер А. Н. Кожухова, үй шаруасындағы әйелдер А. Г. Чернокозова, В. Е. Першина, Н. И. Шустова сияқты еңбекшілерді тәрбиелеу ісіне өздерінің еңбегімен қымбат уақыттарын жұмсаушы абзал адамдар бар. Бұл кітапхананың кітап қоры кәзірдің өзінде 4 мың томға жетті. Көптеген кітап оқушылары кітапханаға сыйлық ретінде арнаулы жазулармен өз кітаптарын әкеп тарту етті. Мұндай ізгі мысалдар толып жатыр. Мәселен, Ақтөбе қаласында тұрушы Змеевтер семьясының мына бір өнегелі ісін айрықша мадақтауға болады. Олар өз үйінің бір бұрышын қоғамдық негізде құрылған кітапханаға беріп отыр. Кітапхананың жұмысын үй иесі Р. А. Змееваның өзі басқарады.

Енді кәсіподақтардың ұйымдарында қоғамдық негізде 61 кітапхана жұмыс істейді. Мұнда бірде-бір штатты қызметкер жоқ. Бәрінде де кәсіпорындар мен совхоздардың жұмысшылары мен қызметкерлері басқарады.

Облыс бойынша халықтық университеттер еңбекшілерге коммунистік тәрбие беру ісінде маңызды роль атқарып отыр. Кәзір бізде 22 осындай университет ойдағыдай жұмыс істеуде. Университеттегі сабақтардың формалары да алуан-алуан. Мұнда диспуттар өткізіледі, ауызша журналдар шығарылады, теориялық және оқушылар конференциялары, сұрақ-жауап кештері, лекция-концерт ұйымдастырылады.

Еңбекшілерге кино көрсету ісін жақсартуға да жүргізіліп, белсеніп қатынасып отыр. Кинотеатрлар мен клубтарда советтер құрылып, олар таңдаулы кинофильмдерді насихаттау ісіне көмек көрсетуде.

Қоғамдық негіздерді өрістету кезеңінде ауданаралық газеттердің жанында штаттан тыс бөлімдер құру кеңінен етек ала бастады. Мысалы, «Ленинский путь» ауданаралық газеті штаттан тыс комсомол тұрмысы бөлімін ұйымдастырды. Оның көмегімен газет колхоздар мен совхоздардың егіс далаларында егінді күту жұмыстарының барысын жазды. Ірі шаруашылықтарда құрылған комсомол постылары мал азығын дайындау, егісті күту және басқа жұмыстарды бақылап, оны дер кезінде жазып отырады. Газет соңғы кезде Мартөк ауданында қоғамдық тамақтандыру жұмысының жайы мен Қобда ауданындағы сауда мәдениеті жайында екі рет рейд ұйымдастырды.

Қоғамдық негіздерді өрістету жергілікті радиохабарларын тарату жұмысында да өзінің жемісті нәтижесін беріп отыр. Облыстық радиохабар және телевизия комитетінің жанында штаттан тыс 15 редакция құрылды. Оның құрамында 120-дан астам белсенді авторлар бар. Олар циклды радиохабарлары мен радиожурналдар әзірлеуде. Солардың ішінде «Ауылшаруашылық білімдерінің радиоуниверситеті» деп аталынатын хабарды ерекше атауға болады. Бұл аптасына бір рет шығарылады. Журналдың жұмысын Ақтөбе ауылшаруашылық тәжірибе станциясының қызметкерлері жүргізеді. Радиоуниверситет егін шаруашылығы мен мал шаруашылығындағы озат еңбек әдістерін насихаттайды. Соңғы кезде тыңдаушылар ауыл шаруашылығына басшылық етуді қайта құру, егіс көлемінің жүйелеріне өзгеріс енгізу және ауыл шаруашылығының шамшырақтары жайында бірнеше әңгімелер тыңдады.

Қоғамдық негізде құрылған редакциялар жергілікті жердегі—аудан орталығындағы, кәсіпорындардағы, колхоздар мен совхоздардағы

радиохабарларын тарату орындарында тыңғылықты жұмыс жүргізуде. Олардың күшімен Мартөк, Магаджан совхоздарында, Ақтөбе химия комбинаты мен хром қоспалары зауытында талай-талай мазмұнды хабарлар ұйымдастырылды.

Идеология жұмысындағы қоғамдық негіздердің өріс алуы облыстың партия ұйымдарына еңбекшілер арасындағы идеялық тәрбие жұмысының дәрежесін көтеру ісіне баға жетпес көмек көрсетіп отыр. Біз кәзіргі уақытта КПСС Программасын терең түсіндіру, советтік қоғамның еңбеккерлерін коммунизмнің жеңісі жолындағы күрестің ұлы жоспарымен қаруландыру, партияның жаңа Программасын жүзеге асыру күресіне барлық еңбекшілерді жұмылдыру идеологиялық жұмыстағы басты міндет екенін жақсы түсінеміз. Ал, бұл міндетті жүзеге асыруға партияның бұқараға идеялық ықпал жасайтын барлық құралдарын пайдалануымыз шарт. Осы тұрғыдан қарағанда партиямыздың ХХІІ съезінен кейін бүкіл елімізде, соның ішінде біздің облысымызда келінен өріс ала бастаған қоғамдық негіздегі жұмыстардың еңбекшілерді коммунистік рухта тәрбиелеуде аса зор роль атқаратынын практикалық ісімізден айқын көріп отырмыз.

Идеологиялық жұмыстағы қоғамдық негіздер—партия ұйымдарының еңбекшілерге идеялық тәрбие беру жөніндегі әсерлі құралдарының бірі. Сондықтан да біз бұдан былай да мәдениет пен өнер саласындағы мұндай тамаша коммунистік нышандарды жетілдіре отырып, еңбекшілердің саяси және еңбектегі белсенділіктерін арттыра түсуге партиялық қамқорлық жасауды ең абзал міндетіміздің бірі деп санаймыз.

Коммунист — ардақты ат

Н. ГАГАРИН,

*Целиноград облыстық партия комитеті партия комиссиясының
председателі*

Коммунист деген жоғары да құрметті атак, сонымен бірге бұл атақты алған әрбір адамға қоғам алдында ерекше жауапты міндеттер жүктеледі. Әрбір азамат партияның қатарына өтумен бірге өзіне қоғам алдында үлкен міндет алады. Еңбекшілер бұқарасы коммунисті ақылшым, қамқоршым, өз өкілім деп түсінеді. Коммунистік партия халық бұқарасының мұндай сеніміне совет халқының бақыты мен бостандығы жолында, социалистік Отанымыздың тәуелсіздігі мен гүлденуі жолында жүргізген қажырлы күресі арқылы ие болды. Партия еліміздің бүкіл өміріне, шаруашылық және мәдениет құрылысына өзінің мүшелері арқылы басшылық жасап, бағыт сілтеп отырады.

Отанымыздың тарихындағы барлық елеулі кезеңдерде — азамат соғысының майдандарында, бейбіт еңбек құрылысында коммунистер ең қиын да жауапты учаскелерде болып келді. Қазір де ауыл шаруашылығында, өнеркәсіпте, құрылыста, ғылым мен мәдениет саласында болсын коммунистер партияның тарихи XXII съезінің шешімдерін жүзеге асыра отырып, табандылықтың, қажырлы еңбектің үлгісін көрсетуде. Сонымен бірге олар өндіріске ғылым жетістіктері мен озат тәжірибені кеңінен енгізу жолында қажырлылықпен күреспіп, өнертапқыштық, жаңалық ұсыныстар енгізуде.

Партияның XXII съезд бекіткен жаңа Уставында партия мүшесінің ең бірінші міндеті «Коммунизмнің материалдық-техникалық базасын жасау жолында аянбай күрес жүргізу» деп көрсетілген. Бұл — коммунист еңбекке коммунистік көзқарастың үлгісін көрсету, бүкіл жаңаның, озаттың етек алып, кең жайылуына қамқоршы болу, озат тәжірибені қолдап, кең тарату, техниканы меңгеру, өз мамандығын арттыра беру, қоғамдық социалистік меншікті қорғап, көбейте беру деген сөз.

Біздің партия коммунист деген атақты әрдайым жоғары ұстап таза сақтау керек деген ұлы көсеміміз Лениннің өсиетін басшылыққа алып отырады. Жергілікті партия органдары осы лениндік өсиеттің қалтқысыз орындалуын қадағалауда. Біздің облыста коммунистердің бәрі дерлік өздерінің атағына сай жұмыс істеп, оларға көрсетілген сенімді ақтауда. Коммунистер қай коллективте болсын ісімен де, сөзімен де бұқараға үлгі көрсетуде. Мысалы, Жолымбет кенінде шахта бастығы болып жұмыс істейтін К. Рыжков жолдас осындай коммунистің бірі. Ол бұл қызметке тағайындалған кезде шахтаның жағдайы нашар еді, ол жыл сайын көмір шығару жоспарын орындамайтын.

Коммунист Рыжков жолдас бұл жұмысты қолына алған күнінен бастап, партия, кәсіподақ ұйымдарына арқа сүйеді. Жұмысшылар мен инженер-техник қызметкерді өндіріс жұмыстарын механикаландыру ісіне түгелдей жұмылдырды. Оның өзі де творчестволық іздену арқылы жұмыс істеді. Терең забойларда көмір құлату, оны тиеу жұмыстарын механикаландыру жөніндегі Рыжков жолдастың өзі ұсынып, енгізген жаңалықтары жылына 10 мың сом мемлекет қаржысын үнемдеуге мүмкіндік берді.

Шахтаның жұмысшылары мен инженер-техник қызметкерлері де өндіріс жұмыстарын механикаландыру ісіне белсене атсалысуда. Тек биылғы жылдың бірінші тоқсанында ғана өндіріске енгізілген өнер-

талқыштық ұсыныстардың, жаңалықтардың нәтижесінде 14 700 мың сом қаржы үнемделді.

Талапты да жігерлі коммунист басшылық еткен шахта алты айдың ішінде Жолымбет кеніндегі ең озат коллектив дәрежесіне жетті. Шахта коллективі биылғы жылдың өндірістік жоспарын ай сайын асыра орындап келеді.

Коммунист Рыжков жолдас шахта коллективінде үлкен қоғамдық жұмысты да атқарады. Ол жұмысшылардың алдында үнемі лекция, баяндама жасап, әңгіме өткізіп тұрады, жас жұмысшыларды тәрбиелеу ісіне, шахтаның жұмысын жақсартып, шығарылған өнімнің сапасы мен мөлшерін көбейте беруге, еңбекшілердің тұрмысы мен мәдениетін көтере беруге бар күші мен жігерін жұмсауда.

Коммунист — саяси қайраткер. Ол қоғам өміріне белсене қатысу арқылы да еңбекшілерге үлгі көрсетуге тиіс. Сондықтан да партияның Уставында коммунист партияның шешімдерін батыл және бұлжытпай жүзеге асыруға, бұқараға партияның саясатын түсіндіруге, партияның халықпен байланысын нығайтып, кеңейтуге, жәрдемдесуге, адамдарға сергек қарап, көңіл бөліп отыруға, еңбекшілердің тілектері мен мұқтаждарына дер кезінде құлақ қойып отыруға міндетті деп жазылған.

Коммунистердің қалың көпшілігі-ақ партия Уставының бұл талабын ерекше жігермен жүзеге асырып келеді. Бұл жөнінде мынандай бір мысал келтіруге болады. Өткен жылдың соңғы күндері болатын... Шортанды аудандық Советі атқару комитеті председателінің кабинетіне ұзын бойлы, екі самайы қырау тартқан бір адам кірді. Ол өзін «Пилипчак Иван Никитович, партия мүшесі, кәзір пенсионермін, бұрын Жолымбет кенінде жұмыс істегенмін» деп таныстырды.

Иван Никитович осы жерде туып, өскен, революцияға дейін кулаққа жалшы болып істеген, Октябрь революциясынан кейін ғана сауатын ашып, көп жыл комсомол жұмысында, онан кейін шахтер болып істеген, партия, совет қызметінде болған адам.

Қарт коммунисті совет кеңсесіне жетектеп келген оның партиялық ары мен борышы екен, ол қоғамдық негізде совет жұмысына қатынасуға тілек білдіре келіпті.

Аудандық совет атқару комитеті Иван Никитовичтың тілегін қуанышпен қарсы алды. Сөйтіп биыл 19 январьда Жолымбет поселкелік советінің сессиясы бір ауыздан Иван Никитович Пилипчак жолдасы поселкелік советтің председателі етіп сайлады. Сөйтіп қарт коммунист жалақысыз қоғамдық негізде советтің председателі болып істеп келеді.

Совет жұмысының сан саласы бар. Поселкені көркейту, еңбекшілердің тұрмысына қамқорлық жасау, олардың арыз-талаптарын қарау, семья, неке мәселесі... Поссоветтің штаттағы қызметкерлері шағын. Сондықтан Пилипчак жолдас жұмысқа қоғамдық негізде активтерді кеңінен тартуды ойлады. Есептеп қараса, Жолымбет поселкесінің өзінде тұратын 700 пенсионер бар екен. Міне осыларды тарту керек деп ойлады ол.

Поселкелік советтің жұмысындағы бір осал учаске селоны көркейту, үй салу жұмыстары болатын, жеке үй салушыларға көмек көрсетілмейтін, олар көше тәртібін бұзып, үйді үлгі жобасыз салып келді. Бұл жұмысты тәртіптеуге поселкелік совет қоғамдық негізде пенсионерлер Гаргат, Ыдырысов жолдастарды тартты. Бұлардың құрылысшы-техник мамандықтары бар. Кәзір Гаргат, Ыдырысов жолдастар үй салушыларға учаске бөліп беріп, үйлердің үлгі жоспармен салынуын қадағалап отырады. Олар поселкені көркейтудің мәселелерін көтеріп, оны совет атқару комитетінің талқысына салып отырады.

Бір жолы Иван Никитович Жолымбет кенінің кітапханасына кірді. Оқушылар кітаптарын айырбастап алу үшін кезекте ұзақ тұрады екен. Жалғыз кітапхана поселке тұрғындарының талабын қанағаттандыра алмайды екен. Бұл жағдай Пилипчак жолдасты қатты ойландырды. Ертеңіне ол пенсионерлер В. Қочалова және В. Мизина жолдастармен рудникте қоғамдық негізде кітапхана ұйымдастырудың жайын әңгімелесті.

Кәзір қоғамдық негізде кітапхана жұмыс істейді. Оның оқушылары қатарында тек шахтерлердің өзінен ғана 70 адам бар. Жақында кітапхана оқушылар конференциясын өткізді.

Коммунист өмірдің барлық саласында да: өндірісте, тұрмыста, саяси өмірде алда болуға, бұқараға үлгі көрсетуге тиіс. Еңбекшілер бұқарасы коммунистің ісі мен тұрмысын өзіне үлгі етіп сапайды. Егер коммунист белсенді қоғам қайраткері, өндірісте озат, жаңашыл болмаса, онда бұқара «мұндай адамның несі коммунист» деп, орынды наразылық білдіреді.

Бұқараның көз алдында коммунист өзінің саяси сенімімен, қоғамдық іске берілгендігімен бедел алады және оған партиялық ықпал жасайды. ҚазЦИК атындағы совхоздың қатардағы жұмысшысы коммунист Қаркен Кәтренов нақ осындай адам. Ол осы совхозда 1929 жылдан бері істеп келеді, совхоздың іргесін қалауға да белсене атсалысты. Коммунист Кәтренов жолдас қазақ даласына келген алғашқы тракторлардың біріне отырды. Ол 1936 жылдан бері комбайншы болып істейді.

Қараөткел даласының тыңы игеріліп, егіс көлемі ұлғайғаннан бері оның бір өзі екі комбайнмен жұмыс істеп, жыл сайын 1 200—1 500 гектар егін жинайды. Совет үкіметі Кәтренов жолдастың еңбегін жоғары бағалап, оны Ленин орденімен наградтады, Қазақ ССР-на еңбегі сіңген механизатор деген құрметті атақ берді. Кәзір ол Совет үкіметі мен партияның Орталық Комитетінің шақыруына жауап бере отырып, Қазақстанның мол астығына лайықты үлес қосу үшін қажырлы еңбек етуде.

Қарт коммунист үлкен қоғамдық жұмыс атқарады. Облыстық және аудандық партия комитеттерінің пленум мүшесі, совхоз жұмысшыларының арасында саяси үгіт, насихат жұмысын жүргізеді. Ол әсіресе жастарды тәрбиелеуге, оларға комбайнмен егін жинаудың әдісін үйретуге ерекше көңіл бөледі. Кәтренов жолдас жазда егін даласында жұмыс істесе, қыста мал шаруашылығына белсене көмектеседі. Коммунист қай жерде болса да оның төңірегінде бітпеген іс, ойға келмеген жұмыс болмайды. Міне партиялық ықпал деген осы.

Коммунистік партия өз мүшелерінің моральдық-саяси қалпы жоғары да таза болуын талап етеді. Коммунистік мораль, дағды, әдет-ғұрып коммунизм құрылысын шапшаңдата жүргізуге, қоғам өмірінде, тұрмыста жаңаның қалыптасуына көмектеседі. Партия коммунистің қоғам жұмысындағы, тұрмыстағы қалпына, семьядағы, жолдастардың арасындағы тәртібіне де немқұрайды қарай алмайды.

Партия ұйымдары бұл жөнінде коммунистің Уставтың талаптарын бұлжытпай орындауын қадағалауға тиіс. Өйткені моральдық жағынан тұрақсыздық түбінде саяси азғындауға соқтырмай қоймайды. Ондай партия мүшесі коммунистік бейнесінен айрылады, халықтың, қоғамның ісі үшін күрескер болудан қалады. Мысалы, «Рассвет» совхозының бұрынғы директоры Қуц көптен-ақ ішкілікке салынып, өз төңірегіне ішкіштер мен жағымпаздарды топтастырып келген. Қуцтың агрономдық білімі болмаған, бірақ ол агроном деген жалған документ түсіріп алып, өзін барлық жерде «агрономмын» деп көрсетіп жұртшылықты алдап келген.

Қуцтың іс-әрекетіндегі, моральдық бейнесіндегі мұндай жағымсыз қылықтар партия ұйымына, оның секретары Шевцов жолдасқа әлде қашаннан-ақ белгілі бола тұрса да, ол жауырды жаба тоқып жүре берген, коммунистің моральдық азғындауына жол берген.

Партиялық бақылаудың нашарлығын пайдаланып, Қуцтың төңірегіне жиналған жемқорлар совхоз мүлкін талан-таражға түсірген. Жұмысты нашар ұйымдастырудың, жауапсыздықтың салдарынан совхоздың көп малы шығын болған, 400 центнер картоп шіріп кеткен. Жақында Целиноград облыстық партия комитетінің бюросы Қуц жолдасы өзіне көрсетілген сенімді ақтамағаны үшін совхоз директоры қызметінен босатып, оның партиялық мәселесін қарауды бастауыш партия ұйымына тапсырды.

Өзінің саналылығын, саяси білімін арттыра беру коммунистің бірінші борышы. Партия мүшесі маркстік-лениндік теорияны қажырлылықпен меңгеріп, бұл теорияны өзінің практикалық жұмысында қолдана білуге тиіс. Міне сондықтан да партияның Уставында коммунист маркстік-лениндік теорияны меңгерумен бірге «буржуазиялық идеологияның қандай да болса көріністеріне, жеке меншікті психологияның сарқыншақтарына, діни сенімдерге және ескіліктің басқа да қалдықтарына қарсы батыл күрес жүргізуге, коммунистік моральдың ережелерін сақтауға, қоғамдық мүддені жеке мүддеден жоғары қоюға міндетті» деп көрсетілген.

Партия мүшесінің көпшілігі-ақ коммунистік моральдың бұл талаптарын бұлжытпай орындап, бұқараға үлгі-өнеге болып келеді. Дегенмен, адам санасындағы ескіліктің қалдықтары, жеке меншікшілдік психологияның сарқыншақтары сіріжанды келеді. Әсіресе, мұндай кемшіліктер саяси білімін көтеруге қамқорлық жасамайтын адамдардың арасында көп кездеседі. Ондайлар қоғамдық мүддеден гөрі жеке басының мүддесін көбірек ойлайды. Мысалы, Балхашин ауданындағы Каменск автобазасының бұрынғы бастығы Михаилия осындай жолға түскен. Ол өз төңірегіне жағымпаздарды, алаяқтарды жинап алып, солардың көмегімен мемлекет қаржысын талан-таражға салған, бас пайдасына жаратқан. Осындай қылықтары үшін жақында бастауыш партия ұйымы және Балхашин аудандық партия комитеті Михаилинді партия қатарынан шығарды.

Партияның Уставында оның әрбір мүшесі әділетсіздікке, принципсіздікке қарсы, коммунист деген жоғары атаққа кір келтіретін қылықтардың бәріне қарсы аяусыз күрес жүргізуге міндетті деп көрсетілген. Кейбір коммунист жұмыстағы кемшілікті, кейбір қызметкерлердің коммунистік моральға жат жолсыз қылықтарын көре отырып, оған қарсы дауыс көтермейді. Бұған қарсы мен не істей аламын, бұл жұмыс үшін мен жауап бермеймін, ол кемшілікті менің бір өзім жоя алмаймын деп ойлайды. Бұл дұрыс емес. Мұндай жағдайда коммунистің не істеу керек екені партияның Уставында айқын көрсетілген. Коммунист кемшіліктерге қарсы сын мен өзара сынды өрістетуге, өзімшілдікке, дандайсушылыққа, тоқмейілсушілікке, жерлестікке қарсы күрес жүргізуге, партия мен мемлекетке нұқсан келтіретін қандай да болса әрекеттерге қарсы шығуға және ол жөнінде партия органдарына, тіпті КПСС Орталық Комитетіне дейін хабарлауға міндетті.

Коммунистерді идеялық жағынан шынықтыра беру, оларды партияның, халықтың ісіне, коммунизм ісіне берілгендік рухта тәрбиелеу партия қатарын ұйымдық жағынан нығайта беруге, еңбекшілер бұқарасының көз алдында партия ұйымдарының беделін күшейтіп, шаруашылық және мәдениет құрылысының міндеттерін орындауда олардың ролін арттыра беруге көмектеседі.

Жаңа жағдай, жаңа талап

О. МАЛДЫБАЕВ,

Тарбағатай аудандық партия комитетінің секретары

Біздің аудан республикамыздағы ірі мал шаруашылықты аудандардың бірі болып саналады. Біздің совхоздарда кәзір жарты миллионға жуық мал бар, оның 450 мыңы қой. Тарбағатай ауданын қамтитын Зайсан территориялық өндіріс басқармасының да негізгі шаруашылық бағыты — мал өсіру.

Партияның Орталық Комитеті март Пленумының шешімдері бойынша ауыл шаруашылығына басшылықтың қайта құрылуымен байланысты аудандық партия комитетінің жұмыс сипаты, жағдайы мүлдем өзгерді. Партияның Орталық Комитеті март Пленумының шешімдерінде, Н. С. Хрущев жолдастың март Пленумында және Россия Федерациясы Орталық аудандары өндірістік басқармалары қызметкерлерінің кеңесінде сөйлеген сөзінде аудандық партия комитеттерінің міндеттері айқын көрсетіліп берілген.

Қолхоздар мен совхоздардың өндірістік жұмыстарына тікелей басшылық ететін, оларды материалдық-техникалық жағынан жабдықтап отыратын жаңа басқармалардың құрылуымен байланысты біздің алдымызға жаңа жағдайда жұмысты қалай құру керек деген мәселе қойылды.

Біз ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіруді ұлғайта беру бүкіл партияның, бүкіл халықтың ісі деген үкімет пен партияның ұранын басшылыққа ала отырып, өзіміздің негізгі міндетіміз өндірістік басқармамен, облыстық партия комитетінің партия ұйымдастырушысымен және олардың нұсқаушылар тобымен бірлесе отырып, ауылшаруашылық өндірісін шұғыл өрге бастыру деп білдік.

Өндірістік басқарманың және партия ұйымдастырушысының аппараты құрылғаннан кейін біз ауыл шаруашылығына басшылықты күшейтіп, партияның Орталық Комитеті март Пленумының алға қойған міндеттерін жүзеге асыру күресінде бұл шаруашылық және партиялық аппаратпен тығыз бірлесе отырып жұмыс істей бастадық. Біздің совхоздарға егіншіліктің жаңа жүйесіне көшуде өндірістік басқарманың мамандары Егоров, Жүрекбаев жолдастар елеулі көмек көрсетті. Олар совхоздарға жүгеріні, бұршақты және басқа егістерді дұрыс орналастыруға көмектесті. Ауданның совхоздары биыл жүгері егісінің көлемін өткен жылғыдан 15 процент арттырды. Біздің ауданның тарихында алғаш рет бұршақ дақылдары егілді.

Бұл дақылдарды егу және күтіп баптау тәсілдеріне адамдарды үйрету мәселесі біздің алдымызға үлкен міндет болып қойылды. Аудандық партия комитетінің үгіт және насихат бөлімінің меңгерушісі Молдастин жолдас партия ұйымдастырушысының нұсқаушысы Текешов жолдаспен және инспектор-ұйымдастырушы Жүрекбаев жолдаспен бірлесе отырып, егіс басында механизаторлардың семинарын ұйымдастырды.

Көктемгі егіс жұмыстарының кезінде аудандық партия комитетінің қызметкері өндірістік басқарманың мамандарымен, партия ұйымдастырушысының нұсқаушысымен бірге тікелей совхоздарда, егіс ба-

сында болды. Сөйтіп егіс жұмыстарын ұйымдастыруға бастауыш партия ұйымдарына қолма-қол көмектесті. Осының нәтижесінде ауданның совхоздары биыл көктемгі егіс жұмыстарын қысқа мерзімде жоғары агротехникалық дәрежеде аяқтады.

Біз озат тәжірибені тарату ісінде де өндірістік басқарма мен партия ұйымдастырушысына сүйеніп, олармен бірлесіп жұмыс істеп келеміз. Бұл жөнінде мынадай бір нақты мысал келтіруге болады. Біз Қарасу совхозының ет өндіру тәжірибесін жанжақты зерттеп, оны барлық совхоздарға таратуға ұйғардық. Қазір аудандық партия комитетінің нұсқаушылары, өндірістік басқарманың инспектор-ұйымдастырушылары әрбір ферма мен бригадада бұл тәжірибенің өндірісте пайдаланылуына қамқорлық жасап келеді.

Аудандық партия комитеті совхоздардың бригадалары мен фермаларын, бөлімшелерін кадрлармен нығайту жөнінде де партия ұйымдастырушысымен, өндірістік басқармамен кеңесіп, олардың көмегіне сүйеніп отырады. Біз соңғы кездің өзінде ғана фермалар мен бөлімшелерге жұмысқа веттехниктер Чаулиев, Табиев, агрономдар Жазықбаев, Құмалақов, Есмұратов, Сапарғалиев, Ыдыков, Жақаев, Кәмелов, Омарғазин жолдастарды жібердік.

Өндірістік басқарманың құрылуына байланысты аудандық партия комитеті шаруашылыққа ұсақ-түйек қамқорлық жасау, науканды жұмыстардың барысы жөнінде ақпар жинақтау сияқты жұмыстарды босады. Біз осыған байланысты аудандық партия комитеті бюросының, бөлімдерінің, бүкіл аппаратының жұмысын қайта құра бастадық. Енді біздің тікелей совхоздарға, бастауыш партия ұйымдарына көңіл бөлуімізге жағдай туды. Дегенмен ауыл шаруашылығына басшылықтың жағдайы өзгерсе де облыстың партия, совет және шаруашылық органдары бізге шаруашылыққа байланысты ұсақ-түйек тапсырмаларды жүктей береді.

Жасыратыны жоқ, бұрын бізге облыстық партия комитеті көптеген шаруашылық мәселелерді шешуді жүктейтін. Біз де өз тарапымыздан партия ұйымдарына осындай тапсырмалар беретінбіз. Сөйтіп, партия-ұйымдастыру жұмысы, партия ұйымының ішкі жұмысы, коммунистердің авангардтық ролін арттыру туралы мәселелер қағажу қала беретін.

Ауыл шаруашылығына басшылықтың қайта құрылуына байланысты біз өз жұмысымыздағы бұл кемшіліктерді жойып, партиялық-саяси жұмысқа, жер-жерде нақты ұйымдастыру ісіне көп көңіл бөле бастадық. Осыған байланысты біз аудандық партия комитетінде бюро мәжілісін және басқа мәжілістерді өткізуді азайттық. Аудандық партия комитетінің бюро мәжілісінде мәселе «Көктемгі егістің барысы туралы», «Қой қырқу туралы» және осы сияқты шаруашылық мәселелерін талқыламайтын болдық. Соңғы уақытта біз бюро мәжілісінде бірсыпыра бастауыш партия ұйымдарының есебін, озат совхоздардың, фермалар мен бригадалардың, жеке өндіріс озаттарының тәжірибелерін қорыттық. Бұл жөнінде әсіресе Қарасу совхозының арзан ет өндіру жөніндегі тәжірибесін атап айтуға болады.

Аудандық партия комитеті соңғы кезде, әсіресе кадрлардың экономикалық білімін арттыруға, оларға шаруашылықты ұйымдастырудың озат әдістерін үйретуге баса көңіл бөлетін болды. Бізде екі жерде озат тәжірибе мектебі ұйымдастырылды, ауылшаруашылық білімдерінің университеті, 16 экономикалық мектеп және семинар, үйірме жұмыс істейді. Оларға мыңнан астам адам қатысады. Озат тәжірибе мектебінің біреуі Шілікті совхозында ұйымдастырылған. Бұл совхозда қойды қыста қоздату әдісі кенінен қолданылады. Екінші мектеп Қарасу совхозында. Мұнда мал өсірушілер малды жыл онекі ай бойы семірту әдістерін үйренеді.

Ауылшаруашылық білімдерінің университетінде негізінен ауданның партия, совет активтері оқиды. Оның малдәрігерлік, агрономдық және экономика факультеті бар. Малдәрігерлік факультетінің соңғы бір сабағында аудандық малдәрігерлік пункттің бас дәрігері Жұмағалиев жолдастың «Малдың жұқпалы ауруларына қарсы күрестің жаңа әдістері туралы» баяндамасы талқыланды. Агрономиялық факультетінде «Ауыл шаруашылығының жаңа машиналары және еңбек өнімділігін арттырып, өнімнің түсер құнын төмендетуде механикаландырудың ролі» туралы баяндама талқыланды. Ал экономика факультетінің сабағында «Совхоздың фермалары мен бөлімшелерін шаруашылық есепке көшірудің жолдары туралы» баяндама талқыланды.

Аудандық партия комитеті озат тәжірибені тарату ісіне мәдени-ағарту мекемелерін де кеңінен тартуда. Ауданда екі автоклуб бар. Оның құрамында жылжымалы кино, автолавка, дәрігер, фотограф, шаштараз және лектор, кітапханашы бар. Біз автоклубтың құрамына өндіріс озаттарын да енгіздік. Мысалы, Ақжар совхозының автоклубымен бірге озат шопандар Қ. Қазынов, Қ. Ақатаев және басқалар фермалар мен бригадаларды аралап, өз тәжірибелерін таратты, жас шопандарға көмек көрсетті.

Аудандық партия комитеті осымен бірге бұқараның творчестволық күш-жігерін өркендете беруге, коммунистік еңбек жолындағы жарысты өрістетуге көңіл бөлді. Біз бұл жұмыстардың бәрін бастауыш партия ұйымдары арқылы, солардың күшімен іске асырдық. Өйткені коммунистер мен комсомолецтер — қай істе болса да негізгі тірек. Сондықтан біз коммунистер мен комсомолецтерді өндірістің шешуші буындарына орналастыруға ерекше көңіл бөлеміз. Кәзір аудандағы коммунистердің 60 проценті, комсомолецтердің 70 проценті тікелей өндірісте істейді. Ауданның партия және комсомол ұйымдары биылғы жылдың өзінде мал шаруашылығына 50-ден астам коммунист, 100-ден астам комсомолец жіберді. Біз кәзіргі жағдайда мал шаруашылығына ең алдымен жастарды, білімі, мамандығы бар адамдарды жібереміз. Кәзір совхоздардағы мал бағушылардың 722-і қырық жасқа дейінгілер, 472 адамның орта және орталау білімі бар.

Бастауыш партия ұйымдары социалистік жарысты кең өрістетіп бастады. Аудандағы барлық совхоз, олардың барлық фермасы мен бөлімшесі, бригадасы, онда жұмыс істейтін еңбекшілер социалистік жарысқа қосылған. Аудандық партия комитеті мен аудандық Совет атқару комитеті жарыс озаттарына беру үшін үш ауыспалы Қызыл ту белгіледі. Совхоздардың және фермалар мен бөлімшелердің арасындағы жарыстың қорытындысы аудандық партия комитетінің бюросы мен аудандық Совет атқару комитетінің мәжілісінде ай сайын шығарылып тұрады. Ал жеке шопандардың, мал бағушылардың арасындағы жарыстың қорытындысы ай сайын шығарылып, совхоз коллективінің жалпы жиналысында талқыланады.

Ауданда совхоздардың 116 жұмысшысы коммунистік еңбектің екпінділері деген атақ алды. Кәзір 1 128 жұмысшы коммунистік еңбектің екпіндісі атағын алу, Ақжар совхозының № 4 товарлы-сүт фермасының коллективі, Қарасу совхозының № 2 товарлы-сүт фермасының, № 5 қой фермасының коллективі, Шілікті совхозының бүкіл коллективі коммунистік еңбек коллективі атағын алу жолында күресуде.

Соңғы кезде ауданда ұйымдастыру жұмысының және саяси тәрбие жұмысының жақсара түсуі елеулі нәтижелерге жеткізді. Біздің совхоздардың еңбекшілері өткен жылы мемлекетке ет тапсыру жоспарын 103 процент, сүт тапсыру жоспарын 344 процент, астық тапсыру жоспарын 181 процент, жұмыртқа тапсыру жоспарын 115 процент орындады. Совхоздардың барлығы да табысты жұмыс істейді. Олар өткен жылды 1,5 миллион сом табыспен аяқтады. Бізде өндірілген

сиыр етінің түсер құны 48—54 сом, қой етінің құны 19—27 сом, жүн 207—230 сом болды.

Аудан еңбеккерлері КПСС Орталық Комитеті мен СССР Министрлер Советінің еліміздің барлық еңбекшілеріне арнаған Үндеуіне жауап бере отырып, биылғы жарты жылдықта мемлекетке ет тапсырудың жоспарын 102 процент, сүт тапсыру жоспарын 115 процент, жүн тапсыру жоспарын 104 процент, жұмыртқа тапсыру жоспарын 112 процент орындады.

Совхоздардың еңбекшілері биыл партия ұйымдарының басшылығымен ауыл шаруашылығын өркендетудің жаңа міндеттерін орындау жолында қажырлы күрес жүргізуде. Аудандық партия комитеті бұқара арасында саяси-тәрбие, үгіт-көпшілік жұмыстарын өрістете отырып, еңбеккерлердің күш-жігерін алынған міндеттемелерді абыроймен орындау күресіне жұмылдыруда.

Өнегелі насихатшы

Үлкен стол. Орта бойлы ашандау келген жас жігіт алдында жаюлы жатқан «Политическое самообразование», «Қазақстан коммунисті» журналдарын оқып, қағазға әлденелерді жазып отыр. Ол алдындағы басқа кітаптарға да оқта-текте үңіліп қояды. Бүгін өткізетін әңгімесі мазмұнды да әсерлі болсын деген ол осылай ізденіп, қарбануда.

Бұл—насихатшы Айтқали Ақбойдақов еді. Айтқали Шымкент құрылыс тресінде озат мастер болумен бірге өнегелі насихатшы да.

Жұрт насихатшының келуін асыға күтеді, одан көп жаңалықтар есітіп, білуге құмар. Міне, насихатшы да келді. Жиналғандармен ажарқын сәлемдескен ол сабақ бастады. Құрылыста еңбек өнімділігін арттыру жолы туралы саралап айта келіп, ол жайында егжей-тегжейлі түсінік берді. Қала кәсіпорындары өмірінен, оның ішінде Шымкент тұрғын үй құрылысы тресінің өмірінен мысалдар келтірді.

—Тресте,—деді насихатшы,—жана техниканың өндіріске батыл енгізілуі, технологиялық процестердің жетілдірілу нәтижесінде еңбек өнімділігі артуда. Мысалы, тек июль айында ғана еңбек өнімділігі 14 процент артып, мыңдаған сомның құрылыс материалы үнемделді.

Бұдан соң насихатшы құрылыс жұмысының сапасын жақсартуда трест бойынша көзге түсіп, ерен табысқа жеткен № 3 құрылыс учаскесін, Балабап жолдас басқаратын сылақшылар бригадасын, көптеген озат құрылысшыларды мысалға келтірді. Әңгімеден кейін 13 адам шығып сөйледі.

—Кеңге ғана бос жатқан кең жазықта,—деді тас қалаушы М. Орынбеков жолдас,—бүгінде қаз-қатар сап түзеіп тұрған 4—5 қатарлы зәулім үйлер, екі жағы жасыл желек жамылған түзу көшелер, клубтар пен мәдениет үйлері, балалар бақшалары мен яслилері, мектеп пен институт үйі пайда болды. Қазір халық қаланың бұл аймағын «Черемушки» деп атайды. Біз аз уақыттың ішінде осынша құрылыс орындарын өз қолымызбен салғанымызды мақтан етеміз.

Насихатшы әңгімесінен әсер алған ағаш шеберлері М. Тәшметов, А. Исақов, тас қалаушылар М. Березиков, П. Эмболомата жолдастар өздерінің құрылыс тресінің абыройы мен беделі жолында бар күші мен қабілетін аямайтынын, осы игі ниетпен еңбек өнімділігін арттыра беретінін айтты.

Насихатшының жұмысы, әдетте, оның қабілеті мен шеберлігіне, алдымен, теориялық мәселелерді күнделікті практикалық міндеттермен қаншалықты тығыз ұштастыра білетініне қарай бағаланады. Ақбойдақов жолдастың жұмысы осы талаптарға әбден сай келеді. Ол соңғы он жыл бойы Шымкент құрылыс тресінде нақты экономиканы оқып үйренетін үйірмені басқарып жүр. Осы уақыт ішінде ол өзін іскер де білікті насихатшы ретінде көрсетті.

Үйірмеде 30-ға жуық адам оқиды. Насихатшы өз әңгімелерінде тыңдаушыларға партияның ішкі және сыртқы саясаты туралы, халықаралық жағдай, өндірістің экономикасы туралы жанжақты баяндайды. Ол бұл мәселелерді байыпты ұғындыруға тырысады. Насихатшы тыңдаушылардың кәсіпорнының иесі екенін сезіне білуге, әр құрылысшы-

ның жауапкершілігін күшейтуге тәрбиелейді, оларды коллектившілдікке, өзара жолдастық ынтымаққа, бауырмалдыққа баулиды.

Үйірме тыңдаушылары — негізінен А. Петриди жолдас басқаратын бригада мүшелерінен құралған. Бұл бригада өткен айдың аяғында шаруашылық есепке көшті. Осыған орай насихатшы кезекті бір әңгімесін шаруашылық есеп деген тақырыпта өткізді. Онда ол шаруашылық есепке көшудің тиімділігі жайында айтты. Жаңа тәртіп негізінде құрылыс материалдарын қалай үнемдеуге болатынын, соның есебінен жұмысшыларға төленетін қосымша ақыны қалай төлеуге болатынын түсіндірді. Нақты мысал келтіру арқылы бұдан үш ай бұрын шаруашылық есепке көшкен И. Дмитриев жолдастың бригадасы өткен айда 600 сом үнемдеп, оның 300 сомы бригада мүшелеріне қосымша ақы ретінде берілгенін айтты.

Насихатшы өз әңгімесін бір бригаданың немесе кәсіпорынның шеңберінде ғана шектеп қоймайды. Қайта әңгіме шеңберін неғұрлым кеңейте түсуге тырысады. Мысалы, еңбекшілердің мәдени-тұрмысын, әлауқатын жақсартуға трест жасап отырған қамқорлық туралы әңгіме болғанда тыңдаушылар коммунизмнің материалдық-техникалық базасы қалай жасалатыны жайлы айтып беруді өтінді. Сөйтіп, насихатшы келесі әңгімесін бүтіндей осы тақырыпқа арнады.

Үйірмеге қатысушы бұл бригада кәзір коммунистік еңбек коллективі атағын алу үшін күресуде. Сондықтан насихатшы құрылысшылардың саяси ой-өрісін кеңейте түсу үшін олардың коммунистік саналылығын өрістетіп беруді ең бірінші кезектегі коммунистік борыш деп санайды.

Бірде ол «Өндіріс және адам» деген тақырыпта әңгіме өткізгенде тыңдаушы М. Апостолиди құрылыс училищесін жаңа бітіріп келген тәжірибесі жоқ жастарды қарт жұмысшылар өз қарамағына алып, баулысын деген ұсыныс жасады. Мұны тыңдаушылар түгел қостады. Оны насихатшы да қолдады. Ертеңіне байырғы құрылысшылар П. Эмболомата, Т. Павлович, В. Малышев жолдастар жас жұмысшылар Ж. Бұрқанбаев, Қ. Мальчевский, Е. Назаров және басқаларды қамқорлықтарына алды.

Ақбойдақов өзінің насихатшылық міндетіне үлкен жауапкершілікпен қарайды, насихат жұмысының шалағайлықты, жеңіл-желпі қараушылықты көтермейтін, нағыз творчестволық жұмыс екенін ол мықтап ескереді. Ол әңгіменің түсінікті, мазмұнды, тартымды құрылуына қағаты көңіл бөледі. Насихатшы негізінен конспектіге сүйене отырып, көбіне өз сөзімен, еркін түсіндіреді. Конспектіні бас алмай, судыратып оқи бермей, арақидік тыңдаушыларды да қатыстырып отырады. Оларға: «Осылай емес пе», «Сіздіңше қалай» деген қосымша сұрақтар қояды. Бұл, біріншіден, тыңдаушылардың әңгімеге құштарлығын арттырса, екіншіден, мәселені терең ұғынуға көмектеседі.

Насихатшы сондай-ақ өз әңгімелерінде көркем әдебиетті, көрнекі құралдарды тиімді пайдаланады. Мәселен, коммунизмнің материалдық-техникалық базасын жасау, ауыл шаруашылығын басқару ісін қайта құру, тағы басқа мәселелер жөнінде әңгіме өткізгенде партияның XXII съезінің өнеркәсіп, ауыл шаруашылығын өркендету және халықтың әлауқатын арттыру жайындағы қағидалары көрсетілген схемалар мен диаграммаларды қолданды. Жетіжылдықта Совет Одағында, оның ішінде Шымкент облысының халық шаруашылығы қалай өркендейтінін сипаттады, қай жерде қандай кәсіпорындар салынатынын картадан көрсетті.

Насихатшы әңгіме өткізу кезінде тыңдаушыларға түсініксіз мәселені дереу түсіндіреді. Тыңдаушылар, әсіресе М. Ташметов, М. Березиков, А. Ряснянский, М. Орынбеков жолдастар әңгіме үстінде түрлі

шаруашылық салаларынан сауалдар қойып, сабаққа белсене қатынасып отырады.

Тыңдаушылардың экономикалық оқуға осылайша үлкен күштарлық білдіріп, ынта қоюы өзінің игі нәтижесін беріп те келеді. А. Ақбойдақов басқаратын үйірме тыңдаушылары құрылыс жұмысының қай саласында болса да қажырлы еңбек етіп, басқаларға үлгі-өнеге көрсетуде. Қазір бригада коллективі ірі панельді 48 пәтерлі тұрғын үй салып жатыр. Коллектив июнь айының жоспарын 115 процент орындады. Жартыжылдық жұмыс қорытындысы бойынша ауыспалы Қызылтуды жеңіп алды, бригадир А. Петриди, тас қалаушылар Г. Эмболомбетта, В. Малышев, балташы Е. Әбдірасұлов жолдастарға ақшалай және заттай сыйлықтар берілді.

Үйірме тыңдаушыларының бәрі дерлік үгітші. Мәселен, үйірме тыңдаушылары Ж. Бұрқанбаев, К. Мильчевский және Е. Назаров, тас қалаушылар М. Оспанов, А. Ряснянский, ағаш шебері М. Орынбековтер үгітші болып жүр. Бұлар бір жағынан кешкі мектепте оқиды. Ал, насихатшының өзі Шымкенттегі технологиялық институттың құрылыс факультетінің төртінші курсына сырттан оқиды.

— Насихатшылық, — дейді ол, — қызғылықты да тартымды жұмыс. Менің оған ықласым әбден жығылған.

Ал, ынта бар жерде — нәтиже бар. Жұртқа мәлім, Қазақстан Компартиясы Орталық Комитеті «Қадрлардың экономикалық білімінің жайы және оны жақсарту шаралары туралы» қабылдаған қаулысында жұмысшылардың таяудағы екі-үш жыл ішінде экономикалық білім минимумын меңгеру міндетін қойды. Бұл игі істі жүзеге асыруда насихатшыларға құрметті де жауапты міндет жүктелген.

Экономикалық оқудың пәрменділігі мен нәтижелілігі алдымен насихатшыларға байланысты екенін А. Ақбойдақов жолдастың тәжірибесі айқын көрсетеді.

Ә. ӘБІЛДАЕВ.

Оқушылар сұрағына жауап

Шетелдік «жәрдемнің» Түркия экономикасына зардабы

Оңтүстік Қазақстан өлкесінің Шымкент қаласы мен Тын өлкесінің Еркіншілік ауданындағы журнал оқушылары Ү. Қарасаев пен Т. Иманбердиев жолдастар Түркияның экономика жағдайын жазуды сұрайды.

Төменде осыған жауап ретінде Э. Елшібеков жолдастың мақаласы жарияланып отыр.

Түркия үкіметінің соғыстан кейінгі саясатын — Түркияға шет елдердің капиталын тарту саясаты деп сипаттауға болады. Бұл — империалистердің шапқыншылығына қарсы ұлт азаттығы жолындағы ерлік күрес аяқталғаннан кейінгі алғашқы жылдарда Ататүрік жүргізген саясатқа мүлде қайшы саясат.

1923 жылы Лозанна конференциясында Осман империясының соғыстан бұрынғы борыштарына ылажсыз жығынды болған, бұрын берілген концессияларды сол күшінде қалдыруға еріксіз көнген Түркия үкіметі шет елдер капиталының бұл елде орныққан тұрғысын әлсіретуге бірталай шаралар қолданып бақты. Шет елдер капиталының мұндағы тұрғысы ересен берік болатын. Түркияның темір жолдарына, банктөріне, кен концессияларына, өнеркәсібі мен саудасына жұмсалған шет елдер капиталының мөлшері Лозанна бітім шартына қол қойылған кезде 63,4 миллион фунт стерлингке жеткен еді.

Түркия буржуазиясының билеп-төстеушілері Түркияның өміріне шет елдер капиталының араласуына қайыспас қарсылық жасаған емес-ті. Сөйте тұрса да ол шет елдер капиталының ұлттың тәуелсіздігіне қол сұқпай белгілі бір тежеулі шарттармен ғана енетіндей етіп жол беруге тырысты. Ал, шет елдердің капиталымен, жоғарғы феодал топтармен ішті-тысты болып кеткен кертартпа компродор буржуазия болатын болса, ол шет елдер капиталының икеміне көне беруге әрқашан бейім тұратын.

Ісмет Иненюдін үкіметі концессияларды басқару, пайдалану тәртібіне бірқатар тежеу салып, ережелер енгізді. Бұлар Түркия үкіметінің қолына бақылау тізгінін беруге, белгілі мөлшерде мемлекет капиталы мен ұлт капиталын тартуға, Түркияның ықпалын күшейтуге, тек Түркия азаматтарының еңбегін ғана пайдалануға себеп болуға тиісті еді. Сөйтсе де, Лозанна конференциясынан кейін реттелмей қалған бірталай мәселелер (олардың ішінде, әсіресе Оттаман империясының борыштарын төлеу мәселесі), шет елдер капиталының ықпалын әлсіретуді көздеп Түркия үкіметі қолданған бірқатар шаралар іске асырылды. Бірақ ол шет елдердің мұнда капитал жұмсауына бөгет бола алмады.

Түркия үкіметі тағы осы мақсатпен, шет елдердің қолындағы концессияларды ақысын бірнеше жылдың ішінде бөліп төлейтін болып, қайта сатып алуға кірісті. Солардың ішінде шет елдердің билігіндегі барлық темір жолдар сатып алынды. Ал, күміс-қорғасын кендері, көмір концессиялары, теңіз жағаларындағы дөктер мен қоймалар, тағы

бірқатар кәсіпорындар соғыстан бұрын сатып алынған-ды. Мұның үстіне Англия-Франция—Оттаман банкісінің концессия шарттары өзгерді. 1931 жылы республиканың Орталық ұлт Банкі құрылып, ақша шығару правосы соның қолына ауысты. Мұның бәрі шет ел капиталының тұрғысын едәуір әлсіретті.

Дегенмен шет ел капиталының қолында бұрыннан келе жатқан тұрғылардың кейбірі сол күйінде қала берді.

Дүниежүзілік екінші соғыстан кейінгі кезеңде Түркия экономикасындағы шет елдер капиталы онан әрі көбейе түсті. Түркияға «Трумэн доктринасы» бойынша 1947 жылы, «Маршалл жоспары» бойынша 1948 жылы «жәрдемдер» беріліп, кейіннен бұл «доктрина» мен «жоспардың» орнына хауіпсіздікті өзара қамтамасыз ету заңы бойынша келісім жасалды. Бұл келісімдер Түркияның АҚШ-қа дереу кіріптар болуына әкеп соқты. «Жәрдемнің» мөлшері мен оның шарттарын АҚШ шешті. Ал Түркия қаржыны қалай жұмсағаны туралы АҚШ елшісіне есеп беріп тұруға міндеттенді. Келісімнің жүзеге асырылуын бақылау үшін АҚШ Түркияда әскер миссиясы мен экономика жөнінен көмектесу миссиясын ұстады.

1948 жылғы келісім бойынша Түркия бірталай міндеттемелер алды. Келісім шарттарын орындау үшін Түркия үкіметі қабылдаған немесе қабылдайтын жоба, программа, шаралар туралы АҚШ үкіметіне, оның өзі тағайындаған мерзімде және формада егжей-тегжейлі мәліметтер тапсырып тұратын болды.

Түркия үкіметі ауылшаруашылық, өнеркәсіп өнімдерін «Маршалл жоспары» жөніндегі АҚШ әкімдері белгілеген мөлшерде өндіруге міндеттенді. Оның ішінде көмір мен азық-түлік өнімдерін барынша молайта беруге сөз берді. Түркия кәзір АҚШ-та тапшы немесе кейде тапшы болып қалатын өнімдерді де АҚШ-қа тапсырып тұруға міндеттенген.

Түркияның «Тюркье иктисад газет» 1961 жылғы январьдың 18-де жариялаған деректерге қарағанда Түркия АҚШ-тан 1948 жылдан 1960 жылдың ортасына шейін экономикалық «жәрдем» ретінде 1 628 миллион доллар алған. Ал АҚШ-тың соғыс жабдығына арнап көрсеткен «жәрдемі» 2 100 миллион доллар болған. Есептеп көргенімізде бұл қаржының 2,5 миллиарды, яғни АҚШ-тың барлық «жәрдемінің» төрттен үш есесі соғыс жабдығына жаратылған.

1950 жылдан 1960 жылғы июньнің 30-на шейін қайта құру, өркендету жөніндегі халықаралық банк Түркияға Сейхан өзенінде элеваторлар, порттар, тоғандар салу, өнеркәсіп құрылысын қаржыландыру үшін, әртүрлі мерзімде өтейтін етіп және көп өсім алатын болып 61 миллион доллар қарыз берді. Сейхан өзенінде барраж құруға берілген қарыз туралы келісімнің арнаулы бір пунктінде: егер берілген қарызға Түркия құрылыс үшін материал сатып алатын болса, банктің ризалығынсыз АҚШ-тан басқа еш жерден ала алмайды делінген. Осыған орай Түркия барраж құрудың барлық жобалары мен жоспарларын банктің бекітуіне тапсыруға, материалдардың қанша жұмсалғаны туралы есеп пен тағы басқа да мәліметтерді беріп тұруға міндетті.

Түркияның ресми санағының мәліметіне қарағанда, 1948 жылдан бастап 1960 жылға шейін Американың Түркияға берген «жәрдемі» 3 миллиард 728 миллион долларға жеткенін атап айту керек. Ал осышама қыруар қаржы тиімді пайдаланылса, ол Түркия экономикасының дамуына аса елеулі ықпалын тигізер-ақ еді. Бірақ АҚШ-тың билеп-төстеушілері Түркия экономикасының дамуына тілеулес емес. Олардың көздейтіні — Түркияны Таяу Шығыстағы соғыс бекінісі етіп алу, оның қарулы күштерін пайдалану, адам, шикізат қорын АҚШ-тың билеп-төстеушілерінің шапқыншылық мақсаты үшін жұмсау.

Американың «жәрдем» көрсету жөніндегі мақсаты сенаттың арнаулы комиссиясында ашық айтылған. Онда «АҚШ-тың Түркияға соғыс жөнінен жәрдем көрсеткендегі көздейтін мақсаты оның НАТО мүшесі ретіндегі қажеттерін өтеу болып саналады...» делінген.

Түркия экономикасы жөнінен көрнекті маман З. Хершлаг та осы көзқарасты жақтайды: «Маршалл жоспарының» мақсаты, әсіресе соғыс мәселесін көздейді. Бұл ақиқат» дейді ол.

Түркияға беріліп отырған қаржының жалпы жұмсалу бағытына риза бола отырып, АҚШ оның экономиканы өркендетуге едәуір бөлегінің жұмсалуына қарады.

Америка «жәрдемінің» шын мәні, міне, осындай. Сондықтан да ол Түркия экономикасын тұралата берді. Мұның өзі Түркия жұртшылығын тандандыра бастады. Олардың көңлін аулау үшін американдық «Жорнэл оф коммерс» Түркияда экономиканы өркендету жоспарын жүзеге асыруға байланысты қиыншылық туып отыр деп зар илейді. Сөйтіп, Түркияның соғыс блоктарына қосылғанын, соғыс қамына ересен көп қаржы жұмсап отырғанын жасырмақ болады. Бірақ Түркия жұртшылығы бұған жұбана қоймады. Түркияның «Ени сабах» газеті мұның жана отаршылық әдіс екенін айта келіп: «Жоқ, мырзалар, олай бола қоймас! Біз индустрияландыруды қоя алмаймыз» — деп жазады.

АҚШ-тың Түркияға капитал шығаруы Америка монополияларына қыруар көп пайда келтіру үстіне олардың Түркияның ішкі ісіне қол сұғуына, оның шаруашылық өмірін уысында ұстауына тізгін береді. АҚШ капиталистерінің өте тиімді заказ алуына, Түркияның өз есебінен салынатын құрылыстарына араласуына жол ашады. Түркияда АҚШ-тың, Батыс Европаның он-ондаған компаниялары бар.

Алайда, шет елдердің Түркия экономикасына жұмсаған капиталы мардымды емес, 1950—1960 жылдарда ол 83,4 миллион лира болды. Мұның өзгеше себептері бар. Шет ел капиталистерінің Түркияға капитал жұмсауына Түркия заңдары толық еркіндік бермеді. Сондықтан шет ел монополияларының қысымымен Түркия шет елдердің капитал енгізуін қолдайтын, 1951 жылы, 1954 жылғы январьдың 1-де, онан кейін сол жылғы мартта АҚШ мамандарының қатысуымен жаңа заңдар қабылдады. Бұл заңдар шет елдер монополияларына Түркияда капитал жұмсауға және оның кен байлықтарын пайдалануға кең право береді. Батыс Германия монополияларына да жеке меншікті капиталдың Түркияға аз әкелінуіне, оның саяси және финанс жағдайының орнықсыздығы да себеп болып отыр. Шет елдердің капиталистері Түркияны индустрияландыруды, оның машина жасау өнеркәсібінің болуын қаламайды. Олар көбінесе жеңіл өнеркәсіпті өркендетуге капитал жұмсайды. Бұл да шет ел капиталының Түркияда аз жұмсалуына әсер етуде.

Түркияға берілген шетелдік «жәрдем» шет елдер капиталына саясат, экономика жөнінен тәуелділігін онан бетер күшейе түсті. Н. С. Хрущев жолдас осы жөнінде айта келіп: «...1948 жылы Түркияның өнеркәсіп секторы ұлттық табыстың 10,5 процентін берген еді. Ал 1960 жылы... өнеркәсіп секторының үлесі 10,9 процент болып отыр...

Бұл—Түркия азды-көпті дамыған өнеркәсібі жоқ, ауыл шаруашылығының елі болған болса, әлі сол күйінде қалып отыр деген сөз» — деп атап өтті. Ал ауыл шаруашылығын алсақ, егіс көлемі біраз ұлғайды, ауылшаруашылық өнімдерінің түсімі аздап болса да өсті. Бірақ соның өзінде де Түркияның ауыл шаруашылығы тұралаған орнынан тұра алмай келеді. Н. С. Хрущев жолдас Румыниядан қайтқанда радио мен телевизия арқылы сөйлеген сөзінде мұны дәл сипаттап берді... «Түркия қертартпаларының империалистермен баталасуының салдарынан Түркияның өнеркәсібі ғана емес, ауыл шаруашылығы да

күйзеліп отыр. Түркияның ауыл шаруашылығы халықты астықпен де қамдай алмайтын, оны да сырттан алдыратын ауыр жағдайға ұшырап отыр» деді.

Халқының 80 проценті ауыл шаруашылығымен шұғылданатын Түркияда аграрлық реформаның маңызы ерекше зор. Ауылшаруашылық санағының мәліметтеріне қарағанда 2 530 мың шаруа шаруашылығынан 1974 мың шаруашылықтың, яғни барлық шаруалар шаруашылығының 75 процентінен астамының үлесіне егін салынатын 19,5 миллион гектар ғана жер тиген. Сөйтіп ауыл халқының төрттен үшінде барлық егіндік жердің төрттен бірі ғана бар, ал жердің қалған төрттен үші халықтың төрттен бірі болып отырған кулактардың, ірі жер иемденушілердің қолында.

Соғыстан кейін жер реформасы өте-мөте зәру мәселе болды. 1945 жылы қабылданған заң бойынша, мемлекеттің, жергілікті өкімет орындарының қолындағы және қоғам қажетіне пайдаланылмай жатқан жерлерден жерсіз немесе жері аз шаруаларға жер берілмек болған еді. Алайда 1950 жылдың өзінде-ақ ірі помещиктер мен кулактардың қысым жасауымен бұл заңға помещиктердің жерін бөліске салдырмайтын түзету енгізілді. Демократтар партиясының үкіметі ірі жер иемденушілердің жеріне қол сұқтырмау үшін, помещиктердің жерін алудың орнына жаңа аймақтарға ел қоныстандыруға кірісті. Сөйтіп 1945 жылғы реформа шындап іске асырылмады. Жыл сайын жер алғандардың саны 5 мың түтіннен аспады. Жерге зәру шаруалар кәзір ауыл халқының тең жартысынан асады.

Түркияда жер иемденуші мен жерді жалға алушылардың қарым-қатынасын ретке келтіретін заң-ереже деген болған емес. Сондықтан помещиктер шаруашылықтың капиталистік әдісіне көшкенде жерді жалға алушылар мен тенортақшыларды жерден қуып жіберуге ерікті еді. Соңғы он жылдың ішінде 200 мыңдай (бала-шағасымен 1 миллиондай) жалға алушы шаруалар жерден қуылды.

Шаруалардың саяси, теңдік жағдайы соғыстан бұрынғысынан өзгерген жоқ деуге болады. Шаруалардың жоғын жоқтарлық саяси партиялар мен ұйымдар бұрынғысындай әлі де дәрменсіз.

Түркия шаруалары егінді әлі сол баяғысындай ілекер құрал-сайманмен салады. Ресми санақтың мәліметіне қарағанда шаруалардың 66 проценттейінде темір плуг жоқ. Ауылшаруашылық машиналары тек ірі шаруашылықтарда ғана қолданылады.

Түркия шаруаларының көрген күні—қаран. Ауылдардың көбінде мектеп, почта, дәрігерлік пункт сияқты ең қажетті мекемелер жоқ. Шаруалардың басым көпшілігінің ет, сүт, сары май сияқты тамаққа қолы жетпейді. Ауылды жерлерде ауру-сырқаудың көптігі сонша, тек туберкулездің өзінен ғана жылма-жыл 40 мың адам өледі. Түркия шаруаларына қымбатшылық қатты батып отыр. 1948 жылдан 1958 жылға шейін көпшілік қолды товарлар бағасы бес-алты есе қымбаттады. Шаруалардың ақысын жеп, оларды күйзелушілікке ұшыратудың бір құралы—қала мен ауылдың арасындағы айырбастың теңсіздігі болып отыр. 1948 жылдан 1958 жылға шейін өнеркәсіп өнімдерінің бағасы 4—5 есе қымбаттаған болса, ауыл шаруашылық өнімдерінің бағасы 85 процент қана қымбаттады.

Демократтар партиясының үкіметі жүргізген реформа шаруалар мен помещиктердің арасындағы қайшылықты асқындыра түсті. Реформа кулактарды әлдеқайда күшейтіп жіберді.

Мендәрес бастаған демократтардың аграрлық саясаты елде батырақтар мен кедейлердің көбейе түсуіне әкеліп соқтырды. Бұлар барлық шаруа шаруашылықтарының 62,6 проценті.

Түркия мен АҚШ арасында жасалған теңсіз келісімдер Түркияның Финанс жағдайын да қиындатты. 1947 жылдан бері қарай Түркия шет елдермен тиімсіз сауда жүргізеді. Оның шетке шығарған товарларынан әкелген товарлары көп. Соның салдарынан Түркия үкіметінің борышы басынан асып, кәзір 18 959 миллион лираға жетіп отыр. Мұның ішінде шет елдерге бересі борышы 12 191 миллион лира. Мұнша борышты Түркияның «...2 008 жылдан бергі жерде төлеп болуға мүршасы келмейді. «Бұл біздің есебіміз емес. Түркияның буржуазиялық «Уатан» газеті келтіріп отырған есеп» деді Н. С. Хрущев жолдас.

Қымбатшылық жағынан Түркия дүние жүзінде ең алдыңғы орындардың бірін алады. Өткен жылы онда күнкөріс нарқы 1938 жылғыдан 922 процент артты, азық-түлік 1 176 процент, киім-кешек 935 процент қымбаттады. Ал жұмысшы, қызметшінің жалақысы бар болғаны 2—2,5 есе ғана көбейді. Түркия экономистерінің есептеуі бойынша төрт басты бір үйлі жанның күн көрісіне ай сайын ең кемінде 2 292 лира керек болса, жұмысшылардың көпшілігінің айлық табысы 350—400 лирадан аспайды. Пәтер ақы аса жоғары болғандықтан оған Түркия жұмысшы табысының үштен бірі кетіп отырады, сондықтан жұмысшылардың көпшілігі ылажсыздан «гежекконду» деп аталатын баспанада, басқаша айтқанда жер кепеде күнелтеді. Тіпті ресми мәлімет бойынша Стамбулда 60 мың осындай гежеккондулар бар екен, оларда 450 мыңнан аса, яғни қаланың барлық тұрғынының үштен біріндейі тұратын көрінеді. Бұдан тек ауылды жердегі ғана емес, қалалы жердегі еңбекшілердің де көрген күні қорлық екені байқалады.

Түркияның демократтар партиясы үкіметінің халыққа жат, ұлт мүддесіне қайшы саясаты, Америка капиталының өктемдігі, елдің экономикалық жағдайының нашарлауы Түркия жұртшылығын ашындырмай қоймады. Бұл жағдай Түркия армиясының офицерлері арасында да наразылық туғызды. Олар 1960 жылғы майдың 27-нде әскери төңкеріс жасады.

Біздің партияның жаңа Программасында: «Осы заманғы отаршылдықтың басты тірегі — Америка Құрама Штаттарының империализмі» делінген. Империалистер халықтарды отаршылдықпен қанаудың жаңа әдістерін, жаңа түрлерін қолдануға жармасады. Олар азат болған елдерді өз уысынан шығармау үшін, олардың қолы жеткен тәуелсіздігін жоққа шығару үшін, немесе оларды сол тәуелсіздігінен айыру үшін, отаршылдық соғыстар ашу, тыңшылық, террорлық, бүлдіргіштік әрекеттер істеу, экономика жөнінен қысым жасау, параға жығу сияқты арам пейілдіктің бәрін пайдаланады. Олар «жәрдем» көрсетем деген желеумен азат болған елдердегі бұрынғы үстемдігін сақтап қалуға, ұлт буржуазиясын өз жағына тартып әскери-өзбыр тәртіп орнатуға, үкімет басына өз айтқанынан шықпайтын қуыршақтарды отырғызуға ұмтылады.

Батыс елдердің соғыс одағына қосылуы салдарынан Түркия душар болып отырған ауыр жағдайды көрсете келіп, Н. С. Хрущев жолдас дәйекті битараптық қана Түркияның экономикасын өрлетіп, оның экономика және саясат жөнінен тәуелсіздігін нығайта алатынын атап айтты. Түркия, — деді ол, — өз ресурстарын осы күнге шейін қыруар қаржы шашылған соғыс қамына емес, өз елінің экономикасын өркендетуге, өз халқының әл-ауқатын, мәдениетін көтеруге пайдаланатын болса, онда мұндағы халықтың аңсаған арманы іске асар еді, тұрмысы жақсарып, қайыршылықтан құтылар еді.

Тарих алға жылжуда, сондықтан ертелі-кешті Түркия халқы да қорлықтан құтылады, теңдік, бостандық алып, экономикасы мен мәдениеті өскен, іргелі елге айналады. Бұған ешқандай күмән жоқ.

Х а т - х а б а р

Ұлы ескерткіш

(Карл Маркс пен Фридрих Энгельстің Москвадағы музейінде)

Москвада биылғы майда дүние жүзі пролетариатының ұлы көсемдері Карл Маркс пен Фридрих Энгельстің музейі ашылды.

Музейді ашуға даярлық Ұлы Октябрь социалистік революциясы орнағаннан кейін-ақ жүргізіле бастаған-ды. КПСС Орталық Комитеті жанындағы марксизм-ленинизм институты көп жылдар бойына К. Маркс пен Ф. Энгельстің түп нұсқалы документтерін, қолжазбаларын, фото суреттері мен картиналарын, үй жиһаздарын жинаумен шұғылданды. Европа елдерінің бірсыпыра коммунистік және жұмысшы партиялары, сол сияқты К. Маркс пен Ф. Энгельстің жақын адамдары да кейбір заттардың түп нұсқасын табуға көмектесті.

Міне, біз ауласы кең, гүл мен жасыл баққа бөлсенген оңаша үйдің жұрт ағылып кіріп жатқан қақпасынан өтіп, музейге келе жатырмыз. Музейдің темір шарбақты ауласында К. Маркс пен Ф. Энгельстің биік тұғырға орнатылған бюсті тұр. Ғылыми коммунизмнің кемеңгерлері келуші ұрпақтарын қошаметпен қарсы алып тұрғандай. Көрушілер — барлық ел мен халықтың өкілдері.

Үйдің екінші қабатына шыға берісте К. Маркс пен В. И. Лениннің біртұтас ақ мраморға ойып салған суреті қойылған. Мұның өзі бұрын-соңды ешқайда бұл тәрізді етіп салынбаған, сирек үлгі.

Екінші қабаттың кіре беріс қабырғасында суретші Г. Гордонның салған картинасы тұр. Мұнда К. Маркс пен Ф. Энгельс кесек тұлғалы көсем, ақыл-ойдың кемеңгері ретінде бейнеленген.

Бірінші залға кіре берісте К. Маркстің Лондондағы Хайгет зиратындағы бейітіне орнатылған ешкерткіштің көшірмесі қойылған. Бұл ескерткіш мүсіндеу өнерінің биік шыңының бірі, теңдесі жоқ туынды. Мұны атақты скульптор Бредшоу жасаған. Бұл зал «Карл Маркс пен Фридрих Энгельстің материализм мен коммунизмге сапары» деген тақырыпқа арналады.

Ұлы адамдардың дүниеге келген күнінен бастап, ес біліп мектепке барған шақтары, гимназия бітіріп университетке түсер кездері, алғашқы өмір қадамы сипатталады. Осы кішірек залдың ішінде көп мәлімет бар. 1818 жылғы 5 майда, Трир қаласында, жоғарғы апелляциялық палатаның адвокаты Генрих Маркстің семьясында Карл атты бір перзенттің дүниеге келгені туралы 231 номерлі акты жасалған. Оны толтырған чиновник те, мәлімдеген әкесі де туманың тағдыры келешекте не боларын, оның кім болып шығарын, әрине білмеген болар. Міне Карлдың тууы туралы куәліктің немісше нұсқасын және орысшасын көрушілер оқып жатыр.

Ерте кездегі гравюралар, сирек кездесетін фотосуреттер, көркем картиналар мен мүсіндер қойылған осы залдың әрбір экспонатының тартымды тарихын қайта-қайта тыңдағың келеді. Трир гимназиясын бітірген Карлдың өнер таңдау тақырыбына арнап жазған «Жасөспірімнің ойланып-толғануы» деген шығарма көзге түседі. Онда «Егер адам тек өзі үшін ғана еңбек етсе, ол сірә, атақты ғалым да, ұлы данышпан да, тамаша ақын да бола алар, бірақ ол ешуақытта шын мәнісінде жетілген және ұлы адам бола алмайды». Онда әркім-ақ оқып шығады. Гимназияны жана ғана бітірген Карлдың аяқ алысы осындай. Жас Карлдың мұндай көзқарасының қалыптасуына оның сол

гимназиядағы ұстаздары үлкен әсер еткен. Оның үстіне жас шәкірттің өзі де Ф. Вольтердің, В. Шекспирдің, Ж. Ж. Руссоның шығармаларын, Гомердің «Одиссеясы» мен «Илиадасын» оқып үлгірген. 1841 жылы Берлин университетін бітіреді. Бұл кезде студент Карл классикалық неміс философиясының өкілдері Э. Канттың, И. Фихтенің, Г. Гегельдің, Л. Фейербахтың еңбектерімен танысады. Маркс «Фейербах туралы тезистерден» деген қойын дәптерінде: «Философтар дүниені тек қана түрліше түсіндірді, ал әңгіме дүниені өзгертуге болып отыр» деп жазған.

Университетті бітірген соң Маркс «Рейн газетіне» редактор болады. Бұл сол уақыттағы күшті, ықпалды, беделді газеттің нағыз өзі еді. Кейін реакцияшыл Пруссия үкіметі оны жабуға мәжбүр болды. «Рейн газеті» жайында сол кезде ғажайып өткір сатиралық сурет салынған. Онда «Рейн газеті» бағанаға байланған Прометей түрінде бейнеленеді. Ал Пруссия министрі Эиххорн ағаш басындағы дәрменсіз тиін тәрізді көрінеді.

Бірінші залда Фридрих Энгельстің Барменде туғаны, оның балалық шағы, Эльберфельд гимназиясында оқығаны, ата-анасы туралы мәліметтер толық беріледі. Фридрихтың да Карл сияқты гимназияда оқып жүрген кезінде-ақ саяси көзқарасының үздік екені көзге түседі.

Екінші зал бұл екі дана адамның ғылыми коммунизмнің теориялық негіздерін жасау жөнінде бірлесіп іске кіріскен кезеңін бейнелейді. Бұл кезең — «Рейн газеті» жабылғаннан кейінгі К. Маркстің «Неміс-француз жылнамасы» дейтін журнал шығаруға кіріскен шағы. Оның 1844 жылдан бастап Ф. Энгельспен жақындасып, дос болғаны, бірлесіп жұмыс істегені көрсетілген. Бұл екі данышпанның алғашқы бірлесіп жазған ірі еңбегі — «Қасиетті семья». Оның қатарына Ф. Энгельстің дербес жазған «Англиядағы жұмысшы табының жағдайы» дейтін кітабы қойылған. В. И. Лениннің пікірі бойынша, бұл еңбек буржуазияның адам айтқысыз айуандығы мен масқаралығын айыптау болып табылған-ды.

В. И. Ленин К. Маркстің «Неміс-француз жылнамасы» журналына жазған мақалаларын жоғары бағалап, оның революционер ретінде көзге түсіп, сол кездегі өмір сүріп отырған құрылысты қатты сынағанын көрсеткен.

Келесі үшінші зал «К. Маркс пен Ф. Энгельс коммунистер Одағы мен Компартия манифесінің негізін салушылар» деген тақырыпқа арналған. Бұл залдағы экспонаттар ішінде жер шарын матап шырмаған темір бұғауды талқандап жатқан жұмысшының кесек те батыр тұлғасы көрушінің назарын бірден өзіне аударады. Мұнда Маркс пен Энгельстің коммунистер одағын ұйымдастыру, оның программасын — Коммунистік манифесті жазу тарихы толық көрсетілген. В. И. Ленин айтқандай, талай томдарға татырлық осы кішкене кітапшаның революциялық маңызы қаншалықты зор десеңізші! Оның «Барлық елдердің пролетарлары, бірігіңдер!» деген соңғы сөйлемі 46 халықтың тілінде жазылып қойылған.

Коммунистік манифесті өз тіліне алғашқы рет аударған халықтардың бірі де орыс халқы еді. Бұл жөнінде мынадай бір қызықты мысал келтірілген. Коммунистік манифестің алғашқы басылған бір данасын Маркстің қызы Элеонора қолын қойып, Г. В. Плехановқа сыйлаған. Сол кезде манифестің орыс тіліне аударылған бір данасы белгілі революционер ғалым Н. И. Кибальчичтің үйінде сақталған. Оның үйіне полиция тінту жасаған кезде табылған осы кітапшаның бір парағы экспонат етіліп қойылған.

Компартия манифесінің жазылып, жарыққа шыққан кезеңі 1848—1849 жылдардағы революциямен ұштасады. Осы кезде революциялық қозғалыс кең өріс алған елдер—Франция, Германия, Венгрия тулары ілінген. Маркс редактор болып шығарған «Жана рейн газеті» номерлері де осы залға қойылған. Оларда революциялық тактика жөнінде Маркс жазған мақалалар бар. Осында қойылған материалдарда К. Маркс пен Ф. Энгельстің контрреволюцияның шабуылына қарсы еңбекші халықтың күресін ұйымдастырушы болғаны, Бадендегі көтеріліске Энгельстің тікелей қатысқаны сипатталады.

К. Маркс пен Ф. Энгельс 1848 жылғы революциялық қимыл күшімен басылғаннан кейін басталған қаратүнек реакция жылдарында одан кейін өріс алған революциялық өрлеу жылдарында қажырлы еңбек етіп, ғылыми коммунизмді онан әрі дамытумен болған. Мұны дәлелдейтін документтер бар залда.

Төртінші зал да К. Маркс пен Ф. Энгельстің 1848—1849 жылғы революция кезіндегі жұмыстарына арналады. 1848 жылғы революцияның Батыс Еуропа елдерінде қалай басталғаны баяндалады. 1848—1849 жылдардағы революция кезінде венгр халқы көтерген Қызыл тулар мен қару-жарақтар экспонаты, Париждегі баррикадалық ұрыстың картасы буржуазиялық үкімет әскерлеріне қарсы күрестің қаншалық күшті болғанын бейнелейді.

Бесінші зал «К. Маркс пен Ф. Энгельс реакция жылдарында; 1849—1864 жылдардағы жаңа революциялық өрлеу кезеңдерінде» деген тақырыпқа арналған.

Мұнда К. Маркс пен Ф. Энгельстің өмірін, қызметін сыпаттайтын заттар бар. Ұлы көсемнің өзі мен семья мүшелері пайдаланған заттар көрушіге ерекше әсерлі із қалдырады. Суреттен көру, я жазған қолжазбаларының түп нұсқасын қағаздан қарап оқу әсері басқа да, ал өзінің тікелей пайдаланған заттарын көріп қарау мүлдем өзгеше көрінеді. Міне жұрттың көз алдына Маркстің қызмет столы, жұмыс істегенде отыратын орындығы тұр. Ғылыми коммунизмнің негізін қалаған данышпан өзінің әлемге әйгілі ғажайып еңбегі «Капиталды» осы орында отырып жазған.

«Карл Маркстің мүліктері» деген бөлімде бұдан басқа да заттар бар. Ұлы көсемнің семьясы пайдаланған шай сервизи, мүштегі, Маркстің қызы таққан алтын медальон, оның ішіне Маркстің суреті және оның бурыл тартқан бір тал шашы салынған.

Осы экспонаттар қатарында заманында асқан сұлу болған Женнидің — Маркстің досы әрі жұбайының көркем портреті ілінген. Карл Маркстің қыздары Женнидің, Лаураның, Элеонораның, үй қызметкері Елена Демуттың, 8 жасында өлген ардақты ұлы Эдгардың суреттері де тұр.

Экспонаттар ішінде адам сезімін ерекше тебіrentетін бір зат — Маркстің креслосы. Арқасы биік, ақ матамен капталған осы креслонның үстінде отырып 1883 жылдың 14 марты күні ұлы көсем дүниеден қайтқан. Экскурсовод осы жайды айтқанда манадан жайдары жүзді жайрандап жүрген жұрт біраз томсарып, креслоға тағы да бір қабағын түйе үніле қарап, көсем жанының үзіліс минуты дәл осы жерде болғандай аянышты сезіммен аңырып тұрып қалады. Онан әрі айтылып жатқан түсініктің әуенімен, көсем істерінің мәңгі өшпес мұраларының тағы да бір жарқын тарауымен жабық көңіл қайта сергиді.

Маркстің семьясы пайдаланған комод-секретер, ақша салған портмоне тағы басқа заттары да қойылған. Бұл заттардың бірқатарын әр кезде Маркстің немерелері және шетел коммунистері біздің музей ашуға даярлығымыз барлығын естіп жіберіп отырған.

Бұдан кейінгі алтыншы зал — марксизмнің негізгі шығармасы «Капиталға» арналған. Бөлменің төрт қабырғасына бірдей сөре жаса-

лып, дүние жүзі халықтарының тілінде басылған Маркс пен Энгельстің шығармалары қойылған. Әрбір томда — «Капитал» деген алтын жазу. Осы еңбекті жазу үшін Қарл Маркс 40 жылдан астам өмірін сарп еткенін айтқанда, — солай десе дегендей ғой шіркін, бұл кемегер шығарма, — деседі экскурсанттар. Жұрттың көз алдында «Капиталдың» 1867 жылы Гамбургте басылып шыққан I томының түпнұсқасы тұр. Соның қатарына «Капиталдың» 1872 жылы орыс тіліне барлық елден бұрын аударылып, Петербургте басылып шыққан I томы да қойылған.

«Капиталдың» алғашқы томы шығар қарсаңда Маркстің өзі де оның қандай шығарма екенін былай сыпаттайды: «Міне, мұның буржуаның (оның ішінде жерді жеке меншіктенушілердің де) басына қай кезде болса да тура атылған ең жойқын снаряд екені даусыз».

«Капиталдың» II және III томдарын Маркс қайтыс болғаннан кейін Ф. Энгельстің баспаға әзірлеп бергені және шығартқаны жұртқа мәлім. Энгельстің бұл жөнінде қаншалық еңбек сініргенін бағалай келіп, В. И. Ленин былай деген екен: «...Энгельс өзінің кемегер досына асқан зор ескерткіш орнатып, бұл ескерткіште өзінің есімін де ұмытылмас белгілермен бейнелеп берді».

Екінші залдан бастап музей материалдарының барлығында Энгельстің Маркске көрсеткен баға жетпес моральдық және материалдық көмегі айқын сипатталып отырған.

Көп семьялы Маркстің күн көрісі кейде қиындыққа соғып, тіпті ауырған адамына дәрі сатып аларлық қаражаты болмай қалған күндері болған. Маркстің творчестволық ойларының ілгері дами беруін қолдаған, барлық жағынан көмек беріп отырған Энгельс оның жанкияр досы ретінде қолдан келер көмегінің бәрін аямаған.

Саны аз болғанымен сапасы мол мазмұнды залдарда екі сағаттан астам уақыт жүріп, «К. Маркс пен Ф. Энгельс — Бірінші Интернационалдың көсемдері және Париж коммунасы» деген жетінші залға келдік. Бұл көсемдер өмірінің аса мазмұнды да қажырлы күрес жылдары болған, 1864 жылдан 1872 жылға дейінгі дәуірді қамтиды. 1864 жыл — тарихта аса әйгілі жыл. Сол жылы Лондонда жұмысшылардың халықаралық бірлестігі — Бірінші Интернационал ұйымдастырылды. Оның көсемдері Қарл Маркс пен Фридрих Энгельс болды. «Маркс осы қоғамның жаны болды, қоғамның бірінші «Үндеуінің» және толып жатқан қарарларының, мәлімдемелерінің, манифестерінің авторы болды» — деп жазды В. И. Ленин. Осының нақты куәсіндей Қарл Маркске берілген «Жер мен еңбек лигасының» мүшелік билеті, Ф. Энгельске берілген «Жұмысшылардың халықаралық серіктігінің» мүшелік билеті шыны астына қойылған. Бұлар алғашқы коммунистік ұйымдардың документи еді.

Осы зал бейнебір революциялық рухқа толы — қаһармандық күрес, жеңіс іздері қалдырылған тарихи панорама тәрізді. 1871 жылғы оқиға, Париж пролетариатының жеңісі сипатталады. Маркстің «Франциядағы азамат соғысы» дейтін еңбегінің алғашқы басылуы, Маркс пен Энгельстің Париж коммунасы эпопеясына арналған документтері, коммуналардың қаһармандық күрес кезеңдерін бейнелейтін суреттер мен гравюралар. Солардың арасында атақты суретші Э. Пиккионың 1873 жылы салған «Коммунарларды ату» дейтін қайғылы да аянышты көркем картинасы ілулі тұр.

Шыны шкафтың бірінде атақты Париж коммуналарының жауынгер Қызыл туы желбірейді. Бұл сол қаһармандық күрес күндерінде коммуналардың 67-батальоны жауынгерлерінің қолында болған қызыл ту. Жоғарыда айтылған картина мен бұл туды 1924 жылы француз коммунистері біздің елге сыйлыққа жіберген.

Париж Коммунасы — жаңа сипатты мемлекет. Революциялық бағыл қимыл, жеңісті баянды ете алмаса да, коммунарлар арманы кәзір жүзеге асып отыр.

Осыған таяу сегізінші залдың тақырыбы — «К. Маркс пен Ф. Энгельс және Россия» деп аталады. Бұл ұлы адамдар Россияның тарихына, оның саяси өміріне ерекше назар аударып отырған. Әсіресе 1861 жылғы реформадан кейінгі қоғамдық қозғалыстарға аса зор мән беріп, оның жайын қадағалап, бақылап отырған. Олар орыс революциясының дүниежүзілік маңыз аларлық болашағына зор сеніммен қараған еді деп В. И. Ленин атап көрсеткен.

Маркс те, Энгельс те орыс тілін жақсы білген. Маркс орысша оқыған кітаптардың беттеріне өзінің ескертпелерін жазып кейбір сөздерін өшіріп, үстінен сөз қосып, мазмұнына терең түсініп, тілін меңгеріп оқыған. Көп кітаптың біреуінде орыс жұмысшысы Петр Алексеевтің 1877 жылы сотта сөйлеген сөзі бар екен. Маркс осы кітапты оқығанда жұмысшының сөзіне аса жоғары баға беріпті. Бұл бөлмеде Г. Лопатин мен Н. Даниельсон орысшаға аударған «Капиталдың» I томы, тағы басқа шығармалар қойылған. Карл Маркс пен Фридрих Энгельстің шығармалары дүние жүзіндегі елдердің 97 тіліне аударылған, ал СССР-де 1917 жылдан 1961 жылға дейін 75 миллион 161 мың дана болып басылып таратылған.

Музей залдарында Россияда жасалған бейнелеу өнерінің аса сирек кездесетін нұсқалары — көркем картиналар, мүсіндер, гравюралар, құйма ескерткіштер де бар. Солардың ішінде Карл Маркстің қолдан құйылған мүсін суреті өзіне ерекше назар аудартады. Бұл мүсінді РСДРП-ның Москва комитетінің арнаулы тапсырмасы бойынша бұдан 57 жыл бұрын құю шебері А. Голубкина жасап шығарған. Бұл — Россияда Маркстің тұңғыш жасалған мүсіні. Ал атақты суретші Репиннің таңдаулы шәкірттерінің бірі Н. Фешин 1918 жылы Карл Маркстің портретін өздігінен салған. Ол портрет көп жылдар бойы Татарстанда Казан қаласында сақталып, соңғы жылдары ғана Москваға әкелінген. Бұл портрет — өте сәтті салынған тамаша ескерткіш.

Соңғы зал «Марксизм-ленинизм идеяларының салтанаты» деп аталады. Мұнда тек коммунизмнің ғана дүниеде Бейбітшілік, Еңбек, Бостандық, Теңдік, Туыскандық, Бақыт орнықтыратыны насихатталады. Адамзаттың асыл мұраты болып табылатын осы алты сөздің авторлары да Маркс, Энгельс, Ленин екені көрсетіледі. Ұлт-азаттық қозғалыстың қол жеткен табыстары, бостандық алған тәуелсіз елдер қатарының күн санап көбейіп келе жатқаны сипатталады.

Совет Одағы Маркс пен Энгельстің идеяларын творчестволықпен жүзеге асырған тұңғыш ел болды. Ғылыми коммунизмнің негізін салушы кемеңгерлердің ілімін дауышпен Ленин онан әрі дамытты. Партияның XXII съезі қабылдаған КПСС-тің жаңа Программасы марксизм-ленинизм идеяларының салтанат құруына, адамзаттың нұрлы болашағы коммунизмге жетуге тура жол көрсетіп, жөн сілтеп отыр.

Музейге кіре берісте Никита Сергеевич Хрущевтің:

«Біз болашаққа арналған стратегиямыз бен тактикамызды белгілей отырып, Маркс пен, Энгельс пен, Ленинмен тағы да ақылдастық.

Біздің бұдан былайғы барлық жеңісіміздің кепілі — марксизм-ленинизмнен айнымас адалдық».

Никита Сергеевичтің осы сөзін музейге кірерде оқып көрген адам, музейді қарап шыққаннан кейін бір рет тағы қайталап оқып, я, барлық жеңісіміздің кепілі — соңғы айтылған сөздер деп тұжырым жасайды.

Қ. СҮЛЕЙМЕНОВ.

Егін жинау—кәзіргі айбынды міндет

Партияның Орталық Комитеті мен Совет Одағының Министрлер Советі Қазақстан еңбекшілерін егінді дер мезгілде ысырапсыз жинап алып, мемлекетке мол астық сатуға шақырды. Республика жұртшылығы партия мен үкіметтің шақыруын зор ықыласпен қабыл алды.

Отанға астықты көп беру жолындағы бүкілхалықтық күреске Батыс Қазақстан өлкесі, оның Орал облысы елеулі үлес қосайын деп отыр. Орал облысының еңбекшілері биыл мемлекет қоймасына 50 миллион пұт астық құюға серт берді. Мұның өзі—жоспардағыдан екі еседей артық. Облыста әрбір өндірістік басқарма, әрбір аудан, әрбір колхоз бен совхоз өзінің мүмкіндігін, шама-шарқын еске ала отырып, өз міндеттемесін қайта қарады. Көптеген шаруашылық, айталық, «Көшім», «Пермский», «Еңбек» совхоздары, Чапаев, Киров атындағы, «Путь к коммунизму» ауылшаруашылық артельдері Отан қоймасына жоспардағыдан екі-үш есе артық астық құюға міндеттенді.

Облыста биыл егін бітік өсті. Ендігі міндет егінді шашпай-төкпей жинап алып, астық дайындау жөнінде мемлекет алдындағы борышты абыроймен орындауда болып отыр.

Мемлекетке жоспардан тыс астық өткізу жолындағы күрестің туын облыста, бүкіл өлкеде Чапаев ауданының еңбекшілері бірінші болып көтерді. Оны барлық аудан жұртшылығы қолдады.

Чапаевтықтардың шақыруына Орал колхоз-совхоз өндірісі басқармасының шаруашылықтары алғашқылардың бірі болып үн қосты. Бұл—облыстағы ең ірі басқарма. Оның совхоздары мен колхоздары мемлекетке 26—27 миллион пұт астық сатады. Мұның өзі—облыс көлемінде мемлекетке астық тапсыру жөнінде қабылданған міндеттеменің тең жартысынан астамы. Басқарма қарамағындағы колхоздар мен совхоздар мол өнімнің негізін ерте бастан қалады. Көктемгі егісті агротехникалық қолайлы мерзімде өткізді. Егіс көлемін жылдағыдан ұлғайта отырып, биыл жоспардан тыс 28 мың гектар жаздық дәнді дақыл, оның ішінде 22 мың гектар бидай екті.

Дихандардың қажырлы еңбегі зая кетпеді. Астықтың түсімі жақсы. Бірқатар шаруашылықтар күздік дақылдарды, бұршақты дер кезінде жинап алып, бидайды дендеп қалды. Бұршақты дақылдар мен қара бидай көп жерде бөлектеп орылды. Тары да бөлектеп жиналуда.

Совхоздар егінді жатқалы «СК-3» комбайнымен тұңғыш рет дестелеп орды. Мұндай жағдайда жатқаның бірі аспалы, екіншісі—тіркемелі болады. Мәселен, Ленин атындағы совхоздың комбайншылары: В. Пучков, Н. Иванченко күніне 45—50 гектардан егін орады. Астық жинаудың мұндай әдісі өте тиімді. Біріншіден, агрегаттардың жұмыс өнімділігі шұғыл артты, екіншіден, тракторлар басқа жұмысқа ауыстырылды. Агрегатты бір ғана комбайншы басқарады. Мұндай агрегаттардың жұмысы «Көшім» совхозында жақсы ұйымдастырылды.

«Көшім» совхозының партия комитеті, оның төрт бастауыш партия ұйымы егін орағында ұйымшылдық көрсетіп келеді. Совхоздың партия жиналыстарында егін орағы басталар алдында адамдарды орналастыру, жауапкершілігін арттыру, оларға мәдени-тұрмыс қызметін көрсету, үгіт-көпшілік жұмысын жүргізу мәселелері бірнеше рет қаралды. Комбайншылармен дүркін-дүркін әңгіме өткізілді.

Егін орағының жұмыс жоспарын совхоз дирекциясы партия, кәсіп-одақ ұйымдарымен бірлесе отырып жасады. Жоспар механизаторлар арасында талқыланды. Онда егіншілер арасында жүргізілетін үгіт-көпшілік жұмыстары, мәдени-тұрмыс шаралары толық көрсетілді. Коммунистер мен комсомолецтер егін орағының шешуші жерлеріне жіберілді. 87 коммунист, 200-дей комсомолец егін басында жүр. Олар өздері тікелей жұмыс істеп, басқаларға үлгі-өнеге көрсетуде. Коммунистердің ішінде 25 адам комбайншы, механик, тракторшы, қырман меңгерушісі, есепші қызметін атқарады. Әрбір бригадаларда партия, комсомол тобы ұйымдастырылған. Олар «жауынгерлік листок», «молния» шығарып тұрады. Үгіт-көпшілік жұмыстарына басшылық етеді. Әрбір бригадаларда, қырманда үгітшілер бар. А. Әбдірахманов, В. Хохлачев сынды үгітшілер түскі, кешкі тынығу кездерінде тартымды әңгіме өткізіп, газет-журналдардан қызықты хабар оқып береді.

Әрбір механизатор өзара жарысқа түскен. Комбайншылардың жарысы күн сайын қорытылып тұрады, ал, бригадалардың жұмыс қорытындысы бес күнде бір рет шығарылып, көрсеткіш тақтаға жазылады. Оза шығып, жұртқа үлгі болған механизатордың жұмыс тәжірибесі, алдағы міндеттер жайлы совхоз орталығындағы «За коммунизм» газетінде жазылады.

Совхозда үш радиоторабы жұмыс істейді. Бұлардың бәрі де егін жинаудың барысы туралы хабар беріп тұрады, озаттардың тәжірибесін таратуға атсалысады. Селолық лекторийдің мүшелері: агрономдар, зоотехниктер, өзге де мамандар радиодан сөйлеп, түрлі тақырыпқа лекция оқиды.

Міне, осының бәрі совхоз жұмысшыларын егін орағының қауырт та қиын күндерінде қажырлы еңбекке жұмылдыруға көмектесуде. Совхоздың қарт комбайншысы, коммунист П. Мясников, комбайншы В. Лысманов, И. Юдаев күніне 26 гектар, С. Герасимов, П. Джелеманов — 17—18 гектар жердің егінін орып, гектар басы 15—20 центнер астық бастырып жүр. Совхозда мұндай комбайншылар аз емес. Мәселен, бірінші егіс бригадасындағы 9 комбайнның екі күнгі жұмыс өнімділігі — 400 гектар болды. Бұл — әрбір комбайншы сменасына 22 гектар егін жинады деген сөз. М. Галиев, Б. Хохлачев, Н. Ирттикеев сынды шоферлер, астық тазалайтын және тиейтін машиналардың механигі С. Танаев, басқа да көптеген жұмысшылар күні-түні бірдей жан аямай еңбек етіп келеді. Бұлардан совхоздың басқа механизаторлары үлгі алуда.

Совхоздың егін даласында жоспар бойынша жөнделуге тиісті 107 комбайннан 100 комбайн жұмыс істейді. Июль айының екінші онкүндігінде әрбір комбайнның күнделік жұмыс өнімділігі 10 гектар болды. 5700 гектар жердің астығы бастырылып, гектар басына орта есеппен 13 центнерден айналды. Ал, А. Горшков, Е. Плетнев жолдастар басқаратын бригадаларда 600 гектар арпаның әр гектарынан 19 центнер, 900 гектар бидайдың әр гектарынан 25 центнер өнім алынды.

— Астықтың түсіміне қарағанда, — дейді совхоз директоры Н. Михайлов жолдас, — бірінші және екінші бригадалардағы 9000 гектар дәнді дақылдан гектар басы 15 центнерден астық жинаймыз. Мұндай учаскелер совхоздың басқа бес бригадасынан да табылады.

Рас, астықтың түсіміне ешбір дау жоқ. Мұндай өнім бұл өңірде бұрын-соңды болып көрген емес. Осы мүмкіндіктерді ескере отырып, совхоз жоспарда белгіленген 700 мың пұттың орнына мемлекетке 2 миллион пұт астық сатуға серт берді. Бұл көтеріңкі міндеттемені абыроймен орындау үшін көзір техниканың күшін сарқа пайдалану, әсіресе әрбір комбайнның жұмыс өнімділігін арттыру, егін жинау мерзімін қысқарту, басшылық дәрежесін күшейту қажет.

Комбайнның жұмыс өнімділігін арттыру үшін екінші смена ұйымдастыру керек еді. Тіпті 25 комбайнға түнгі жұмыс үшін жарық орнатылса, әр комбайнға 10 гектардан қойғанының өзінде, сменасына қосымша 250 гектардың егін орылған болар еді. Бұлай етпеген күнде совхоздағы 51 өздігінен жүретін комбайнның жұмыс өнімділігін арттыру мүмкін емес. Себебі, мұндай комбайндарда бір ғана комбайншы жұмыс істейді.

Совхоз механизаторларды өзі даярлаған. Сырттан жұмысшы қолын да көп керек етпейді. Дәл кәзіргі жағдайда, мол өнім күтіліп отырған кезде, өндірістік басқарма бұл совхозға қосымша күш, техника бөлгені ағат болмас еді. Қәзір облыста мұндай мүмкіндік бар.

Совхозда 33 300 гектар дәнді дақылдан небәрі 8 мың гектар дақылды бөлектеп ору жоспарланған. Оның 5 мың гектары—негізінен күздік егін бөлектеп орылды. Сондай-ақ тары да осы әдіспен жиналуда. Сабағы тез қурап, дәні тез төгілетін 23 мың гектар «Альбидум—43» сортты жұмсақ бидайдың дәні тікелей комбайнмен орылуда. Өйткені, әзірленуге тиісті 50 жатқаның 12-сі ғана іске қосылды. Осының салдарынан жұмсақ бидай үшін бөлектеп ору мерзімі өтіп кетті.

Егін орағында комбайндарды топтап пайдаланудың тиімді екені жұртқа мәлім. Бірнеше комбайнды яки жатқаны белгілі бір учаскеге бірден жинап пайдаланудағы негізгі мақсат—машиналардың техникалық күтімін жақсарту, оған жұмсалатын уақытты үнемдеу, астық таситын транспорттың мүмкіндігін сарқа пайдалану. Оның үстіне механизаторлар бір-біріне бас-көз болады, өзара бақылау, жәрдем күшейеді. Бірақ бұл тиімді әдіс совхозда мүлде қолданылмаған.

Совхозда астық тасымалдауға машина жетіспейді. Машина күндіз комбайннан қырманға, түнде қабылдау пунктіне астық тасиды. Ал Петропавл, Переметненск автобазалары тиісті машинаның жартысын ғана беріп келеді. Күніне оның да 10—15-сі кішігірім жөндеуге байланысты тоқтап тұрады.

Қырманда астық тазалайтын күрделі машина жетімсіз. Ал түсіргіш механизм атымен жоқ.

Осы олқылықтардың бәрі мемлекетке астық өткізу графигінің бұзылуына әкеліп соғуда.

Егін жинау барысы бірқыдыру тәуір «Көшім» совхозының жұмысына тәптіштеп, толығырақ талдау жасауымыздың себебі мұндағы кемшіліктер—облыстың көптеген шаруашылықтарына тән.

Жалпы алғанда облыстың колхоздары мен совхоздарында егін жинау, мемлекетке астық тапсыру жоспары қанағаттанғысыз жүргізіліп келеді. Егіннің жаппай пісуіне қарамастан, облыстың шаруашылықтарында июль айының 20-на дейін комбайндардың 15 проценті жұмысқа қосылмады. Көптеген шаруашылықтар мен территориялық басқармалардың басшылары егінді бөлектеп жинау әдісін жете бағаламады. Соның салдарынан облыста жүздеген жатқа жөнделмей қалды. Орал өндірістік басқармасының шаруашылықтарында лафетті жатқаның жартысы ғана жұмыс істеп жүр. Теректі ауданындағы «Шаған» совхозында егінді бөлектеп жинау көрінеу көзге бұрмаланған. Совхоз директоры Г. Дедов жолдас «жаздық бидай пісіп кетті және сирек шыққан» деген сылтаумен лафетті жатқаларды тоқтатып тастаған. Сөйтіп, комбайнның жетіспеуіне қарамастан, «Альбидум—43» жұмсақ бидайын түгел тікелей комбайнмен оруға жарлық еткен.

Осы ауданның Мичурин атындағы колхозында тек үш жатқа ғана жұмыс істеген. Егіннің пісіп кеткені соншалық, тіпті колхоз басшылары Н. Тютюма, М. Логвиненко жолдастар қай дақылды бұрын орғызарын білмейді. Қомбайн да, трактор да, астық тазартатын машина да, механизатор да жетіспейді. Жұмысқа жарамды 400 колхозшыдан егін орағында 70-ақ адам жұмыс істейді. Егіннің бірсыпыра

жерін арамшөп басып кеткен; солай бола тұрса да бөлектеп орылмай, тікелей комбайнмен жиналған. Арамшөп аралас дәннің қырманда жатып қызып, бүлініп кететінін не агроном, не колхоз басшылары ескермеген.

Колхозда ұйымдастыру жұмысының, еңбек тәртібінің нашарлығы соншалық, 15 күнде небәрі 787 гектар дәнді дақыл жиналған. Қос басында мәдени-тұрмыс жағдайы жасалмағандықтан бірқатар механизаторлар—комбайнның, тракторын 8—10 километр жердегі колхоз орталығына айдап келіп түнеп жүрген.

Егер Орал өндірістік басқармасы, оның бастығы К. Ружейников, партия ұйымдастырушысы И. Финько жолдастар, ұйымдастырушы-инспекторлар, нұсқаушылар әрбір шаруашылықта алдын ала болып, істің байыбын, әсіресе техниканың әзірлігін жете тексерсе, оны дұрыс бөлсе, егін жинаудың озат әдістерін, оның ішінде бөлектеп жинауды күні бұрын кең таратып, көпшіліктің игілігіне айналдырса, мұндай кемшіліктер болмас еді.

Шыңғырлау ауданында, облыстың басқа аудандарының көптеген колхоздары мен совхоздарында егін бөлектеп орылмайды. Бірқатар шаруашылықтарда егін жинайтын техника өнімсіз пайдаланылады. Соның салдарынан күнделікті 15 гектар норманың орнына облыстың шаруашылықтарында комбайндардың жұмыс өнімділігі орта есеппен небәрі 8,6 гектар болған.

Көптеген шаруашылықтарда автомашиналардың өнімсіз пайдаланылуы, астық тазартудың нашар ұйымдастырылуы салдарынан қырманда мыңдаған пұт астық үйіліп қалған. Сондықтан да облыстың колхоздары мен совхоздары мемлекетке астық өткізудің июль айының төртінші бескүндігіне белгіленген тапсырманы 80 процент қана орындаған.

Қазақстан элеваторы, Пойма қабылдау пункті астық қабылдауға нашар әзірленді. Бұларда асфальтталған алаңдар жасау жоспары орындалған жоқ. Орал элеваторында астық түсіретін механизмдердің әзір еместігінен кейде машиналар екі-үш сағат тұрып қалатын болған.

Ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіру және дайындау жөніндегі облыстық басқарма бастығының бірінші орынбасары Х. Тазетдинов жолдастан егін жинау, мемлекетке астық тапсыру барысының қанағаттанғысыз жүргізілу жайын сұрағанымызда:

—Енді техника да, механизаторлар да жеткілікті. Еліміздің түкпір-түкпірінен жүздеген механизатор келді. Жаңа комбайн мен тракторды, жатқаны көп алып жатырмыз. Қалалардан мыңдаған адам көмекке аттанды,—деп жайбарақаттыққа салынады.

Рас, партия мен үкімет, Қазақстан Компартиясы мен республика Министрлер Советі егін орағы кезінде оралдықтарға зор көмек көрсетіп келеді. Бірақ әңгіменің түйіні сол көмекті қалай пайдалануда, егін жинауда салған бастан ұйымшылдықпен жұмыс істеуде болып отыр. Басқарма басшылары техника, кадр жайының бүге-шігесін күн ілгері лайымдап біліп, іске жете басшылық етсе, ойсыраған кемшілікке жол берілмес еді. Бұл арада басқарма басшыларының кеңсенің үстіңгі қабатынан астыңғы қабатындағы бір ғана Орал өндірістік басқармасына үш жарым айдың ішінде 321 қатынас қағаз жібергенін еске сала кеткен жөн.

Облыстың партия және шаруашылық ұйымдары егін орағының қауырт күндерінде орын алған кемшіліктерді тез жойып, мемлекетке 50 миллион пұт астық өткізу жөніндегі міндеттемені абыроймен орындап шығуға тиіс.

К. ӘЛИАСҚАРОВ.

Бұршақ өсірудің шебері

Жылдағыдан ертерек келген биылғы көктемді қуана-қуана қарсы алған адамдар да көп. Соның бірі—Кимбель еді. Ол бүкіл қыс бойы бұл жазғытұрым шақты асыға күткен. Ол сонау егіс даласын ақ қар, көк мұз басып жатқанда да, жайқалғап жасыл желекті алқапты көз алдына сан рет елестеткен. Қыстың ұзақ түндеріндегі түсте де талай рет көрген ол даланы. Сол даланың түкпірінде сап-сап сары алтыны көмулі жатқандай, күн күлімдеп, жаз шықса сол қазынасына қолы жететіндей ынтызарланып еді Кимбель.

Қыста да ол бір күн бос қарап отыра алған емес. Өзінің достары Николай Галищенко және Петро Шевченкомен бірге ақ қар жамылған айдында тракторларын алып шығып, жал-жал ақ толқын жасап, қар тоқтатқанда, олар бейнебір Антарктиканың түкпіріне жол тартып бара жатқан полярниктерге ұқсаушы еді.

Ақ көрпе жамылған алқапта тракторлар тырнадай тізіліп, белес-белес ақ жалдар сызып бара жатқанда, ол белестер Кимбельдің көзіне қар үймектері емес, десте-десте жембұршақ болып көрінетін. Бұршақтың анасы жер болса, мына ақ қар сол жер-ананың аяулы төсінен шығатын ақ сүт сияқты, өсімдік атаулы сол сүтті еміп өсетін сияқты. Сондықтан да Кимбельдің звеносы, ылғалдың әр тамшысын бос жібермей, егіс даласында ұстаудың шарасын қыс кезінен-ақ ойлап еді.

Мұндай ұқыптылыққа звено адамдарын, әсіресе 1961 жылдың тәжірибесі үйретті. Өткен жылы «Пресногорьков» совхозының жеріне тұңғыш рет жембұршақ себілді. Жә, бұл тек пресногорьковтықтар үшін ғана емес, бүкіл тың көтерген байтақ өлке үшін соны дақыл болды.

«Пресногорьков» совхозының директоры И. М. Раскевич пен бас агроном М. П. Калачов бұл дақылды өсіру жұмысын кімге сеніп тапсыруға болады деп көп ақылдасты.

— Мен білсем, бұл іске білек сыбанып кірісетін бір адам бар,— деді бас агроном. Ол — Кимбель. Олай дейтінім: Кимбель бұрыннан жүгері өсіріп келеді. Ал, бұршақты жүгерінің ағайыны десе де болатындай. Әрі жүгері баптауға арналған машина-жабдық бұршақ егісінде де жұмыс істей алады.

Сол күні Кимбель совхоз орталығына жедел шақыртылды. Басшылар күтпеген жерден бұршақ өсіру туралы ұсыныс айтқан кезде, Михаил Михайлович басын бір шайқады да, өзіне ғана тән жайдары күлкімен жадырай жымып:

— Жарайды, — деді.

Ұсыныс кешірек айтылды, әйтпегенде Кимбель жүгері жеріне қар тоқтатқандай, жатпай-тұрмай жембұршаққа арналып бөлінген алқапқа да ылғал жинайтын еді. Әлі де болса кеш емес, тезірек тыңайтқыш төгіп, екі-үш рет тырма жүргізіп ылғал жапса, жер-ана адал еңбекті жарылқамай қоймас. «Екінші мәрт болса, жер жомарт» деген даналық сөз тәжірибе-сыннан өткен, уақыт елегінен шыққан сөз ғой.

Осылайша Кимбель звеносы 1961 жылдың көктемінде 20 гектар жерге «дала маржаны» деп аталатын оортты жембұршақ септі. Арада

20—30 күн өткеннен кейін жердің беті жайқалып, бұл өңір бұрын-соңды көрмеген түрлі-түсті, жұпар иісті гүлге бөленді. Қайдан келгені белгісіз, енді бұршақ даласына бал арасы да үйір болып алды. Жақсыны бал арасы да таниды.

Ежелден келе жатқан бұршақ дақылы Пресногорьков жерінде қайта жасарып, қаулап өсіп, биіктігі бір жарым метрден асып, арасына адам кірсе жасырды.

«Білекті бірді жеңеді, білімді мынды жеңеді» дегендей, жалғыз білек пен таудай талаптан ғана бұршақ өспейді. Мұнда агротехникаға шешуші сөз беріледі. Кимбельге совхоздың бас агрономы Қалачов жолдас көп көмектесті. Ол бұршақты оқтын-оқтын отау жөнінде кеңес берді. Бұршақ оталған соң дән байлап, доланадай торсып, күннен күнге толыса берді.

Жембұршақпен көршілес учаскеде жасыл жапырақ жайып, жел тұрса қалың ормандай сыңсып ән салып, қаулап өскен жүгері тұрды. Диханның өз бейнетінің зейнетін көретін кезі жақындап келе жатты. Қимбель өккен жембұршақтың қауашақтары қарайып, ішіндегі дәні қатайды. Екіншінің қуанышы қойнына симай кетті.

Өткен жылдың ноябрь айының 22 күні Қимбель арайлап атып келе жатқан таңмен бірге тұрды. Бүгін сағат онда ауыл шаруашылығы қызметкерлерінің аймақтық кеңесі ашылады. Оған Никита Сергеевич Хрушев жолдас қатысады. «Мұндай үлкен кеңеске мені қалай шақырды екен» — деп қояды ішінен Михаил Қимбель. Целиноград таңының аязы далаға шыққан диханның бетін алаулатып, дуылдатып әкетті.

Кеңес басталатын уақыт таянып, Қимбель жүздеген адам жиналған үлкен залға кіргенде, оны жағалай ілінген ірі-ірі портреттердің арасынан өзінің суретін көрді. Денесіндегі барлық қан бетіне шапқан-дай болды. Жүрегі жиілеп соқты. Қимбель өз портретіне өзі қарады. Тынысы жиілеген Қимбельден гөрі портреттегі Қимбель байсалды көрінді. Ол: «Еңбек ер атандырады!» деп тұрған сияқты болды. Қимбельдің портретімен қатар ілінген атакты жүгеріші Қазбек Жапаровтың, тың тарланы Михаил Довжиктің, озат шопан Сақтапберген Ергалиевтің және басқаларының портреттері де Пресногорьковтан келген жембұршақ өсірушіні: «қатарымызға жақсы келдің, жаңа дақылдың жаршысы!» деп құттықтап тұрғандай еді. Ал, баяндамашы Қимбельдің атын атап, мақтап өтті.

Кейіннен президиумде отырып, Михаил Михайлович мұншама құрметтің жалғыз өзінің атына айтылып жатқанын ойлап ыңғайсызданды. «Жембұршақты өсірген жалғыз мен емес, бүкіл звено мүшелері ғой. Николай мен Петро менен кем жұмыс істеген жоқ қой. Бас агроном Қалачов та өз көмегін аяған жоқ. Совхоз директоры Раскевич те халжайды жиі сұрап біліп тұрды» — дейді өзіне өзі Қимбель кеңесте шығып сөйлеушілерді тындай отырып.

Бір кезде председательлік етуші Михаил Михайлович Қимбель жолдасқа сөз берді. Сонда Қимбель 1961 жылдың жазында істелген жұмыс туралы мынаны айтты.

— Біздің звено 1961 жылы тұңғыш рет 20 гектар жерге жембұршақ екті. Тұқымды Герман Демократиялық республикасынан алдырдық. Абырой болғанда тұқым жаңа қонысын жатырқаған жоқ. Бабы келіссе, күтімі болса, агротехниканың айтқаны мүлтіксіз орындалса, біздің жерде өспейтін дақыл жоқ. Біз жембұршақтың әр гектарынан 26 центнерден дән алдық...

Сонда залда талайлар ойға қалды. Жерді күтіп ұстаса, оның берері көп. Бірақ, амал не, агротехника ақсаған салада егінді арамшөп басып, дәнді дақылды буып тастады. Көп жерде өнім төмен болды. Ал, арамшөп атаулыны өз учаскесінен аластаған Қимбельдің сөзін тындап

көріңіз: 1 гектардан 26 центнер астық жинадық! — дейді. Ал, таза дәнін былай қойғанда, 1 гектар жерден 150 центнерден жембұршақ паясының сүрлемі жиналған. Бұл мал үшін қандай тамаша азық десеңізші. «Пресногорьков» совхозының мемлекетке ет пен сүт сату жоспарын ай сайын асыра орындауы осыдан емес пе екен!

Целиноград кенесінде Н. С. Хрущев жолдас өзінің сөйлеген сөзінде өлкенің басқа еңбек ерендерімен бірге Қимбельдің де есімін атады. Ол: «Жүгерінің жақсы серігі — малазығындық бұршақ. Қостанай облысының «Пресногорьков» совхозындағы звено бастығы М. М. Қимбель жолдастың сөйлеген сөзін біздің бәріміз зейін қойып тындадық. Ол әр гектардан 26 центнерден бұршақ алғанын мейлінше қарапайым, түсінікті етіп айтып берді» — дегенде диханның төбесі көкке жеткендей болды.

Қимбель бақыттан кенде адам емес. Балалары өсіп, алды оқуға барып, төрт көзі түгел отыр. Еңбек етсең — емерсін, әл-ауқат та жақсы, совхоз еңбекке ақыны да жақсы төлейді. Әр күннің өзінің қуанышы, өзінің әрекеті, кейде реніші де бар. Бірақ, Қимбель өзін ешуақытта дәл бүгінгідей бақытты сезінген емес. Бүгін оның қарапайым еңбегін сүйікті партиямыз бен Совет үкіметінің басшысы Никита Сергеевич Хрущевтің өзі атап өтті.

Әне, содан кейін Қимбельдің атына хаттар жауа бастады. Совхоздың почта тасушысы Михаил Михайловичтің үйіне күн сайын келетін болды. Хаттардың авторлары әр басқа болғанмен, мазмұны бір. Бәрі де Қимбельді табысымен құттықтап, жаңа жеңістерге жетуге тілек білдіреді, бұршақ өсірудің сырын айтуды өтінеді, кеңес сұрайды.

«Біз сонау даңқты Тың өлкесінен шалғайда жатқан Азербайжан жерінде де жембұршақ өсіріп, сіздің тәжірибенізді үйренсек деп едік, — деп жазады Азербайжан ССР Дивичин аудандық партия комитетінің секретары А. М. Бахышев жолдас. — Сіздің бізге 5—10 килограмм жембұршақ тұқымын посылкамен салып жіберуіңізді сұраймыз».

— Әрине, жіберуге болады, — дейді Қимбель келесі бір конвертті ашып жатып. — Қазан қаласынан Елена Петровна Царукаева деген кісі жазыпты, сірә, ғылыми қызметкер болар.

Иә, ғылыми қызметкер екен. Бұл жолы Михаил Михайловичтен 10 килограмм емес, небәрі он дана ғана жембұршақ дәнін жіберуді өтінілті. «Конвертке салғанда мақтаға орап салуды ұмытпаңыз, үсіп кетіп жүрмесін», — депті хат иесі.

— «Дала маржаны» онша-мұнша суықтан жасқана қоймайды, — деп күледі жембұршақ өсірудің шебері.

Осындай хаттар Қимбельге Новосибирскіден де, Кемероводан да, Удмуртиядан да, көрші жатқан Курган облысынан да келіп жатады. Соның бәріне жауап жазып, авторлардың өтінішін орындауға Қимбель уақыт табады.

Уақыт демекші, соңғы кезде Михаил Михайловичке, әрбір сағаттың өзін еселке алуға тура келуде. Өйткені жер-жерде Қимбельді жембұршақ өсірудің тәжірибесі туралы әңгіме өткізуге шақырады. Сондай бір шақыру хаты Қостанай облыстық партия комитетінен де келді.

«Обком бюросының шешімі бойынша, Сізге бастауыш партия ұйымдары секретарьларының семинарында «Жембұршақтан жоғары өнім алудың тәжірибесі туралы» деген тақырыпта баяндама жасау міндеті жүктеледі» деп жазылыпты хатта.

Ендігі бір шақыру хаты Целиноградтан келді. Көрші жатқан совхоздар шақырады Қимбельді. Облыстың көптеген шаруашығынан келген дихандар Пресногорьковтегі звено бастығының үйінде қонақта болып қайтты. Олар Қимбель мектебінен жембұршақ өсірудің тиімді жолдарын үйреніп, өз жерінде де оқана дақыл егуге зор сеніммен оралды.

Ал, Кимбель болса «Мен жұртты үйретудемін» деп дандайсымай, ғылымның жетістіктерін өзі де талмай үйренеді. Деревня адамдары әлдеқашан ұйқыға жатқан кезде де, көбінесе Кимбель үйінің терезесінен шам сәулесі көрініп тұрады. Сонда стол басында жападан-жалғыз отырған, жасы қырықты алқымдаған, ашаң жүзін күннің ыстығы мен суығы алма кезек аймалаған адамның алдында жембұршақ туралы Г. А. Наливайко, Н. И. Чеканова сияқты ғалым-агрономдар жазған кітапшалар жатады. Ауылшаруашылық машиналары жөнінде жазылған оқулықтар табылады звено бастығының столы үстінен.

Звеноға бекітіп берілген «Беларусь», «ДТ-54» тракторы, 2 культиватор, сүрлем комбайны, жатка, плугтер бар. Тек, сеялка жағы қиын. Заводтар әлі жембұршақ себетін арнаулы сеялка жасап шығарған жоқ болуы керек. Сондықтан бидай себетін сеялқаны жембұршақ себуге бейімдеуге тура келеді. Мұның бәрі де кәзір сақадай сайланған. Жембұршақ пен жүгері себілетін егістік жер екі рет тырмаланды, ылғал дер кезінде жабылды.

Биыл Пресногорьков ауданы мемлекетке 11 миллион пұт астық, 29 700 центнер ет, 108 480 центнер сүт тапсыруға міндеттеме қабылдап отыр. Оған Кимбель звеносының қосатын үлесі неңдей болмақ? Звено биыл 91 гектар жерге жүгері, 73 гектар егістікке жембұршақ екті. Жембұршақтың әр гектарына орта есеппен 30 центнерге жуық өнім алуда. Сөйтіп, Кимбель сертінде тұрды.

Қостанай облысы.

Ш. МҰРТАЗАЕВ.

Баспасөзге шолу

Мақтадан мол өнім алу күресінде

Партияның Орталық Комитеті март Пленумының қаулысына сәйкес колхоз-совхоз өндірісі басқармалары құрылды да, осыған байланысты республикамызда ауданаралық 69 газет шығып жатыр. Бұлар— облыстық партия комитеті мен облыстық совет атқару комитетінің газеттері. Осындай ауданаралық газеттің бірі Оңтүстік Қазақстан өлкесі, Шымкент облысы, Сарыағаш өндірістік басқармасында шығарыла бастаған «Қызыл ту» газеті.

Бұл газет өзінің алғашқы номерлерінен бастап басқармадағы шаруашылықтардың негізгі саласы — мақта мен мал шаруашылығы мәселелерін, озаттар тәжірибесін байыпты да жиі жаза бастады. «Қызыл тудың» май, июнь, июль айларындағы номерлерінде, әсіресе мақтаны күтудің, қой қырқудың, мал азығын дайындаудың барысы жөнінде мақала-хабарлар көп басылды. Бұларды газет «Егін баптауды мұқият жүргізейік», «Мал өнімдерінің молшылығын жасайық» деген жалпы тақырыппен көбінесе бір бетке түгелдей беріп отырған. Онда жеке шаруашылықтарда осы науқандардың барысы, кемшілігі мен жетістігі, озаттар тәжірибесі нақты мысалдармен газет оқушыларының алдына тартылған.

Газет мақтаны баптау, күту жөнінде бірнеше бас мақала жариялаған. Номер сайын басылып отырған ұсақ хабар үстіне, осы мақсатқа арнап 7—8 рет арнайы бет ұйымдастырған. Онда колхоз, совхоз басшыларына, бөлімше басқарушылары мен бригадирлерге, озат мақташылар мен механизаторларға сөз беріп, олардың іс тәжірибесін ортаға салған. 25 июньде «Сүйікті Отанға арзан да сапалы мақтаны мол берейік» деген рубрикамен ұйымдастырылған бетте Ғани Мұратбаев атындағы совхоз еңбеккерлері биыл 2900 гектар жерге егілген мақтаның әр гектарынан 25 центнерден өнім алып, мемлекетке 7250 тонна мақта тапсырмақ болып социалистік міндеттеме қабылдағаны, бұл сертті орындау жолында кәзір жарысты қыздырып, ішкі мүмкіншіліктің бәрін сарқа пайдаланып жатқаны жайында совхоз директоры Д. Камбаров, озат мақташылар Қ. Сманова, Т. Жүсіпбекова, мұрабтар С. Нарқозымов, Т. Раманқұлов, бригадир Т. Әлсеитов, механизатор М. Шүкір оғлы жолдастардың сөздерін оқуға болады.

Сарыағаш өндірістік басқармасының бас агрономы З. Тұрсынбаев жолдас газеттің 5 майдағы номерінде жарияланған «Мақта баптауда агротехникалық ережелерді мұқият сақтайық» деген мақаласында мақтаны баптап, күту жөнінде белгілеген шараларын, жақсы тәжірибесін ортаға салып, мақта өсірудің агротехникалық ережелерін жазады. Мақта жер бетіне көктеп шығысымен-ақ мақташыларға оны баптап, күту жөнінде агрономиялық кеңес беріп, газет дұрыс істеген.

«Біздің мақсат Отанға 40750 тонна «ақ алтын» тапсыру» деген жалпы тақырыппен (16 июнь) берілген хабарларда «Келес», Абай атындағы. Ғани Мұратбаев атындағы совхоздар мен Тельман атындағы

колхозда мақтаны күтудің барысы, мақтаны баптауда, суғаруда ерекше көзге түскен жұмысшылар мен механизаторлардың табысы сөз болып, табыстың кілті ерінбей еткен еңбекте, ұйымшылдықта екеніне баса назар аударылады.

Алдыңғы қатарлы мақташылардың тәжірибесін көпшілікке таратуда, еңбектегі озат әдісті насихаттауда газет түрлі жанрда үлкендікішілі бірсыпыра құнды материал басқан. Мұнда көбінесе сөз сол еңбек иесінің өзіне берілген, ал кейде мазмұны тақырыбына сай келетін, озаттардың табысын баяндап қана қоймай, сол табысқа қалай, не себепті жеткенін, кездескен қиыншылықтар, оларды жою жолында не істелгені жанжақты ашып көрсетілген жап-жақсы очерктер де бар. Осындай тәуір очерктің бірі — «Тюпкошы Аулан Бидаев» (13 июнь) деген очерк. Мұнда автор «Келес» совхозының механизаторы, звено жетекшісі Бидаевтың тәжірибесін баяндайды. Ол өткен жылы өзіне бекітіліп берілген 40 гектар мақтаны жақсы баптап, күтуді, дер кезінде суаруды дұрыс ұйымдастыру арқасында әр гектарынан 25 центнер өнім жинаған. Өзбекстанның атақты мақта өсірушісі Валентин Тюпкомен кездесіп, оның әдісін үйрену үшін Бидаев ол істейтін Янги-юл ауданына биыл әдейі барып қайтқан. Қазір Тюпкодан үйреніп қайтқанын өз учаскесінде қолданып жүр.

Очеркте Бидаевтың өзгелерге өз тәжірибесін үйретіп көмек көрсетіп жүргені де көрсетілген. Сөйтіп оның өз басының қамын ғана ойлап қоймай, «бірі бәрі үшін, бәрі бірі үшін» деген принциптің негізінде үлкен азаматтық істегені ерекше атап айтылған.

Жалпы айтқанда 25 гектар мақтаны қол ұшын тигізбей, тек қана механизм күшімен баптап, гектарынан кемінде 30 центнерден мақта алуға серт берген Аулан Бидаевтың тәжірибесі біркелкі жақсы жазылған деу керек.

«Қызыл ту» редакциясының қызметкерлері мақтаны баптау жұмысын үлгілі жүргізу үшін аудандарда жүзеге асырылып жатқан қажетті шаралардың бәрін, кемшіліктерді де үнемі көрсете отырып, жаңадан құрылған өндірістік басқарманың ауыл шаруашылығына басшылық әдісінен материалдар ұйымдастырады. Өндірістік басқарманың ұйымдастырушы-инспекторы С. Еділов жолдас газеттің 13 июньде басылған «Ұйымдастыру да үлкен өнер» деген мақаласында басқарма қызметкерлерінің, оның ішінде өз жұмысын баяндайды. Еділов жолдасқа Каратас ауданының Энгельс атындағы, Ленин атындағы, Әлішер Навои атындағы, «Қызыл таң» колхоздары бекітіліп берілген. Ол Әлішер Навои атындағы және «Қызыл таң» колхоздарын аралап, жұмыстары кемшіліктер мен жетістіктерді өз көзімен көрген, қолда бар мүмкіндіктерді тиімді, дұрыс пайдалану жөнінде толып жатқан ұсыныстар жасаған. Колхоз басшыларымен бірлесе, кеңесе отырып, кемшіліктерді жоюға септігін тигізетін бірсыпыра шаралар белгілеп, жүзеге асыруға кіріскен. Ол алғаш істеген осы сияқты ұйымдастыру жұмысын нақты дәлелдер мен мысалдар келтіріп айтып берген. Газет бұдан былайғы жерде де басқарманың жеке қызметкерлерінің, мамандарының ауыл шаруашылығына басшылықты жетілдіруі жөніндегі іс тәжірибесін, әдісін, одан шыққан нәтижелерді ылғи жариялап тұрса, оңды болар еді.

Газет жұмысындағы тағы бір жақсы нәрсе — мақта егісі жер бетіне көктеп шыға бастаған кезде — май, июнь айларында мақтаны баптаудың, күтудің, суарудың агротехникасы жайында, мақтаны зиянды жәндіктерден сақтау жайында агрономдардың, ауыл шаруашылығының басқа да мамандарының 3—4 кеңесін берді. Сөйтіп, газет мақта өсірушілерге дер кезінде үлкен көмек көрсетті.

Кейде пенсиядағы қарт адамдарға көп көңіл бөлмей, «қартайған, қажыған адам ғой, олардан не шығар дейсің» деп қарайтындар бар.

Мұндай қарттардың бай тәжірибесін үйрену, жұмыс күші талшы болып жатқан кезде оларды жеңіл-желпі жұмысқа пайдалану қажет екенін кәзір өмірдің өзі көрсетіп отыр. Осыған байланысты Сарыағаш өндірістік басқармасына қарасты колхоздар мен совхоздарда да өжелгі мақташы қарттар көп жерде өз еріктерімен жастарға көмекке келіп, мақтадан мол өнім алу жорығына қатынасқан, мақтаның арам шөбін отасып, суарысқан. Газет қызметкерлерінің осы тәрізді игі бастаманы дер кезінде іліп ала жазуы құптарлық.

«Қызыл туды» «Ауыл ақсақалдары» (6 июнь) деген хабар басылған. Онда «1 май» бөлімшесінде (амал не, совхоз бен ауданның аты жоқ) Аманжол Өтепов бастаған пенсиядағы 12 қарттың 12 гектар мақтаны арам шөптен тазартқаны, 130 гектар мақтаның әр гектарынан 30 центнерден өнім жинау үшін күресіп жатқан бригадаға жұбын жазбай әлі де көмектесіп жүргені айтылады.

Осыдан кейінгі тағы бір хабарда (15 июнь) «Келес» совхозының «Мақташы» бөлімшесінде мақта баптау жұмысына үй шаруасындағы әйелдер мен қарттардың да ұйымдасқан түрде қызу кіріскені, 70 жас-тан асқан Нұржігітов пен Байжігітов ақсақалдардың күндізгі мақта суғару ісін өз міндеттеріне алғаны, олардың басқа жұртпен бірдей еңбек етіп, жас сушыларға ақыл-кеңес беріп отырғаны, бөлімшеде 40-қа жуық қарттың мақта баптауға белсене қатысып жүргені баса көрсетілген. Газетте сондай-ақ, мақта баптау жұмысына мектеп оқушыларының да жаппай көмектескені жайында бірсыпыра хабар бар.

Өз оқушыларына басқармаға қарайтын колхоздар мен совхоздардың экономикасын, мәдениетін, озат адамдарын газет ұдайы таныстырып отырады. «Қызыл тудың» 15, 21, 23 июньде шыққан номерлерінде «Дарбаза», Фани Мұратбаев атындағы, «Күйік» совхоздары жөнінде арнаулы бет беріліп, бұл совхоздардың өсу жолы, алдыңғы қатарлы адамдары көрсетілген.

Газет мақтадан нысаналы өнім алу жорығына қалың жұртшылықты, әсіресе мақта өсірушілерді түгелдей жұмылдыру мақсатымен соңғы номерлерінде, «Мақташы! Баптай білсең егінді, мол аласың өнімді», «Мақташы! Июль — өнімді арттырудың шешуші айы» деп үндеу тастап та бірсыпыра құнды материалдар жариялаған.

Партияның Орталық Комитеті март Пленумының қарарларын насихаттауда, мақта шаруашылығын дамыту, оның әрбір гектарынан кемінде 25 центнерден өнім алу жолындағы күреске ауыл шаруашылығы еңбеккерлерін жұмылдыру жөнінде «Қызыл ту» газетінің алғашқы қадамы, кәзіргі беталысы жаман емес.

Алайда, газет жұмысындағы кемшіліктерді де айту орынды. «Қызыл туды» басылған материалдардың басым көпшілігі жәй хабарлар. Оларда жеке озаттардың жұмыс тәжірибесі көбінесе ашып көрсетілмей, «нормасын пәлен процент орындады», «қажырлы еңбегінің арқасында пәлен центнер өнім алды, пәлен литр сүт сауды» деген сияқты хабарлаудан басқа талдау, түсіндіру, жұмыс әдісін көрсету болмайды.

Газет материалдарының жазылу стилі, тілі айтарлықтай тартымды келмейді. Пікір қайшылықтары, баспасөзде қолдануға болмайтын жекелеген жергілікті сөздер, оралымсыз сөйлемдер, қисынсыз теңеулер мұнда көп кездеседі.

Оңтүстік Қазақстан өлкесінің колхоздары мен совхоздарының алдына партия мен үкімет, Н. С. Хрущев жолдастың өзі мақтаның гектарынан кемінде 25 центнерден өнім алу міндетін қойғаны жұртқа мәлім. Ал газет гектарынан 21—22 центнер өнім алу үшін күресушілерді жұртқа үлгі етіп көрсетеді (20 майдағы бас мақала мен «Екі нормадан» деген хабарда) әрбір қойдан қырқылған 5 килограмм жүнмен бірге 2—3 килограмм жүнді де, әр жүз саулықтан алынған 177 қозымен бірге 118 қозыны да жоғары көрсеткіш деп есептейді.

Газет өзінің «Біздің мақтанышымыз» деген хабарында минеральды су, шарап жасайтын заводтың жұмысын жазады да, хабардың соңғы жағына «аяккіім жөңдейтін цех коллективі алда келеді» дейді, сонда шарап заводында аяккіім цехы болғаны ма (?!)

Тағы осы номердегі «Бағаналы тауының бауырайында» деп аталатын мақалада «Оның отарындағы саулықтан 680 аналық қой қоздал, әр жүзге 118 қозыдан келіп отыр» деген сөйлем бар. Мұнда саулық дегеннен кейін оны аналық қой деп қайталаудың қанша қажеті бар. Газеттің осы бетіндегі Қ. Ардабаев жолдастың «Молшылық жолында» деген мақаласында «қойды қолдан қашыру (?) тәрізді озат әдіс», «әр жүз саулықтан 182 қозы алуға жетісті» деген сияқты ұнамсыз тіркестер бар.

«Қабыршақ құрсауындағы жас көшеттердің көз жасына кім қалмақ?» (9 май күнгі номердегі «Мақта егу мен баптаудағы олқылықтар» деген материалда), газеттің осы номеріндегі «Пікірлер түсті талқыға» деген мақалада «Қыз бен жігіт дауыстары қатар естіліп, қайқаң қағады», «Құлақ шекелерін жасыра шарт түйіп тастаған бірөңкей сұңқарлар сан міндетті орындауда», «әр 5—6 минутта бір қойдың ескі тонын сылып (?) ап жатыр», «кездейсоқ кертіле қалған жеріне дәрі жаруда өкеуі» деген сөйлемдер мен теңеулер газетте жиі кездеседі.

Газет қызметкерлерінің — журналистердің ойы айқын, тілі жатық, көпшілік бұқараға түсінікті болуы керек. Ауызекі сөйлескенде қолданылатын жеке ескірген сөздерге бой ұра берудің қажеті жоқ. Газет тілі жалпы халық тілінің, қазақтың кәзіргі әдеби тілінің жоғары талаптарына сай болуға тиіс.

Газет бетінен халқымыздың өмірінің барлық саласы да орын алып отыруы керек. Ал «Қызыл ту» газетінде мәдени-ағарту мекемелерінің, балалар бақшаларының жұмысы, ескіліктің, әсіресе семья, неке, үй тұрмысы саласындағы зиянды қалдықтарына қарсы күрес мәселесі, қоғамдық негізде істеліп жатқан жұмыстар жайлы материалдар жоқтың қасы.

Бұлар сияқты кемшіліктер ауданаралық газеттердің жұмысын жақсарту, олардың редакцияларын тәжірибелі де білімді журналистермен ұдайы нығайтып отыру жөнінде облыстық партия комитеттерінің тынбай қамқорлық жасауға міндеттейді.

РЕДАКЦИЯ КОЛЛЕГИЯСЫ:

Ордабаев Б. (бас редактор), Айтмағамбетов З.,
Әбілдаев Қ., Бейсенбаев С., Жанкелдин Т., Менді-
баев Қ., Ыдырысов Т.

Редакция адресі:
Алматы қаласы,
Комсомол көшесі, 103.
Тел. 2-23-03, 2-24-95.

3/VIII-1962 ж. басуға қол қойылды, қағаз 70×108^{1/16}, 2,5 қ. — 6,85 авт. т.
Тир. 20045. УГ05854

ҚКП Орталық Комитеті жанындағы республикалық газет-журнал баспасы. Заказ 940.

THE UNIVERSITY OF CHICAGO LIBRARY

PHYSICS DEPARTMENT

RESEARCH REPORT

PHYSICS DEPARTMENT

PHYSICS DEPARTMENT

PHYSICS DEPARTMENT

PHYSICS DEPARTMENT

PHYSICS DEPARTMENT

PHYSICS DEPARTMENT

PHYSICS DEPARTMENT

PHYSICS DEPARTMENT

PHYSICS DEPARTMENT

PHYSICS DEPARTMENT

PHYSICS DEPARTMENT

PHYSICS DEPARTMENT

PHYSICS DEPARTMENT

PHYSICS DEPARTMENT

PHYSICS DEPARTMENT

PHYSICS DEPARTMENT

PHYSICS DEPARTMENT

PHYSICS DEPARTMENT

PHYSICS DEPARTMENT

PHYSICS DEPARTMENT

PHYSICS DEPARTMENT

PHYSICS DEPARTMENT

PHYSICS DEPARTMENT

PHYSICS DEPARTMENT

PHYSICS DEPARTMENT

PHYSICS DEPARTMENT